Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті

ӘОЖ 341(043) Қолжазба құқығында

ЖУНИСОВ ЖАСУЛАН СЕЙТКАРИМОВИЧ

Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің заңнамаларын біріздендіру және үйлестіру: ЕурАзЭҚ және ЕАЭО тетіктерінің ерекшеліктері

«6D030200 – Халықаралық құқық»

Философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу
үшін дайындалған диссертация

Отандық ғылыми кеңесші:
Заң ғылымдарының докторы, доцент
Айдарбаев С.Ж.

Шетелдік ғылыми кеңесші:
Заң ғылымдарының докторы,
Макс Планк атындағы салыстырмалы
жария және халықаралық құқық
институты профессоры
Хартвиг Маттиас (Hartwig Matthias)
Германия, Гейдельберг

Қазақстан Республикасы
Алматы, 2025 ж.

МАЗМҰНЫ

НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР..... 3
БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР..... 4
КІРІСПЕ..... 5
1 МЕМЛЕКЕТТЕРДІҢ ҰЛТТЫҚ ЗАҢНАМАЛАРЫН БІРІЗДЕНДІРУДІҢ ЖӘНЕ ҮЙЛЕСТІРУДІҢ ТҰЖЫРЫМДЫҚ НЕГІЗДЕРІ..... 12
1.1 Ұлттық құқықтық жүйелерді жақындастырудың түсінігі..... 12
1.2 Мемлекеттердің ұлттық заңнамаларын жақындастырудың еуропалық тәжірибесі және үйлестіру тәсілі мен мемлекеттен үстемділік қағидасының арақатынасы..... 22
1.3 Ұлттық заңнамаларды жақындастырудың жолдары..... 35
2 МЕМЛЕКЕТТЕРДІҢ ЗАҢНАМАЛАРЫН БІРІЗДЕНДІРУ ЖӘНЕ ҮЙЛЕСТІРУ БОЙЫНША ЕУРАЗИЯЛЫҚ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ҚОҒАМДАСТЫҚТЫҢ ТЕТІКТЕРІ..... 46
2.1 Еуразиялық экономикалық қоғамдастықтың қалыптасуы және оның мүше-мемлекеттері заңнамаларын жақындастыру тетіктері: жалпы сипаттама..... 46
2.2 ЕурАзЭҚ Парламентаралық Ассамблеясының мемлекеттер заңнамаларын жақындастырудағы рөлі..... 58
2.3 Мүше-мемлекеттердің заңнамаларын біріздендіру және үйлестірудегі ЕурАзЭҚ актілерінің рөлі..... 67
2.3.1 Ресей заңнамасын үйлестіру мен біріздендірудегі Еуразиялық экономикалық қоғамдастық актілерінің рөлі..... 68
2.3.2 Беларусь Республикасының заң шығару қызметінде Еуразиялық экономикалық қоғамдастық актілерін қолдану..... 72
2.3.3 Еуразиялық экономикалық қоғамдастықтың Парламентаралық Ассамблеясының актілерін қолдана отырып, Қырғызстан мен Тәжікстанның заңнамаларын үйлестіру және біріздендіру мәселелері..... 77
3 БІРІЗДЕНДІРУ МЕН ҮЙЛЕСТІРУ БОЙЫНША ЕУРАЗЭҚ-ТЫҢ СОТТЫҚ НЫСАНЫ ЖӘНЕ ЕАЭО-НЫҢ ПАЙДА БОЛУЫНАН КЕЙІН МҮШЕ-МЕМЛЕКЕТТЕР ЗАҢНАМАЛАРЫН ЖАҚЫНДАСТЫРУ ТӘСІЛДЕРІНІҢ ӨЗГЕРУІ..... 84
3.1 Мүше-мемлекеттердің заңнамаларын біріздендіру және үйлестіру бойынша Еуразиялық экономикалық қоғамдастықтың соттық нысаны..... 84
3.2 Еуразиялық экономикалық одақтың қалыптасуы..... 94
3.3 Еуразиялық экономикалық одақтағы тіке қолданылатын актілердің басымдығы (ЕАЭО Кеден кодексі жобасын дайындау мысалы)..... 105
ҚОРЫТЫНДЫ..... 118
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ..... 127

НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

1. МемСТ 7.32-2017 «СИБИД. Ғылыми-зерттеу жұмыстары туралы есеп. Құрылым жане рәсімдеу ережесі» (түзетулер);

2. МемСТ 7.88-2003 «Ақпараттар, кітапханалық және баспа ісі бойынша стандарттар жүйесі. Жарияланымдардағы тарау атауларын және тарау атауларындағы сөздерді қысқарту ережелері».

БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

АҚ	Акционерлік қоғам
БАӘ	Біріккен Араб Әмірліктері
БҰҰ	Біріккен Ұлттар Ұйымы
БР	Беларусь Республикасы
ғ.	ғасыр
ғғ.	ғасырлар
ДКҰ	Дүниежүзілік кеден ұйымы
ДСҰ	Дүниежүзілік сауда ұйымы
ЕАЭО	Еуразиялық экономикалық одақ
ЕО	Еуропа Одағы
ЕЭК	Еуразиялық экономикалық комиссия
ЕурАзЭҚ	Еуразиялық экономикалық қоғамдастық
ж.	жыл(ғы)
жж.	жылдар(ы)
ЖШС	жауапкершілігі шектеулі серіктестік
КК	Кеден кодексі
КО	Кеден одағы
КСРО	Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы
ҚР	Қазақстан Республикасы
ПАА	Парламентаралық Ассамблея
РФ	Ресей Федерациясы
СЭҚ	сыртқы экономикалық қызмет
ТМД	Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы
ТН	Тауарлық номенклатура
ҰК	ұлттық компания
ҰКП	ұлттық кәсіпкерлер палатасы
ХЖҚ	халықаралық жеке құқық

КІРІСПЕ

Диссертациялық жұмыстың жалпы сипаттамасы. Зерттеу жұмысы Еуразиялық экономикалық одаққа мүше-мемлекеттердің заңнамаларын біріздендіру және үйлестірудегі ЕурАзЭҚ тетіктерінің ерекшеліктерін анықтауға арналған. Диссертациялық жұмыста ұлттық құқықтық жүйелерді жақындастырудың түсінігі айқындалды, ұлттық заңнамаларды жақындастырудың жолдары белгіленді, мемлекеттердің ұлттық заңнамаларын жақындастырудың еуропалық тәжірибесі қарастырылды және үйлестіру тәсілі мен мемлекеттен үстемділік қағидасының арақатынасы анықталды. Сонымен қатар, ЕурАзЭҚ-ның қалыптасу тарихына шолу жасалды және ЕурАзЭҚ-қа мүше-елдердің заңнамаларын жақындастыру тетіктеріне жалпы сипаттама берілді, заңнамаларды жақындастырудағы ЕурАзЭҚ Парламентаралық Ассамблеясының рөлі анықталып, мүше болып табылатын мемлекеттердің заңдарын біріздендіру мен үйлестіру ісінде Қоғамдастықтың нормативтік құжаттарының маңызы талданды.

Бұған қоса, Қоғамдастыққа мүше болып табылатын мемлекеттердің заңдарын біріздендіру әрі үйлестіруде ЕурАзЭҚ-тың соттық нысаны зерттелді, Еуразиялық экономикалық одақтың қалыптасуына шолу жасалды, Еуразиялық экономикалық одақтағы тікелей қолданылатын актілердің басымдығы талданды. Бұл ғылыми зерттеу ЕАЭО-ға мүше-мемлекеттердің заңнамаларын біріздендіру және үйлестірудегі ЕурАзЭҚ тетіктерінің ЕАЭО-ға қарағандағы ерекшеліктерін айқындайтын бірегей зерттеу болып табылады.

Зерттеу тақырыбының өзектілігі. 2020 жылдың 19 мамыр күні ҚР Президенті Қ-Ж.К. Тоқаев Жоғарғы Еуразиялық экономикалық кеңестің кезекті отырысына бейне-конференция форматы арқылы қатысу кезінде «Еуразиялық экономикалық интеграцияның 2025 жылға дейін дамуының стратегиялық бағыттары туралы» құжаттың жобасына ерекше көңіл бөлген еді. Президенттің пікіріне сәйкес интеграциялық жұмыс ұлттық құқықтық жүйенің ерекшеліктерін ескеруі тиіс және ұлттық заңнамаларды үйлестіру әрі біріздендіру мәселелерін қарастыру барысында «керекті жеткілік» қағидасына негізделуі қажет. Президенттің айтуынша Стратегияда ұсынылып отырған бірқатар салаларда (атап айтқанда, кеден ісі, техникалық реттеу, тұтынушы құықтарын қорғау салалары) құқықтық, яғни әкімшілік және қылмыстық жауапкершілікті белгілеу жағынан заңнаманы «үйлестіру және біріздендіру» әзірше ақылға сыйымды жеткіліктілік принципіне сәйкес келмейді. Ал бұл мәселе Стратегияны ұлттық қоғамдық пікірдің қабылдамай қоюына алып келеді, өйткені Стратегия үкіметтер мен парламенттің егеменді құқықтарын шектейді», - деді Президент [1]. Байқап отырғанымыздай еліміздің басшысы ұлттық заңнаманы біріздендіру және үйлестіру мәселесіне үлкен жауапкершілікпен қарау керек деген көзқарасты ұстанады және біріздендіру мен үйлестіруді кез келген жағдайда әрі кез келген мәселелерге қатысты қолдана беруіне қарсы. Бұл өте дұрыс ұстаным, өйткені бұл мәселелер әрқашан мемлекеттің егемендігін шектеуге қатысы бар.

Қазақстан Республикасының құқықтық саясатының тұжырымдамасына сәйкес мемлекеттің сыртқы экономикалық саясаты көп жақты экономикалық интеграциялық бірлестіктер мен халықаралық ұйымдарда мемлекет мүдделерін ілгерілету және қорғау, экономикалық дипломатия құралдарын қолдану арқылы әлемдік экономикаға одан ары интеграциялануға бағытталады. Осыған орай ұлттық заңнаманың едәуір бөлігі ары қарай да Қазақстан Республикасының халықаралық құқықтық мінедеттемелерінің әсерімен қалыптаса бермек (6-бөлімнің 2 және 3 абзацтары) [2].

Интеграциялық үрдістердің маңызды құрамдас бөліктерінің бірі болып құқықтық саясат саласындағы мемлекетаралық үйлестіру және біріздендіру болып табылады. Мемлекеттердің қажеттіліктері мен осындай үйлестіруге мемлекеттің дайын болуына байланысты ол жекелеген құқықтық шешімдерден бірыңғай құқықтық кеңістікті қалыптастыруға дейін созылуы мүмкін. Құқық саясаты саласындағы интеграциялық үрдістер мен үйлестіру бір-біріне тығыз байланысты түсініктер болып келеді: интеграция дегеніміз бірыңғай әлде бір-біріне ұқсас болып келетін заңи ережелерді орнатпаса орын алмайды. Ал мұндай ережелер интеграцияның одан әрі дамуына итермелейді. Адам қоғамындағы көптеген қатынастардың кейбір жекелеген бағыттарын бірдей қалап, регламенттейтін заңи ережелерді даярлау қызметі заңтануда заңдарды (құқықты) біріздендіру, үйлестіру және құқықтық жүйелердің жақындасуы атауына ие болды.

Соңғы жылдары құқықты біріздендіру мен үйлестіруге қызығушылық үнемі артып келеді. Бұл ретте құқықтық жүйелердің жақындасуы жаһандық құбылыс ретінде де, ары қарай үнемі дамып отыратын үрдіс ретінде де қарастырылады. Отандық және шетелдік заңтану бойынша әдебиеттерде біріздендіру мен үйлестіру зерттеудің басым тақырыптарының бірі болып отыр.

Бірыңғай және біркелкі құқықтық нормалар қазіргі кезде халықаралық, сондай-ақ мемлекетішілік құқықтың неғұрлым серпінді дамып келе жатқан бөлігін құрайды. Халықаралық органдар мен ұйымдар шегінде құқықтық реттеуді жақындастыруға бағытталған жаңа құжаттардың едәуір санын әзірлеу бойынша белсенді жұмыс жүргізілуде.

Әдебиетте құқықтың жақындасуы бағытындағы жалпы теориялық мәселелерге аз көңіл бөлінеді. Сонымен қатар, бірыңғай құқықтық реттеудің жалпы проблемалары ерекше қызығушылық тудырады, өйткені құқықты біріздендіру және үйлестіру қазіргі уақытта да, болашақта да құқықты дамытудың маңызды үрдістерінің бірі ретінде қала бермек.

Біріздендіру процесін түсіндірудің алуан түрлілігі құқық доктринасындағы «біріздендіру» ұғымының тұтастығы туралы айтуға мүмкіндік бермейді.

Зерттеудің өзектілігі еліміздің құқықты біріздендіру және үйлестіру бойынша көптеген халықаралық келісімдерге қатысуына, сондай-ақ оның біріздендіру мен үйлестіруді іске асыру бойынша әмбебап және аймақтық тетіктер қызметіне қатысуына негізделген (БҰҰ, оның мамандандырылған мекемелері, халықаралық жеке құқық бойынша Гаага конференциясы), жеке

құқықты біріздендіру халықаралық институты (УНИДРУА), ДСҰ, ЕАЭО, т.б. Қазақстан үшін құқықтық реттеудің жақындасуы ерекше маңызға ие.

Әртүрлі интеграциялық топтармен әріптестік қатынастарды жолға қою осы бірлестіктер шегінде қалыптасқан біріздендірілген және үйлестірілген құқықтық кеңістік негізінде құқықтық саясатты үйлестіру және құқықты жақындастыру қажеттілігін болжайды. Ақыр соңында, еліміздің құқықтық жүйесін жетілдіру кезінде қолданыстағы біріздендірілген әрі үйлестірілген құқықтық режимдерді пайдалану өзекті болып табылады.

Көптеген халықаралық және интеграциялық ұйымдар ішінен Қазақстан үшін ең маңыздыларының бірі ЕАЭО екені күмән туғызбайды. Ал, ЕАЭО-ның интеграциялық бірлестік болып қалыптасуына ЕурАзЭҚ және оның Кеден Одағы ықпал еткені мәлім. Ең алғашқы ірі біріздендірілген және үйлестірілген актілер осы ЕурАзЭҚ шеңберінде қабылданған еді. Сонымен бірге, ЕАЭО шеңберінде үйреншікті болып қалған бірқатар институттар да ЕурАзЭҚ шеңберінде сыннан өткен болатын. Осы жағынан да, өзге де саяси не заң тұрғысынан да, Қоғамдастық практикасы Еуразиялық экономикалық пен мемлекеттердің өзге де ұйымдары үшін маңызы зор.

Жоғарыда аталған жәйттардың барлығы ұсынылып отырған бұл ғылыми еңбектің, оның тақырыбының аса өзекті екендігін білдіреді.

Диссертациялық зерттеудің мақсатымен міндеттері. Диссертация **мақсаты** – ЕАЭО-ға мүше болып табылатын мемлекеттердің заңнамаларын біріздендіру және үйлестірудегі ЕурАзЭҚ тетіктерінің ерекшеліктерін анықтау болып табылады.

Осы мақсатқа жету үшін келесі **міндеттер** белгіленді:

- ұлттық құқықтық жүйелерді жақындастырудың түсінігін айқындау;
- мемлекеттердің ұлттық заңнамаларын жақындастырудың еуропалық практикасын қарастыру және үйлестіру тәсілі мен мемлекеттен үстемділік қағидасының арақатынасын анықтау;
- ұлттық заңнамаларды жақындастырудың жолдарын белгілеу;
- ЕурАзЭҚ-тың қалыптасу тарихына шолу жасау және Еуразиялық экономикалық қоғамдастыққа мүше-елдердің заңнамаларын жақындастыру тетіктеріне жалпы сипаттама беру;
- заңнамаларды жақындастыру ісіндегі ЕурАзЭҚ Парламентаралық Ассамблеясының рөлін анықтау;
- мүше болып табылатын елдердің заңдарын біріздендіру және үйлестіру ісіндегі Қоғамдастықтың қабылдайтын актілерінің орны мен маңызын талдаудан өткізу;
- Қоғамдастықтың мүшесі болып табылатын мемлекеттердің заңдарын біріздендіру және үйлестірудегі ЕурАзЭҚ-тың соттық нысанын зерттеу;
- Еуразиялық экономикалық одақтың қалыптасуының заңи қырларына шолу жасау;
- ЕАЭО Кеден кодексі жобасын дайындау үдерісін мысалға ала отырып Еуразиялық экономикалық одақтағы тікелей қолданылатын актілердің басымдығын талдау.

Диссертациялық зерттеудің объектісі мен пәні. Диссертациялық зерттеудің объектісі – Еуразиялық экономикалық қоғамдастыққа мүше-мемлекеттердің заңнамаларын біріздендіру және үйлестіру процесі төңірегінде қалыптасқан қоғамдық қатынастар.

Диссертациялық зерттеудің пәні – ЕАЭО-ға мүше-мемлекеттердің заңнамаларын біріздендіру мен үйлестірудегі ЕурАзЭҚ тетіктерінің құқықтық ерекшеліктері.

Диссертациялық зерттеудің әдістемелік негіздері. Диссертациялық зерттеуді жүргізу барысында автор диалектикалық, қисындық, жүйелі, салыстырмалы, талдау және тарихи әдістерді қолданды. Автор кешенді тәсілді қолдану арқылы ЕурАзЭҚ шеңберіндегі интеграциялық үрдістерге әсер еткен факторлар жиынтығын ескерді. Кешенді тәсіл, өз кезегінде, фактілер мен оқиғаларды тарихи кезеңнің ерекшеліктерін ескере отырып зерттеуді талап ететін объективтілік пен тарихи әдістерге сүйенеді.

Диссертациялық зерттеуде қолданылған жалпы ғылыми әдістер ішінен тарихи және құқықтық талдау әдісін ерекше атап өту керек, өйткені бұл әдістер интеграциялық процестердің динамикасын және посткеңестік кеңістікте орын алған оқиғалардың әсерін талдауға мүмкіндік берді.

Диссертациялық зерттеудің эмприкалық негізі. Еуразиялық экономикалық одаққа мүше-мемлекеттердің заңнамаларын біріздендіру және үйлестірудегі ЕурАзЭҚ тетіктерінің ерекшеліктерін ЕурАзЭҚ Сотында қарауға байланысты сот тәжірибесін талдаудан тұрады. Сонымен қатар, автор интеграция органдары мен жоғары мемлекеттік органдардың статистикасы мен ресми есептерін, аналитикалық материалдарды мен тақырып бойынша ғылыми жарияланымдарды пайдаланды. Бұл болса ЕАЭО-ға мүше-мемлекеттердің заңнамаларын біріздендіру және үйлестіруге байланысты ЕурАзЭҚ тетіктерінің ерекшеліктері туралы барынша объективтік түсінік алуға мүмкіндік береді.

Диссертациялық зерттеудің теориялық негіздері. Диссертацияны орындау барысында автор отандық және шетелдік (ең алдымен, бұрынғы КСРО елдерінің – беларустық, ресейлік, қырғызстандық, және алыс шетелдік) ғалымдардың еңбектеріне сүйенді. Интеграция тақырыбына және соның ішінде құқық пен заңнаманы біріздендіру мен үйлестіру бағытында еңбектері бар отандық ғалымдардың арасынан келесілерді ерекше атап өту керек: С.Ж. Айдарбаев, С.Т. Алибеков, А.А. Арупов, А. Амребаев, З.М. Баймагамбетова, Ж.Д. Бусурманов, Ж. Закиева, Ж.Т. Искакова, М. Кадыркулов, А.К. Кошанов, Т.А. Мансуров, Л. Музапарова, Д.Ш. Мухамеджанова, А.М. Сарсенов, В. Ясинский, және т.б.

Шетелдік және ТМД ғалымдары ішінен келесілерді ерекше атап өтуге болады: М.П. Бардина, С.В. Бахин, И.Л. Бачило, М. Браун, Н.Г. Вилкова, Г. Дейвис, Н.Г. Доронина, Я.В. Земляченко, С.Ю. Кашкин, Е.А. Крутий, А. Кудачкин, В.В. Кудашкин, П.А. Калиниченко, А. Либман, М.Н. Марченко, С.К. Магомедов, Ш.Р. Мустакимов, Т.А. Нурматов, А.В. Обыденкова, Н.Н. Остроумов, Г.А. Пакерман, Е.Е. Рафалюк, О.Н. Садиков, Б. Тернер, А.О. Четвериков, Л.В. Царева, К. Хартвел, М.Л. Энтин және т.б.

Диссертациялық зерттеудің ғылыми жаңалығы – Еуразиялық экономикалық одаққа мүше-мемлекеттердің заңнамаларын біріздендіру және үйлестірудегі ЕАЭО тетіктерінің ерекшеліктеріне қатысты мәселелерді жаңа, сыни көзқараспен, жан-жақты, объективті әрі толық қарастырудан тұрады. Нақтылап айтсақ, мүше болып табылатын елдердің ішкі заңдарын жақындастырудың (біріздендіру/үйлестіру) концептуалды іргетасы түрлі позициялар бойынша зерттелді, осы бағытта қалыптасқан Еуропа Одағының бай тәжірибесі қарастырылды және мүше болып табылатын елдердің ішкі заңдарын жақындастырудың әртүрлі нысандары арасындағы қарым-қатынастың ерекшеліктері белгіленді. Қоғамдастықтың мүшесі болып табылатын мемлекеттердің заңдарын жақындату тетіктері талданып, зерттеліп отырған саладағы Қоғамдастықтың Парламентаралық Ассамблеясының орны мен маңызы анықталды және және елдердің ішкі заңдарын жақындастырудағы ЕурАзЭҚ актілерінің рөлі белгіленді. Мүше-мемлекеттердің заңнамаларын біріздендіру және үйлестіру саласындағы Еуразиялық экономикалық қоғамдастықтың соттық нысаны мен Қоғамдастықта тіке қолданылатын актілердің басымдығы терең зерттелді. Маңызды болып табылатын мәселелер бойынша автордың өз ұстанымы мен көзқарасы білдірілді.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы төмендегі **қорғауға шығарылатын тұжырымдар** арқылы да өз көрінісін табады:

1) Заңнаманы жақындастыру, үйлестіру және біріздендіру құқықтық интеграцияның негізгі нысандары болып табылады. Заңнамаларды үйлестіру мен жақындастыру халықаралық деңгейдегі басым көпшілік жағдайларда ұқсайтын түсініктерді білдіреді. Ол түрлі елдердің заңдары мен нормативтік құқықтық актілерін жақындатуға, олардың айырмашылықтарын азайтуға, тіпті оларды жоқ қылуға ұмтылған процесс;

2) Біріздендіру мен үйлестіру құқықты жақындатудың қос нысаны.

Біріздендіру – әртүрлі елдердің ұлттық заңнамасында (құқығында) біртектес, бір-біріне ұқсас ережелерді орнату болып табылады.

Құқықты үйлестіру – түрлі елдердің заңнамалары арасындағы айырмашылықтарды жою және азайту. Мемлекеттер тәжірибесінде олардың ішкі заңнамаларының дамуы үйлестіру элементтері есебінен жүзеге асырылып, елдердің заңнамалары бір-біріне әсер етіп отырған.

3) Мемлекеттер заңнамаларын жақындастыру ісіндегі Еуропа Одағының мол тәжірибесі Еуразиялық экономикалық қоғамдастық шегінде пайдаға аспады. Еуропа Одағындағы аймақтық интеграцияның басты қағидаларының бірі – «ішкі биліктен басым болу», «интеграция құқығының тіке пайдаланылуы» қағидалары кеңінен қолданылған болса, Еуразиялық экономикалық қоғамдастықта бұл қағидалар қолданыла алмады.

Оның басты себебі – Еуразиялық экономикалық қоғамдастыққа қатысушы елдердің «ұлттық биліктен басымдық» және «интеграциялық құқықтың тікелей қолданылуы» қағидаларын жүзеге асыруға дайын болмауы. Аталған екі қағида кейінірек Еуразиялық экономикалық одақ шеңберінде ғана қолданыла басталды.

4) Еуразиялық экономикалық қоғамдастықтың өзге интеграциялық бірлестіктерден үлкен айырмашылығы – мүше болып табылатын елдердің ішкі заңдарын жақындатумен айналысатын арнайы органның болуы. Ол орган - Парламентаралық Ассамблея. Басқа интеграциялық бірлестіктерде мұндай арнайы орган кездесе бермейді.

5) ЕурАзЭҚ-қа мүше-мемлекеттердің ұлттық заңнамаларын үйлестірудің (жақындастырудың, біріздендірудің) заңи базасы ТМД шеңберінде қалыптаса бастады. ТМД-ның Парламентаралық Ассамблеясы үлгілі (модельді) заңдар мен ұсынымдарды дайындауға заңнамаларды үйлестіру бойынша халықаралық тәжірибені қолдана отырып кірісіп кеткен еді.

ЕурАзЭҚ-тың Парламентаралық Ассамблеясы Беларусь, Қазақстан, Ресей мен Қырғызстанның 1996 жылғы 29 наурызындағы «Экономикалық және гуманитарлық салалардағы интеграцияны тереңдету туралы» шартының негізінде әрекет еткен Парламентаралық комиссияның ізбасары (мирасқоры) болып табылады.

Парламентаралық Ассамблея жоғарғы заң шығарушы органдары арасындағы ынтымақтастықтың органы ретінде ішкі заңдарды үйлестіру бойынша Парламентаралық Комиссияның ішкі заңдардың қабылдануына негіз болатын модельдік (үлгілі, типтік) жобаларды әзірлеу және әртүрлі салалық заңдарды үйлестірудегі ұсынымдар әзірлеу сияқты бағыттардағы жұмысын жалғастырып кетті.

6) ЕурАзЭҚ-тың моделдік заңнамасының айқын артықшылықтарымен қатар, кейбір кемшіліктері де бар. Атап айтқанда, «Білім туралы» үлгілік заң мәтініндегі мектепке дейінгі білім беру жүйесі мен жалпы білім беру жүйесі арасындағы байланыстың белгісіздігі мемлекеттердің оны ұлттық заңнамаға енгізуден бас тартуына негіз болды. ЕурАзЭҚ-тың үлгілік актінің мәтіні мен РФ-ның зейнетақы заңнамасы және Ресейдің зейнетақы саясаты арасындағы сәйкессіздік фактісі дәл осындай нәтижеге әкелді.

Кейбір үлгілік актілердің өзі ұлттық заңнаманың серпінді дамуына (мысалы, Ресейдің банк заңнамасы) ілесе алмай, мүше мемлекеттердің заңнамалық тәжірибесінен артта қала бастады. Бұған ЕурАзЭҚ шеңберінде әзірленген үйлестіру және біріздендіру жүйесінің ерекшеліктері себеп болды, бұл кезде жекелеген мүше мемлекеттерге типтік жобаларды әзірлеуге рұқсат етілді, бұл Қоғамдастықтың біртұтас, біркелкі әрі үйлесімді заңи тәртібін орнатуда бірқатар проблемалар туғызар еді.

7) ЕурАзЭҚ-қа мүше болып табылатын мемлекеттердің заңдарын біріздендіру және үйлестіру бойынша Қоғамдастықтың соттық нысаны ЕурАзЭҚ Сотының үш жылдық қызметінде өзінің толық көрінісін тапты. Оны Соттың үш жылдық соттық практикасы дәлелдеп отыр.

Зерттеу нәтижелерінің теориялық және практикалық маңыздылығы. Жұмыстағы теориялық ережелер мен ұсынымдар халықаралық құқық ғылымының, мемлекет пен құқық теориясының, салыстырмалы құқықтанудың бірқатар теориялық және әдіснамалық мәселелерін шешу барысында қолданылуы мүмкін. Диссертация ережелері үкіметаралық және үкіметтік емес

ұйымдар мен органдарда ұлттық құқық жүйелерін жақындастыру мәселелеріне байланысты бірыңғай және біркелкі нормаларды әзірлеу, қабылдау және қолдану қызметін жетілдіру кезінде пайдаланылуы мүмкін.

Диссертациядағы ұсынымдарды мемлекеттер (ең алдымен, Қазақстан) құқықты біріздендіру және үйлестіруге бағытталған нормаларды дайындау және қолданысқа енгізу қызметін жетілдіру кезінде пайдалана алады. Диссертация нәтижелері оқу үдерісінде, оқу, әрі оқу-әдістемелік әдебиетте, халықаралық құқық, мемлекет теориясы, мемлекеттік құқық және тағы басқа да арнайы курстар мен жалпы курсты оқыту тәжірибесінде қолданылуы мүмкін.

Диссертациялық зерттеу нәтижелерінің сыннан өтуі. Диссертация Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің халықаралық құқық кафедрасының ғылыми семинары мен жалпы отырысында талқыланып, сыннан өтті. Диссертация материалдары бойынша 12 жарияланым жарық көрді және олардың ішінде 6 (алты) мақала - ҚР Ғылым және жоғарғы білім министрлігі ұсынған ғылыми басылымдарда, 5 (бес) мақала – Халықаралық конференциялар жинақтарында, 1 (бір) мақала – «Скопус» тізіміне кіретін ғылыми журналда жарияланды.

Диссертациялық зерттеудің құрылымы. Диссертация кіріспеден, үш бөлімнен, тоғыз бөлімшеден, қорытынды мен пайдаланылған әдебиеттер тізімінен тұрады.

1 МЕМЛЕКЕТТЕРДІҢ ҰЛТТЫҚ ЗАҢНАМАЛАРЫН БІРІЗДЕНДІРУДІҢ ЖӘНЕ ҮЙЛЕСТІРУДІҢ ТҰЖЫРЫМДЫҚ НЕГІЗДЕРІ

1.1 Ұлттық құқықтық жүйелерді жақындастырудың түсінігі

Зерттеудің тақырыбына толығымен өтпес бұрын, мемлекеттердің ұлттық заңнамаларын жақындастырудың түсінігі мен осыған қатысты мәселелерді қарастырып шыққанды жөн деп есептейміз. Бүгінгі күні құқықтық әдебиеттерде ұлттық заңнаманы жақындастырудың ұғымы мен нысандары туралы ғалымдардың көзқарастары әртүрлі болып келеді.

Осыған байланысты Ж.С. Жунисов өз мақаласында: «...біз бұл жерде құқықтық жүйелерді жақындастырудың, заңнамаларды үйлестіру мен біріздендірудің ұғымы мен олардың нысандарына көңіл бөлгенді дұрыс деп есептейміз. Ғалымдардың пікірінше, ұлттық құқықтық жүйелер мен құқықтық нормаларды жақындастыру, үйлестіру және біріздендіруге анықтама беру кезінде ортақ шешімнің болмауына қарамастан, олардың түпкі мағынасының бірдейлігін, ұқсастығын байқауға болады. Демек, ұлттық құқық жүйелері мен елдердің заңнамаларын жақындастыру, үйлестіру және біріздендіру ұғымдарын салыстыра отырып анықтаған жөн», - деген пікірмен бөліседі [3, 123 б.].

Әлемдік практикада көрініс тапқандай, XX-XXI ғғ. интеграциялық үрдістің дамуы жетекші орын алды деп айтуға болады. Жаһандану дәуірінде басқа елдермен және жалпы әлемдік қауымдастықпен байланыс орнату және нығайту өте маңызды болып отыр. Бұл халықаралық аренада мемлекеттердің тәуелсіздігін, дамуын және тиімді жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін қажет.

Қазіргі уақытта мемлекеттердің қатынасын мемлекеттер арасындағы ынтымақтастық ретінде түсінуіміз керек. Заңгер-ғалым М.Л. Энтиннің пікірінше, мемлекеттер ынтымақтастығының ыңғайлы деңгейі – мемлекеттердің құқықтық жүйелерінің бір-біріне әсер етуі және құқықтық интеграция негізінде құқықтық жүйелер толығымен немесе оның белгілі бір бөліктерінің жақындастырылуы, яғни үйлестірілуі болып табылады [4].

Құқықтық интеграцияның негізгі нысандарына заңнаманы жақындастыру, үйлестіру, әрі біріздендіру үрдістері жатады. Заңнамаларды жақындастырудың басты мақсаты – құқық жүйесінде өзара келісім мен біркелкілікті қамтамасыз ету және құқықтық жүйелердің бір-бірінен өзгешеліктерінің (айырмашылықтардың) ең төменгі деңгейіне қол жеткізу.

Ресей ғалымы С.В. Бахин: «ұлттық құқықтық жүйелерді жақындастыру мәселелерін қарастыру үшін, бірінші кезекте, белгілі бір қарастырылып отырған құбылысты белгілеу кезінде оның атауына қатысты ортақ келісімнің болмауына назар аудару керек. Құқықтық әдебиеттер мен құқықтық актілерді қарастыратын болсақ, «біріздендіру» ұғымының көп қолданылатынын байқауға болады. Сонымен қатар кейінгі кездері «біріздендіру» ұғымымен қатар «құқықтық жүйені жақындастыру», «заңнамаларды үйлестіру», «құқықтық нормаларды стандарттау», «құқық қызметін координациялау» және «құқықтық шешімдердің

келісілуі» секілді ұғымдар да қолданысқа түсіп жүр», - деген пікір білдірген [5, 48-49 бб.].

«Біріздендіру» ұғымы көлік қатынастарының ішінде әуе қатынастарында және теңіз құқығы саласында жиі кездесетіні байқауға болады. Оларға, «Халықаралық әуе тасымалына қатысты кейбір ережелерді біріздендіру туралы» 1929 ж. Конвенция; «Әуе кемелерін ескертпелі түрде тұтқындауға қатысты кейбір ережелерді біріздендіру туралы» 1933 ж. Конвенция; «Кемелердің соқтығысуына қатысты кейбір ережелерді біріздендіру туралы» 1910 ж. Конвенция; «Коносаментке қатысты кейбір ережелерді біріздендіру туралы» 1924 ж. Конвенция; «Теңіз кемелерін тұтқындауға қатысты кейбір ережелерді біріздендіру туралы» 1952 ж. Конвенция; «Теңізбен жолаушыларды тасымалдау туралы кейбір ережелерді біріздендіру туралы» 1961 ж. Конвенция және басқа да конвенциялар жатады.

Тағы бір ескере кететін жағдай, халықаралық шарттарда «жақындастыру» немесе «үйлестіру» ұғымы өте аз пайдаланатынына көңіл бөлген жөн. Мысалы, «Достастыққа мүше-елдердің шаруашылық заңнамаларын жақындастыру қағидалары туралы» 1992 ж. Келісім немесе «Кедендік рәсімдерді жеңілдету және үйлестіру туралы» 1979 ж. Конвенция және т.б. шарттарда «жақындастыру» немесе «үйлестіру» ұғымы сирек қолданылғанын байқауға болады.

Заңи нормаларды «жақындастыру» және «үйлестіру» мемлекеттер келісімімен жүзеге асатын құқықтық дамуының бір-бірінен ерекшелендіретін жеке дара екі нысаны болып табылады. Мұндай өзара келісімдер бір-бірінен өзіндік деңгейі және сипаты арқылы өзгешеленеді.

Белгілі ресейлік заңгер-ғалым М.Н. Марченконың «Заңнамаларды жақындастыру дегеніміз – мемлекеттердің бір салада немесе бағытта әрекет етуінің ортақ бағдары мен амалдарын, жақындасу тәсілдерін анықтау. Ал заңнамаларды үйлестіру кезінде ортақ амалдар мен ұлттық заңнамалардың дамуының тұжырымдамалары өзара келісіледі, ортақ құқықтық қағидалар мен жекелеген шешімдер шығарылады. Біріздендіру үдерісі үйлестіруге қарағанда, бірқатар мемлекеттермен өзара бірдей құқықтық нормаларды қабылдау мен күшіне енгізуді білдіреді» деген көзқарасын дұрыс деп есептеуге болады [6, 306 б.].

Жоғары аталған нысандардың ішінде заңнамаларды үйлестіру әдісі өзіндік артықшылыққа ие. С.К. Магомедовтың пікірінше, заңнамаларды жақындастыруға қарағанда, үйлестіру процесі тек құқықтық дамудың ортақ бағыттарын өзара келісумен ғана емес, сонымен қатар құқықтық жүйенің болашақта өзіне сәйкес бірыңғай құқықтық қағидаларды шығаруымен ерекшеленеді. Ал оның біріздендіруден ерекшелігі – мемлекеттің құқықтық дамудағы тарихи мирасқорлығын қамтамасыз ететін құқықтық жүйенің бірқатар ұлттық ерекшеліктерін сақтап қалу құқығында жатыр [7, 39 б.].

Тағы да ескере кететін жағдай, үйлестіру ұғымы құқықтық сөздік пен ауызекі сөйлеуде кең қолданылады, алайда бұл ұғымның мағынасы әрқашан

нақты болып келмейді. Нәтижесінде құқықты үйлестірудің кең және тар мағынадағы түсінігі қалыптасқан.

Кең мағынадағы заңнамаларды үйлестіру - өз құқықтық жүйелерін өзара келісімге келтіру үшін жасалған мемлекеттердің кез келген әрекеттерін айтамыз. Ал тар мағынадағы үйлестіру – ортақ қағидалар туралы өзара келісудің нысаны болып табылады. Сәйкесінше, нақты имплементация нысанын таңдауды мемлекет тәуелсіз түрде жүзеге асырады [6, 307 б.].

Халықаралық тәжірибеде заңнамаларды үйлестірудің екі нысаны кездеседі.

1) заңнамаларды шарттық (конвенциялық) үйлестіру, оған сәйкес, мемлекеттер өздерінің ұлттық құқықтық жүйелерін болашақта сәйкестендірулері үшін нақты бір салада халықаралық келісім-шарттар қабылдауды жүзеге асырады.

2) бір мемлекет өзінің құқықтық нормаларын екінші бір мемлекеттің, мемлекеттер тобы немесе халықаралық қоғамдастық тарапынан қабылдаған құқықтық нормаларға сәйкестендіреді, яғни заңнамалық нысанда үйлестіруді жүзеге асырады.

Қазіргі уақытта құқықты үйлестіру - құқықтың түрлі салаларына жататын сұрақтардың кең шеңберін қамтиды. Мұның дәлелі ретінде бүгінгі күні үйлестірудің БҰҰ аясында әмбебаптық, ал Еуропа Кеңесі немесе ТМД шеңберінде аймақтық деңгейде жүргізілетінінен байқауға болады.

Құқықтық интеграцияның кез келген құқықтық құбылыс сияқты жағымды және жағымсыз тұстарын да атап өту керек. Заңгер-ғалым В.Н. Тевелева атап өткендей, құқықтық интеграцияның жағымды тұсы ретінде құқықтық интеграция арқылы мемлекеттер арасындағы ынтымақтастық процесінің жеңілдетілуін, мемлекеттер арасындағы сауда айналымының күшейюін, ғылыми-техникалық ынтымақтастық мүмкіндіктерінің кеңейюін атап өтуге болады. Ал, жағымсыз тұсына құқықтық интеграция жеке дара мемлекеттердің құқықтық жүйелеріне қатысты өзіндік ерекшеліктерінің жоғалуына, ұлттық құқықтық тәртіптерге жат құбылыстарды енгізуге алып келуін жатқыза аламыз [8, 313 б.].

Заңнамаларды жақындастыру мен үйлестіру кейбір зерттеушілердің, нақтырақ айтқанда И.Л. Бачилоның: «әртүрлі мемлекеттердің, яғни жекелеген мемлекеттердің құқықтық жүйелерін жақындастыру - қазіргі заманғы дамудың бірінші кезектегі мәселелерінің бірі», - деген пікірі болып табылады [9, 92 б.].

Мемлекеттер мен халықаралық бірлестіктердің ынтымақтастығы ортақ мәселелер бойынша бірлескен әрекеттерді қамтамасыз етудің қажеттігін байқатады. Мысалы, Дүниежүзілік сауда ұйымына мүшелікке ниетті елдер үшін өздерінің ұлттық заңнамаларына нақты салалар бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы талап қойылатынын атап өту керек. Алайда, ұлттық заңнамаларды жақындастыру немесе үйлестіру кезінде басқа құқықтық жүйенің ережелерін толығымен біріздендіру, қайталау, толығымен бір деңгейге келтіру міндетті шарт емес екенін де атап өткен жөн. Бұл жердегі басты мәселе – мемлекеттердің құқықтық жүйелеріндегі реттеу ерекшеліктері мен

өзгешеліктерді анықтау, оны қолдану кезінде назарға алу қажеттігі. Мұндай жағдайларда, бір заңнаманы екіншісімен алмастыру орнына заңнамаларды жақындастыру қажеттігі туындайды.

Заңнамаларды жақындастыру кезінде мемлекет ұлттық заңнамалардың өзіндік ерекшеліктерін назарға алғаны жөн. Заңнамаларды жақындастыру кезінде кейбір салалар бойынша мемлекеттер арасындағы қоғамдық қатынастардың біртектілігіне байланысты жақындастыру тетігі тез жүреді. Мұндай құбылыс, көбінесе өндірістік не сауда қатынастарында, экология саласында байқалады. Ал, саяси, әлеуметтік, мәдени салаларда жақындастыру баяу және аз көлемде жүзеге асырылады. Оның негізгі себебі – мемлекеттердің өз ұлттық тарихи ерекшеліктерін, саяси мүдделер мен мемлекеттік билік егемендігін толықтай қамтамасыз ету мақсатында сақтап қалуды көздейтіндігінде.

Заңнамаларды жақындастыру, үйлестіру және біріздендіру үшін А. Кудачкиннің пікірінше [10, 6-7 бб.] «келесідей құқықтық құралдар пайдаланылуы мүмкін:

- жалпы және арнайы құқықтық режимдерді қолдану (инвестициялау, салық салу және т.б.);
- субъектілердің құқықтарының танылу көлемін анықтау;
- бірыңғай стандарттар (экологиялық, санитиарлық, техникалық);
- құқықтық қамтамасыз ету деңгейі (зейнетақылар, жәрдемақылар);
- заңи құжаттарды танудың біртұтас ережелерін енгізу;
- жеңілдетілген тәртіп енгізу (азаматтықты иелену саласы және т.б.);
- құқықтық ынтымақтастық туралы шарттар;
- құқықтық көмек туралы келісімдер;
- ортақ құқықтық кеңістік құру (салалар бойынша әрекеттерді үйлестіру);
- құқықтық актілер туралы келісу процедурасы;
- халықаралық құжаттарды жалпылай тану және т.б.».

Сонымен, жоғарыда айтып кеткен заңнамаларды үйлестіру және жақындастыру ұғымдары көбінесе халықаралық практикада бір-біріне ұқсас ұғымдарды білдіретіні анықталып отыр.

Үйлестіру әртүрлі мемлекеттердің заңнамаларын жақындастыруға, олардың арасындағы ерекшеліктерді азайту мен жоюға бағытталған процесс болып табылады.

Үйлестірудің тағы бір нысаны – рецепция болып табылады. Ол бір мемлекеттің екінші мемлекетке қарағанда заңдарды кең көлемде қабылдауын білдіреді. Рецепцияның ерекшелігі – нақты бір мемлекеттің құқығы емеес, оның орнына дамыған құқықтық жүйелер практикасы қолданылады. Сонымен қатар, үйлестіру арқылы мемлекеттер өз құқық жүйелерін тек қайта құрып қана қоймай, өз құқықтық жүйелерін басқа мемлекеттің не мемлекеттердің құқықтық жүйелерімен жақындастыру мақсатын алға тартады. Себебі, құқықтық жүйелер арасындағы елеулі өзгешеліктер олардың арасындағы қарым-қатынастың орнауына кедергі болады [11, 186-187 бб.].

Рецепция, өз кезегінде, әр түрлі көлем мен нысандарда жүзеге асырылуы мүмкін. Н.Г. Павлова: «рецепцияның «технологиялары» да әртүрлі болып келеді. Олар келесі нысандар:

1) Рецепция «төменнен-жоғарыға» (Рим құқығы: алдымен – университеттерде оқытылды, кейіннен – мемлекет тарапынан қолдау тапты) және «жоғарыдан-төменге» яғни, мемлекет еркімен жүзеге асырылуы мүмкін.

2) Рецепция тікелей сипатта, сыртқы институттар мен құқық нормаларының қабылдануы арқылы, және жанама, яғни, дінді қабылдау арқылы (құқық пен дін үйлескен жағдайда) болуы мүмкін.

3) Рецепция «өзіндік» мамандар арқылы жүзеге асырылуы мүмкін, сонымен қатар, сырттан ұлттық кодификация үшін немесе құқық шығармашылыққа шетелдік мамандарды тарту арқылы іске асырылуы мүмкін.

4) Рецепцияның ерекше түріне - құқықты халықаралық біріздендіру жатады. Мысалы, Еуропа Одағы құқығының ықпалымен романдық-герман және ағылшын құқығы арасындағы өзгешеліктер біртіндеп жойылуда», - деген тұжырым жасаған [12, 79 б.].

Сонымен, заңнамаларды жақындастыру мен үйлестіру ұғымдары өзара ұқсас нысандағы қызметті жүзеге асырып, кей жағдайларда бір ұғым ретінде қарастырылады. Осыған байланысты ресейлік заңгер-ғалым С.Ю. Кашкин: «үйлестіру – біріздендірумен қатар құқықтық нормаларды бірыңғай қалыпқа келтіретін құқықтық интеграцияның тәсілі». «Үйлестіру – құқықтық интеграцияның жұмсақ тәсілі, ол ұлттық құқықты белгілі бір заң үлгісімен жақындастыру негізінде жүзеге асады. Үйлестіру бірізділікті қалыптастыру емес, ол әр түрлі мемлекеттердің заңнамаларын жақындастыруға негізделеді», - деген көзқарасты ұстанады [13, 38 б.].

А.О. Четвериковтың пайымдауынша, «үйлестіру тәсілі – қауымдастыққа мүше-мемлекеттердің өздерінің ішкі заңнамалары мен заңға тәуелді актілерін сәйкестендіруі» болып табылады. Үйлестіру арқылы қауымдастыққа мүше-мемлекеттер заңнамаларын «жақындастырады», бірақ толықтай бірыңғайлық орнатпайды [14, 89 б.].

Өз кезегінде, П.А. Калиниченко үйлестіруге өзіндік анықтама береді. Оның пікірінше «үйлестіру – ұлттық құқықтық жүйелерді жақындастыру мақсатында шығарылған үлгі ережелерді құқықтық түрлендіру тәсілі болып табылады. Мемлекеттер мұндай үлгі актілерді қабылдаған не рәсімдеген кезде, толық көлемде бірыңғайлыққа қол жеткізілмейді» [14, 103 б.].

Ал, С.Ю. Кашкин: «үйлестіру немесе ұлттық құқықты жақындастыру – мемлекеттердің кез келген деңгейдегі өз құқықтық реттеуін сақтай отырып, қоғамдық өмірдің нақты салаларында құқықтық реттеудің ортақ бастамаларын енгізу болып табылады», - деген пікір айтады [13, 9 б.]. Бұл жерде байқайтын болсақ, «гармонизация» мен «жақындастыру» синонимдер сөздер ретінде қолданылады.

Көріп отырғанымыздай, заңнамаларды үйлестіру не оларды жақындастыру ұғымдарына анықтама бергенде, ғалымдар өзіндік көзқарас ұстанады. Алайда, әртүрлі ғалымдар мен заңгерлер арасында қарастырылып отырған ұғымдардың

ұқсас функцияны атқарып, кейде еш айырмашылықсыз бір ұғым ретінде қолданылатындығы туралы көзқарас дау тудырмайды.

«Біріздендіру» мен «үйлестіру» ұғымдарын терең түсіну үшін, бұл ұғымдардың анықтамасына көңіл бөлу керек, олардың нысандары мен әдіс-тәсілдерін қарастырып өткен жөн. Ж.С. Жунисовтың пікірі бойынша «біріздендірудің де, үйлестірудің де зерттелуі мен қолданылуы жағынан біраз уақытты алса да тікелей реттеу саласы мен бағытына қарамастан осы кезге дейін нақты ортақ анықтама қалыптаспаған. Осы мәселені зерттеуші ғалымдардың көзқарастары алуан түрлі болғанымен, олар ұсынған тұжырымдар біркелкі болып келетінін» байқауға болады. Осыған орай «біріздендіру» мен «үйлестірудің» арақатынасы туралы түрлі көзқарастарды қарастырып шыққан дұрыс деп есептейміз [15, 381 б.].

Жаһандану, интеграциялану кезеңінде елдердің ұлттық құқық жүйелерін жақындастыру, олардың өзара әрекеттесуі мен ықпалдасуы – қазіргі құқықтық жүйелердің интернационализациялануының, яғни, халықаралық сипатқа ие болуының мазмұнын құрайды. Оған мысал ретінде Еуропалық Одақтың құрылуын, бұрынғы КСРО құрамында болған мемлекеттердің интеграциялалық процесті жүзеге асыруы, ортақ нарықты қалыптастыруға ұмтылыс жасап жатқан ДСҰ мен ЕурАзЭҚ секілді халықаралық ұйымдарды, сонымен қатар олардың ұлттық құқық жүйені жақындастырудағы қадамдарын атап өткеніміз жөн.

Ұлттық құқықтық жүйелерді, яғни ұлттық заңнамаларды жақындастыру, олардың арасындағы айырмашылықтарды қысқарту және жою бір-бірімен тығыз байланысты «үйлестіру» және «біріздендіру» процестері арқылы көрініс табады.

Біріздендіруді сипаттай отырып, көптеген зерттеушілер оның жолдары, нысандары, тәсілдері туралы біраз мәселе қозғайды.

Мәселен, Г.К. Дмитриева: «құқықтың бірізденуі – бұл мемлекеттердің ішкі құқығында бірдей құқықтық нормаларды құру, өзгерту не жоюға бағытталған мемлекеттердің ынтымақтастығы болып табылады және осындай түсініктегі біріздендіру құқықшығармашылық процестердің бір түрі, ал оның басты ерекшелігі – құқықты біріздендірудің екі құқықтық жүйеде, яғни халықаралық құқық пен мемлекеттің ішкі құқығында, халықаралық-құқықтық және ұлттық-құқықтық нысандар мен механизмдер арқылы бірден жүргізіледі» - деген пікірін қолдауға болады [16, 112 б.].

Ал Ю.А. Тихомировтың пікірі бойынша «әдебиеттерде «біріздендіру» ұғымы барлығына міндетті болып табылатын бірыңғай құқықтық нормаларды қалыптастыру мен оны күшіне енгізу түрінде қарастырылса, «үйлестіру» ұғымы ортақ көзқарастар мен ұлттық заңдардың дамуының тұжырымдамаларын үйлесімге келтіру, сондай-ақ ортақ құқықтық қағидалар мен жекелеген шешімдерді дайындау процесі ретінде көрініс табады» [17, 75 б.].

Еуропа ғалымдары Р. Давид пен К. Жоффре-Спинозидің «құқықты халықаралық біріздендіру кезінде ұлттық құқықтық жүйелерді әлемдік деңгейде қабылданған біркелкі ұлттық құқықпен алмастыру жөнінде айтудың қажеті жоқ. Соншалықты алысқа барудың керегі жоқ... Халықаралық құқықтың белгілі бір бірізденуі мен үйлесуі бүгінгі күннің өзінде орын алып отыр, ал ертеңгі күні

олардың қажеттілігі арта түседі... Бұл жерде біріздендірудің әртүрлі елдерде қолданылатын ерекшеліктерін ескере отырып оның біркелкі техникасын даярлау қажет және біріздендіруге жұмсалған күштің барлығы неғұрлым табысты болуы үшін жағдай жасау маңызды» - деген көзқарастары қызығушылық туғызады [18, 13 б.].

Отандық ғалым С.Ж. Айдарбаевтың пікірінше «Ю.А. Тихомировтың қолданатын тәсілі «мемлекеттердің үйлесімді құқықтық дамуының» әртүрлі нысандары арасында нақты айырмашылық белгілеуге мүмкіндік бермейді. Мысалы, «үлгілі заң актілерін» жеке құқықтық нысан ретінде қарастыру қиын, өйткені ол үйлетіруді жүзеге асыратын тәсіл болып табылады». Сонымен қатар, С.Ж. Айдарбаев: «үйлестіру де, біріздендіру де мемлекеттердің заңнамасын жақындастырады, сондықтан да, мұндай «жақындастыруды» мемлекеттердің үйлесімді құқықтық дамуының жеке нысаны ретінде қарастыру күдік туғызады» - деген пікір қалдырған [19, 292 б.]. Қорытындылай айтқанда, қазақстандық ғалым құқықты интернационализациялаудың екі түрін белгілейтін Г.К. Дмитриеваның пікірін дұрыс деп есептейді.

Азаматтық құқық саласына қатысты О.Н. Садиковтың пікірінше «біріздендіру жолдары бойынша «ақталмаған дифференциацияны» жою үшін азаматтық-құқықтық реттеуге келесідей шаралар ұсынылуы мүмкін:

а) мемлекеттердің азаматтық заңнамалары негізінің жалпы бөлімінде көрсетілген құқықтық нормалар санын арттыру;

б) көптеген ведомстволық актілердің орнына кең ауқымды қолданыстағы құқықтық нормаларды енгізу;

в) жекелеген азаматтық-құқықтық институттарға жататын мазмұны бойынша жақын нормаларды келісімге келтіру» [20, 38 б.].

Сонымен қатар О.Н. Садиков «біріздендірудің» келесі жолдарын көрсетеді:

1) заңнамалық құзырет;

2) ортақ нормативтік актілерді дайындау;

3) ұқсас қатынастарды реттейтін нормаларды пайдалану;

4) жалпы нормалардың шеңберін кеңейту;

5) үлгілік актілерді шығару;

6) заң шығарушылық жұмысты үйлестіру.

С.В. Поленина: «интеграция және біріздендірудің келесідей нысандарда болады, олар:

1) бір құқықтық институт шегінде бірегей құқықтық реттеуді қалыптастыру;

2) нақты қатынастарды реттеуге арналған құқықтық нормаларды осыған ұқсас қатынастарға тарату;

3) заң салаларының жалпы бөлімдеріндегі біртектес қатынастардың ерекшеліктерін ескеретін біртұтас құқықтық нормаларды қалыптастыру» - деп атап өткен [21, 5 б.].

Ал, келесі ғалым М.К. Юков біріздендіру мен интеграцияны бірдей түсінік ретінде қарастыра отырып, «интеграцияның (яғни, біріздендірудің де) келесідей бағыттары бар:

1) жалпыламалау (генерализация) бағыты – нормативтік жазбаларды түйіндеу немесе нормалардың бірінің әрекетін басқа (типтік, біртектес) қоғамдық қатынастарға тарату;

2) біріктіру бағыты – әртүрлі құқықтық нормалармен реттелген қоғамдық қатынастарды реттеу мүмкіндігі бар бірнеше нормалардан бір немесе ортақ норма туындату;

3) дефиниция – нормалар біртұтастығы мен олармен реттелетін қоғамдық қатынастар үшін ортақ өтпелі заңды түсінікті анықтау және бекіту» - деген пікір айтады [22, 126 б.].

Сонымен, заң ғылымында «біріздендіру» ұғымының жалпыға ортақ анықтамасы екенін, көптеген зерттеушілер тек біріздендірудің түрлері мен әдістерін қарастырумен ғана шектелгенін байқауға болады. Қандай да болмасын құбылысты оның түсінігін, ұғымы мен мақсатын талдау арқылы анықтауға болатынын ескере кеткеніміз жөн. Біріздендірудің мақсаты – туындайтын құқықтық реттеудің анықтылығы мен мінсіздігі, құқықтық нормалардың икемділігі мен әртүрлі жағдайларға барынша бейімділігі екенін ескере отырып біріздендіруді нәтижесінде мемлекеттер арасында қолданылатын бірегей құқықтық нормаларды қалыптастыруға әкелетін процес ретінде сипаттауға болады. Сонымен қатар біріздендіруді айқындайтын белгілерге (1) енгізілетін біріздендірілген құқықтық нормалардың біркелкілігін; (2) бұл құқықтық нормаларды бірнеше мемлекеттерде әрекет ету үшін енгізу міндеттілігін жатқызуға болады.

Ендігі кезекте «үйлестіру» ұғымын анықтауға тырысып көрелік. Өйткені, біріздендіру мен үйлестіру қатар қолданылғанымен оларды жүзеге асыру тәсілі мен мақсатында айырмашылықтар болатынын атап кеткен жөн.

Мәселен, А.В. Барковтың пікірінше «үйлестіру дегеніміз – халықаралық шарттардың ережелерін ішкі заңнамаларға келісімді және нормативті түрде енгізу немесе біртұтас нормалар мен ережелерді қолдану мақсатында ұлттық заңнамалық актілерді өзгерту» [23].

Келесі зерттеушілер, яғни Т.Н. Мамбеталиев пен Ж.Н. Мамбеталиева «үйлестірудің – жалпы тәсілдер мен тұжырымдардың келісілуі, құқықтық қағидалар мен жеке шешімдердің бірлесе дайындалуы» - деп түсіндіреді [23].

Ал, ресейлік ғалым Г.М. Вельяминов: «құқықтық үйлестіру біріздендіруге қарағанда әлдеқайда «жұмсақ» әдіс. Мемлекеттің әрекет етуші ұлттық құқықтық тәртібіне енгізілетін тең, бірдей құқықтық нормаларды қабылдаудың орнына мемлекеттердің өз құқықтық тәртіптеріне толық, жартылай енгізу немесе мүлдем енгізбеу еркін иелене алатындай нормалар мен ережелер туралы келісулері керек. Үйлестіру әдісінің ерекшелігі – мемлекеттер тарапынан тиісті әрекеттердің біржақтылығында», - деген ойда [24, 235 б.].

Құқықтың үйлесуі кенеттен және нақты мақсат бойынша жүзеге асырылады. Кенеттен үйлестірудің мәні – мемлекеттер арасындағы өзара

әрекеттесу процесі кезінде ұқсас немесе біртектес реттеулер туындауында. Мұндай өзара әрекеттесу түрлі нысанда орын алады, соның ішінде күштеу арқылы да жүзеге асатындары бар. Кенеттен үйлестіру нәтижесінде құқықтарды жақындастыру жүзеге асқан басқа мемлекеттердің тәжірибелерін қолдануды да жатқызуға болады.

Құқықты үйлестірудің тағы бір тәсілі – «рецепция, яғни бір мемлекетпен басқа мемлекеттер мен бірлестіктердің құқықтық нормаларының қажетті жерлерін біржақты түрде қабылдауы» деп түсіндіруге болады. Қарастырып өткен тәсілдер/жағдайлар кенеттен үйлестіру болып табылады, яғни аталған жағдайларда құқықты жақындастыру мақсаты анықталмаған болып саналады.

Құқықты үйлестіру біріздендіруге қарағанда кең ауқымды ұғым екнін ескеру керек. Себебі, үйлестіру біріздендіру шеңберінен тыс жерлерде де жүзеге асырылады. Өйткені, үйлестіру дегеніміз – әртүрлі мемлекеттердің құқықтық нормаларын жақындастыруға, олардың арасындағы айырмашылықтарды азайтуға не жоюға бағытталған процесс болып табылады.

Кейбір ғалымдар тек бір ғана ұғымды қолданумен шектеледі. Мысалы, қырғыз ғалымы Т.А. Нурматов өзінің докторлық диссертациясын ЕАЭО шартына қатысушы мемлекеттерінің заңнамаларын біріздендіру тақырыбына арнаған және еңбегінің мазмұнында не «үйлестіруге», не жақындастыруға, тіптен көңіл бөлмеген. Оның бір ғана ұғымды қолданатынына келтіретін жалғыз дәлелдемесі – бұл ұғымның, яғни «заңнаманы біріздендіру» ұғымының 29 мамыр 2014 жылғы ЕАЭО туралы шартта қолданылуы. Осы Шартқа сүйене отырып, ол «біріздендіруді» мүше-мемлекеттердің заңнамаларын жақындастыруға теңейді [25, 44 б.].

Біріздендіру мен үйлестіру арасындағы басты айырмашылықтарды, біздің ойымызша айқын көрсете білген ресейлік ғалым Г.К. Дмитриева екенін атап кетуіміз керкек. Ол: «біріздендіру мен үйлестіру арасында келесі айырмашылықтар бар:

1) «біріздендіру» мемлекеттер үшін міндеттілік сипатқа ие болатын келісім-шарт нысанында жүргізілетін бірыңғай құқықтық нормаларды анықтау болып табылса, ал «үйлестіру» қатаң халықаралық-құқықтық міндеттемелерді талап етпейді, ол көп жағдайларда біржақты процесс болып келеді (ескере кететін жағдай, халықаралық ұйымдардың халықаралық-құқықтық тетіктерін қолдану арқылы іске асырылатын өзара үйлестіру де құқықтық міндеттемелерді талап етпейді);

2) «біріздендіру» мемлекеттердің ішкі құқығында бірдей нормалардың қалыптасуына алып келсе, ал «үйлестіру» құқықтық нормаларды жақындастырумен қатар қайшылықтарды жояды;

3) «біріздендірілген» нормалар мемлекеттің ішкі құқығында арнайы норма болып саналады, өйткені халықаралық шартпен байланысты болғандықтан оларды қолдану/жүзеге асыру тәртібі айрықша болады, ал «үйлестіру» процесі кезінде ішкі құқыққа ұлттық құқықтық жүйеге бейімделген және ұлттық құқықтың басқа нормаларынан ерекшеленбейтін, сондай-ақ ұлттық

заңи актілері нысанында қабылданып, жалпы бірдей тәртіп бойынша қолданылатын нормалар енгізіледі;

4) егер «біріздендірілген» материалдық нормалар коллизия мәселесін шешетін болса және тікелей қолданылса, «үйлестірілген» нормалар аталған мәселені шеше алмайды;

5) жалпы практикада қалыптасқандай, мемлекеттер «біріздендіру» процесі кезінде өздерін қатал құқықтық міндеттемелермен шектеуге тырыспайды, ал «үйлестіру» процесі болса мемлекеттерге мұндай міндеттемелерді жүктемейтін қарапайымдау процесс болғандықтан мемлекеттердің көңілінен шығып, құқықты жақындастыруға нақты көмектеседі» - деген тұжырым жасаған [16, 113-114 бб.].

Жоғарыда көрсеткеніміздей, Ю.А. Тихомировтың ойы бойынша «мемлекеттердің үйлесімді құқықтық дамуын оны жүзеге асыратын төрт негізгі бағыт пен нысанға қатысты қарастыруға болады:

а) заңнаманы жақындастыру – нақты саладағы жақындастырудың кезеңдері мен әдістері бойынша мемлекеттердің жалпы бағыты анықталған кезде қолданылады;

б) заңнаманы үйлестіру – жалпы тәсілдеме, ұлттық заңнамалардың дамуы тұжырымдамасы келісілгенде, жалпы құқықтық қағидалар мен жеке шешімдерді жасап шығарғанда қолданылады;

в) үлгілі заң актілерін қабылдау барысында қолданылады;

г) заңнаманы біріздендіру – жалпыға міндетті біртұтас заңи нормалар (ережелер) дайындалғанда және әрекет етуге енгізілгенде жүзеге асырылады» [16, 75 б.].

Ал, С.Ж. Айдарбаев: «үйлестіру мен біріздендіру жекелеген дербес процестер болғанымен, олар екі түрлі объектіге қатысты жүзеге асырылады:

1) құқық (ұлттық құқықтық жүйе);

2) заңнама.

Осыған орай, үйлестіру мен біріздендірудің екі түрін бөліп көрсетеді:

1) құқықты үйлестіру және біріздендіру;

2) заңнаманы үйлестіру және біріздендіру» - деген пікірді ұсынады [19, 291-292 бб.].

Демек, ғалымның айтуы бойынша, құқықты үйлестіру не біріздендіру кезінде ұлттық құқықтық жүйелер қарым-қатынасқа түсетін болса, заңнаманы үйлестіру не біріздендіру кезінде – жекелеген құқықтық нормалар, институттар және салалар қарым-қатынасқа түседі.

Жоғарыда аталған көзқарастар мен пікірлерді қарастыра отырып келесідей тұжырымдамалар жасауға болады.

Құқықты біріздендіру – түрлі мемлекеттердің ұлттық құқықтарында біртектес, біртұтас нормаларды қалыптастыру, яғни құқық шығармашылық процесс тек мемлекеттің ішкі құзыреті және біріздендірілген құқықтық нормалардың бір ғана әдісі – ол мемлекеттердің ынтымақтастығы болып табылады.

Құқықты үйлестіру – әртүрлі мемлекеттердің құқықтарын жақындастыру арқылы олардың арасында туындаған айырмашылықтарды жою және азайту. Мемлекеттер практикасына қарайтын болсақ, мемлекеттердің ұлттық құқықтарының дамуы үйлестіру элементтері арқылы жүзеге асып отырған мемлекеттердің құқықтық жүйелері бірі-біріне ауысып отырған.

Бір ауыз сөзбен түйіндейтін болсақ, үйлестіру мен біріздендіру құқықты жақындастырудың екі түрі болып табылады. Сонымен қатар, «біріздендіру» де, «үйлестіру» да өте күрделі құқықтық ұғым ретінде қарастыру керек. Өйткені осы кезге дейін аталған ұғымдарға барлық ғалымдармен келісілген, танылған ортақ анықтама берілген емес.

Бөлімшенің соңында, тақырыптың мазмұны толық болу үшін ұғымдар, яғни терминдер туралы бір-екі сөз айтып кеткенді жөн көріп отырмыз. Еуразиялық экономикалық қоғамдастық құрылған кезде (1990-шы жылдардың соңы – 2000-шы жылдардың басында) «унификация» мен «гармонизация» ұғымдары қазақ тіліне әртүрлі нұсқада аударылып жүрді. Осыған байланысты кейбір авторлар өздерінің ғылыми еңбектерінде бұл ұғымдарды аудармастан түпнұсқалық нысанында, яғни «унификация» және «гармонизация» деп қолданып келді.

Кейінгі кезде ресми құжаттардың, соның ішінде заңнамалық және нормативтік құқықтық актілерде бұл ұғымдар «біріздендіру» және «үйлестіру» деп қолданыла басталды.

«Біріздендіру» ұғымына қатысты біздің ешқандай сұрағымыз жоқ. Бірақ «гармонизация» ұғымының «үйлестіру» деген аудармасы біраз мәселе туғызады. Ең алдымен «үйлестіру» ұғымының соңғы кезге дейін, әдетте, «координация» сөзін аудару үшін қолданылып келгенін айта кетейік. «Координация» мен «үйлестіру» ұғымдары барлық жағынан (филологиялық, ұғымдық, тарихи, т.б.) бір-біріне сәйкес әрі жарасымды болып келетін.

Соңғы кездегі құжаттарда «гармонизация» сөзін «үйлестіру» деп аударып қойғасын, «координация» ұғымын қалай аударатынымызды білмей қалдық. Біздің пікірімізше, «координация» ұғымын бұрыңғыша «үйлестіру» деп аудара беру керек. Ал «гармонизация» ұғымына басқа термин іздеген жөн. Қазақ тілінің сөздік қоры бай екенін ұмытпайық. Мысалы, егер «гармонияны» біз «үндестік» деп аударып жүрсек, «гармонизацияны» неге «үндестіру» деп аудармасқа?! Біздің ойымызша, осы ұсынысты жан-жақты ойластыру керек.

1.2 Мемлекеттердің ұлттық заңнамаларын жақындастырудың еуропалық тәжірибесі және үйлестіру тәсілі мен мемлекеттен үстемділік қағидасының арақатынасы

«Біріздендіру» мен «үйлестіру» ұғымдарына дұрыс түсінік қалыптастыру үшін маңызды болып көрінетін бір жағдай – ол шет елдердің озық тәжірибесімен танысу. Бұл жағынан басында Еуропалық экономикалық қоғамдастық, кейін Еуропалық Одақ шеңберіндегі мүше-мемлекеттердің ұлттық құқықтық

нормаларын жақындастыру, яғни біріздендіру және үйлестіру практикасы қызығушылық танытады. Еуропалық Одақта құқықтық нормаларды біріздендіру және үйлестіру мәселелерін қарастыру барысында құқықтық жақындастыру әдістерін де қарастырған дұрыс.

Осы тақырыпты зерттеу барысында С.Ж. Айдарбаев пен Ж.С. Жунисов қарастырып кеткендей, заңи нормаларды жақындастыру әдістеріне Еуропа Одағында қолданылған «аяқталған», «шеңберлі», «сілтемелі» құқықтық біріздендіру және үйлестіру әдістері кеңінен пайдалынлғанын атап өтуге болады. Сондай-ақ, Еуропалық Одақта біріздендіру және үйлестіру кезінде регламенттер, директивалар мен шешімдердің алатын орындарының ерекше екенін де атап өту керек. Демек, Еуропа қоғамдастығы мен Еуропалық Одақ шеңберінде қабылданған дерективаларды да қарастырып өткенді жөн көріп отырмыз [26, 114-115 бб.].

Еуропалық Одақ елдерінің заңи нормаларын жақындастыру процесінің, атап айтқанда экономикалық және саяси интеграцияның дамуының алғышарты ретінде 1957 жылғы Рим шартының қабылдануын атап өткен жөн. Аталған Шарттың басты талабы - «ортақ нарықтың» тиімді әрекет етуі үшін Шартқа қатысушы мемлекеттер өздерінің ұлттық заңнамаларын біріздендіру және үйлестіру арқылы Еуропалық Экономикалық Қоғамдастықты құру және оның қызметін тиімді түрде жүзеге асыру» болды. Еуропалық мемлекеттердің интеграциялануының нәтижесі ретінде 1992 жылғы Маастрихт шартына сәйкес құрылған, интеграциялану аясында нақты реттелген ережелері бар Еуропа Одағын атап өткен жөн.

Еуропалық Одақтың (ЕО) мүше-мемлекеттерінің ұстанымдары мен мүдделерін жақындастыруда Еуропалық Одақ Кеңесі (ЕО Кеңесі) мен Еуропалық Одақ Сотының (ЕО Соты) рөлінің айрықша екенін атап өту керек. ЕО-ның мүше-мемлекеттерінің заңнамаларын біріздендіру және үйлестіру мәселелерін жеке қарастырған жөн. Оның басты себебі – ЕО аясындағы заңнамаларды біріздендіру және үйлестірудегі жетістіктердің оң нәтиже беруінде.

ЕО құқығын қалыптастыру процесі мен осы ұйымға мүше-мемлекеттердің құқықтық жүйелерін жақындастыру біріздендіру және үйлестіру әдістері арқылы жүзеге асырылды.

Біріздендіру әдісі – ЕО шеңберінде қоғамдық қатынастарды реттейтін бірегей тәртіп ережелерін бекіту үшін пайдаланылады. ЕО шеңберінде біріздендіру құралдары ретінде «регламенттер» қолданылады.

Үйлестіру әдісі – ЕО-ға мүше-мемлекеттерінің заңнамаларын сәйкестендіретін заңи нормалар негіздерін жасап шығару процесі үшін қолданылады. Үйлестіру әдісін жүзеге асыруда ЕО-ға мүше-мемлекеттердің заңнамалары жақындастырылады, бірақ барлығына бірдей біртұтас нормалар енгізу талап етлмейді. Үйлестіру құралы ретінде «директивалар» мен «шеңберлік шешімдер» (мысалы, қылмыстық іс жүргізу аясында) пайдаланылады.

Жоғарыда аталған сипаттағы актілер ЕО-ға мүше-мемлекеттер құқығының қайнар көздерінің бірі болып табылады. Зерттеуші ғалым А. Кудачкин атап өткендей, Европалық Одақ туралы шартқа сәйкес, еуропалық қоғамдастықтардың құқықтық актілеріне келесілер жатады:

- регламенттер – ЕО-ның «заңы» ретінде пайдаланылатын нормативтік актілер;

- директивалар – «заңнамалар негізі» ретінде жүзеге асырылатын нормативтік актілер;

- шешімдер – қоғамдастық шеңберінде жеке құқықтық акт қызметін атқарады және қоғамдастыққа мүше-мемлекет пен оның тұлғалары үшін барлық элементтері бойынша міндетті болып табылады;

- ұсыныстар – міндетті күші жоқ актілер. Олар мүше-мемлекеттерге, жеке және заңды тұлғаларға ұсыныстар жасау, кеңес беру нысанында қабылданады;

- қорытындылар – нақты сұраққа байланысты, ЕО институтының немесе органының мүддесі туралы ресми ұстанымын білдіретін акт болып табылады [10, 7-8 бб.].

Аталған актілердің ішінде «регламенттер» мен «директивалар» айрықша орынға ие болады.

Сонымен қатар Европалық Одақ шеңберінде мүше-мемлекеттердің заңнамаларын біріздендіру және үйлестіру процесін жүзеге асыру кезінде келесідей әдістер де қолданылады.

«Аяқталған» түрдегі әдіс. Атап айтқанда оның нақты практикада көрініс табуы алуан түрлі болып келеді [27, 132-146 бб.]:

1) ортақ құқықтық анықтамаларды қалыптастыру. Мысал, Европалық қоғамдастық Кеңесінің (ЕҚ Кеңесі) 22 желтоқсан 1986 жылғы № 87/102 Директивасын атап өтуге болады. Бұл Директива Европалық Одақтың Европалық Парламенті мен Европалық Одақ Кеңесінің № 2008/48 Директивасымен ауыстырылды [28].

Бұл директивада бірқатар анықтамалардың, нақтылап айтсақ «несие шарты», «несие беруші», «тұтынушы» ұғымдарының бірыңғай анықтамалары қалыптасқан. Мәселен, «несие шартының» анықтамасы былайша келтірілген: «несие шарты бойынша несие беруші тұтынушыға төлемді шегеру, ссуда немесе өзге де осындай қаржыландыру нысанында несие береді немесе беруге міндеттенеді»;

2) нысаны бойынша аяқталған болып табылатын жекелеген нормаларды қалыптастыру. Мысалы, Европалық қоғамдастық Кеңесінің 22 маусым 1988 жылғы № 88/357 (2-ші) Директивасы. Бұл директивада барлық мүше-мемлекеттерге ортақ байлау формуласы белгіленген: «Сақтандыру шарттарына қолданылатын құқық келесі тәртіп бойынша анықталады:

- егер сақтандырушы сақтандыру жағдайы орын алған мемлекетте тұрса не оның орталық басқаруы осы мемлекетте орналасса, сақтандыру шартына тиісті мүше-мемлекеттің құқығы қолданылады. Егер тиісті мемлекеттің құқығы басқа мемлекеттің құқығын қолдануға жол берсе, тараптар басқа мемлекеттің құқығын таңдай алады» (7 баптың 1 тармағы) [29];

3) мазмұны бойынша аяқталған болып табылған нормалар кешенін қалыптастыру. Еуропалық қоғамдастық Кеңесінің 25 шілде 1985 жылғы № 85/374 Директивасы келтірілген зиян үшін жауапты тұлғаларды анықтау, тауардың кемшілігін айқындау, зиян орнын толтырудың тәсілдері мен мерзімдерін және т.б. қоса алғанда, барлық негізгі мәселелерді реттейді;

4) азық-түлік немесе фармацевтикалық тауарлар секілді салалар үшін техникалық стандарттар мен өзге де көрсеткіштерді нақтылаудың жоғары деңгейі.

Жалпы алғанда ЕҚ-ның құқықтық актілерін «аяқталған» деп дәрежелеу олардың таңдалған нақтылық дәрежесіне байланысты болады.

«Аяқталған» біріздендіру және үйлестіру мәселесі күтілетін нәтижесінің міндеттілігімен сипатталатын директиваларға қатысты ерекше көрініс табады. Мысалы, Г. Дейвистің пікірінше, «ЕО Сотымен қалыптастырылған «тікелей әрекет» тұжырымдамасы да заңи нормалардың «аяқталған» сипатына қатысы бар, себебі ЕО Соты «белгілі бір ереженің тікелей әрекет етуін мойындау оның табиғаты мен мазмұнына байланысты» деп санайды. Мұндай жағдайда құқықтық норманың мазмұны «нақты, анық және қайшылықсыз» болуы тиіс. Демек, ЕО Соты «аяқталған» түрдегі құқықтық нормаларды жоққа шығармайды» [27, 201 б.].

Еуропалық қоғамдастық Комиссиясы 1985 жылғы 14 маусымда қабылдаған үйлестірудің «жаңа тұжырымдамасы» негізінде «аяқталған» түрдегі құқықтық жақындасу әдісінен бас тартты. Еуропалық қоғамдастықтың аталған әдіске деген көзқарасы Маастрихт шартында «тепе-теңдік қағидасын» бекіткеннен кейін өзгерді. Яғни, егер белгіленген мақсатқа жеңілдетілген реттеу арқылы қол жеткізуге болатын болса, «аяқталған» түрдегі құқықтық актілер енді «тепе-теңдік қағидасына» қайшы келетін болды. Нәтижесінде 1992 жылға дейін ұсынылған Еуропалық қоғамдастықтың құқықтық актілерінің жобаларының біразы кері қайтарылды, не қараусыз қалдырылды, не «шеңберлі» ережелерге өзгертілді.

Осы кезге дейін кейбір жағдайларда «аяқталған» әдісті қолданудан бас тарту мүмкін болмай тұр. Мысалы, 2002 жылғы 6 маусымда Еуропалық Парламентпен және ЕО Кеңесімен бірігіп қабылданған «Міндеттемелердің орындалуын қаржылық қамтамасыз ету туралы» № 2002/47 Директиваны бірегей ортақ коллизиялық нормаларды қалыптастырған «аяқталған» әдіс ретінде қарастыруға болады.

Еуропалық құқық саласындағы зерттеуші ғалым Т.К. Хартлидің пікірінше, «шеңберлі» құқықтық біріздендіру және үйлестіру әдісін Еуропалық қоғамдастық Комиссиясының «жаңа тұжырымдамасы» тұрғысында қарастыру қажет» [30, 287-309 бб.]. Осы тұжырымдамаға сәйкес, Еуропалық қоғамдастық Комиссиясы мүше-мемлекеттердің денсаулықты сақтау, қауіпсіздікті қамтамасыз ету, қоршаған ортаны қорғау салаларындағы құқықтық реттеуде анықталған мақсаттар өздерінің негізі бойынша құндылығы тең болып табылды. Яғни, Еуропалық қоғамдастық Комиссиясының пікірі бойынша мұндай жағдайларда ұлттық реттеудің теңдігінің мойындалуы жеткілікті. Іс жүзінде

«жаңа тұжырымдама» Еуропалық қоғамдастық туралы Шарттың 30-бабында көрініс тапқан негізгі «бостандықтарды» немесе Еуропалық қоғамдастық Сотымен тұжырымдалған «міндетті талаптарды» құқықтық тұрғыдан шектейтін ұлттық реттеу жағдайларымен құқықтық жақындасуды шектейді. Осындай жағдайда құқықтық біріздендіру және үйлестіру бойынша шаралар басты (шеңберлі) белгілерден тыс шықпауы керек. Мұндай белгілер құқықтық біріздендіру мен үйлестірудің ең төменгі және ең жоғарғы деңгейін де бекітуі мүмкін.

Құқықтық біріздендіру мен үйлестірудің ең төменгі деңгейдегі талабы құрылтай шарттарвның ережелерінде белгіленуі мүмкін. Мысалы, Еуропалық қоғамдастық туралы Шарттың 137-бабында (2 тармақ) әлеуметтік саясат саласындағы үйлестіру бойынша директивалар ең төменгі талаптарды орнатуы тиіс делінген. Содан кейін, белгілі бір ереженің ең төменгі стандарты деп танылуы құқықтық актіден немесе оны түсіндіруден туындауы мүмкін. Сондай-ақ, Еуропалық қоғамдастық Кеңесінің 1976 жылғы 13 желтоқсандағы № 77/91 Директивасының 2-бабына сәйкес «Қоғамды құру туралы актіде не Жарғыда кем дегенде келесі мәліметтер болуы тиіс...» [31].

Сондай-ақ, «шеңберлі» біріздендіру мен үйлестіру белгілері жоғары деңгейдегі талаптарды да белгілеуі мүмкін. Ең жоғары деңгейді белгілейтін «шеңберлі» біріздендіру мен үйлестіру тауарлар қозғалысының еркіндігін қамтамасыз ету мақсатында қабылданған (Еуропалық қоғамдастық Кеңесінің 1989 жылғы 14 маусымдағы № 89/392 Директивасы) немесе экономика салаларына қаржылық ауыртпалық салу шегін белгілейтін кезде (Еуропалық қоғамдастық Кеңесінің 1992 жылғы 19 қазандағы № 92/77 Директивасы) тиісті директиваларда көрініс табады.

Еуропалық заңнамалардың үйлестіруі негізінде жатқан процесс Еуропалық Комиссияның әрекетіне тәуелді болып табылады. Еуропалық Комиссия өз кезегінде, заңи нормалардың және Еуропалық Парламент пен Кеңес шешімдерінің жүзеге асырылуына жауапты екенін де ұмытпауымыз керек. Нақты айтқанда, Комиссияда «бастамашылық құқығы» бар, өйткені ол жаңа еуропалық заңи нормалардың қалыптасуына жауапты болады.

Осыған сәйкес, шетелдік зерттеушілер К. Бертранд пен Д. Регистің пікірлерінше, «егер «субсидиарлық қағидасы» қанағатандырылса, онда Комиссия тарапынан тиісті ұсыныстар дайындаладыда кең көлемде талқылауға түседі. Сонымен қатар Комиссия еуропалық заңи нормалардың қолданылуы мен сақталуына бақылау жасайды. Комисссия соттағы «құқықбұзушылықтар» қатарына жататын айыптау шараларын да қолдана алады» [32, 208-209 бб.].

Жоғарыда аталған мәселенің шешілуі интеграциялық құқық шығармашылыққа қойылатын талаптарды анықтап, белгілеу арқылы шешімін таппақ. Өйткені денсаулықты сақтау, қауіпсіздікті қамтамасыз ету, қоршаған ортаны қорғау, тұтынушылар құқықтарын қорғау салаларында Еуропалық комиссия «қорғаудың жоғары деңгейіне» сүйенуі керек.

«Шеңберлі» біріздендіру мен үйлестіру директивалардың құқықтық табиғатына тән екендігі дау туғызбайды және осыған орай кейбір заңгерлер (Б.Н.

Топорнин) пікірінше «директиваны құқықтық табиғаты жағынан «шеңберлі» ұлттық заңнамаға жақындатады» [33, 174 б.]. Осы аталған көзқарасты ЕО Конституциясының жобасын да көрініс тапқан болатын, себебі оның мәтінінде «европалық шеңберлі заң» ұғымы бар еді (1-32 баптар).

Сонымен қатар, «шеңберлі» құқықтық біріздендіру мен үйлестірудің басқа да кемшілігі барын атап өту керек. Мәселен, «тепе-теңдік қағидасы» жағынан Европалық комиссия кейде анық емес тұжырымдалған директиваларды қабылдайды. Осындай директивалар салдарынан имплементация мен түрлі мүше-мемлекеттердегі үйлестірілген ережелерді қолданудың сәйкес еместігі орын алады. Бұл жағдайда кез-келген имплементацияны сәйкес деп тануға мүмкіндік беретін құқықтық жақындастыруға «фикциялық сипат» беріледі деген күдіктің қалыптасуына алып келді.

Аталған проблемаларға қарамастан, жалпы алғанда, қазіргі интеграция сатысында мүше-мемлекеттердің саяси ұмтылыстарына құқықтық біріздендіру мен үйлестірудің «шеңберлі» әдісінің сәйкес келетінін байқауға болады.

«Сілтемелі» құқықтық біріздендіру мен үйлестіру әдісі. Жаһандану кезінде ғылыми-техникалық прогресстің тез өзгеріп отыруына байланысты интеграциялық реттеуді жақындастырудың ең тиімді әдісі «сілтемелі» әдіс екендігі Европалық қоғамдастықта бірден қалыптасқан жоқ. Европалық стандартқа сілтеме жасауды Европалық қоғамдастық Кеңесі 1983 жылы 28 наурызда қабылдаған №83/189 Директивасы арқылы жүзеге асырды. Бұл директива бойынша европалық стандарттарды дайындап ұсыну міндеті мүшелері стандартизация бойынша ұлттық ұйымдар болып табылатын Стандартизация жөніндегі Европалық комитет пен Электротехникадағы стандартизация жөніндегі Европалық комитетке жүктелді. Аталған органдар өз қызметін Европалық қоғамдастық Комиссиясымен дайындаған келесідей келісімдер негізінде атқарады:

1) ынтымақтастықтың жалпы қағидалары (тараптардың негізгі құқықтары мен міндеттерін қамтиды);

2) европалық стандарттарды дайындаудың шеңберлі шарттары (мерзімдер, қаржыландыру тәртібі және т.б. қамтиды).

Европалық қоғамдастық Кеңесінің 1985 жылғы 7 мамырдағы «Техникалық үйлестіру мен стандартизация саласындағы жаңа тұжырымдама туралы» Қарарында (резолюция) аталған мәселе нақты реттелуін тапты. Осы Қарар бойынша кәсіпорындар өнімдерінің дайындалуы мен олардың айналымға шығарылуын ретейтін ұлттық нормаларды жақындастыру «негізгі» белгілерді орнату арқылы жасалуы тиіс еді.

Сол сияқты, ресейлік ғалым Л.М. Энтин атап өткендей, «аталған Қарар техникалық үйлестіру саласындағы директивалардың «стандарттарды дайындалуы тапсырылған европалық ұйымның көрсетілуі»; «сертификаттың түрі мен оны беру тәртібі»; «ұлттық ведомстволардың бақылау мақсатындағы тексерулерін жүргізу негіздер»і; «Европалық қоғамдастыққа мүше-мемлекеттердің өзінің мемлекеттік аумағында белгілі бір өнімнің айналымға

түсіуіне тыйым салу не шектеу қою жөніндегі қорғау ескертпесін қолдану тәртібі» және т.б. да үлгілі құрылымын бекітті» [34, 20-22 бб.].

Кейінгі жылдары Еуропалық парламент пен ЕО Кеңесінің 1998 жылы 22 маусымда қабылданған №98/34 Директивасы және Еуропалық парламент пен ЕО Кеңесінің 1998 жылы 20 шілдеде қабылданған «№ 98/34 Директиваға өзгерістер енгізу туралы» Директивасы шықты.

№98/34 Директива он бес жыл ішінде қабылданған ЕО-ның құқықтық актілерін кодификиялап, бірқатар жаңалықтар енгізді, оның ішінде «de facto техникалық қаулы» ұғымы анықталды, мүше-мемлекеттердің «ұлттық техникалық нормалары мен ережелерін дайындау, енгізу және өзгерту туралы» хабарламаларды Еуропалық комиссияға жеткізу мерзімдерін өзгертті, сондай-ақ техникалық үйлестіру мәселелері бойынша тұрақты комитет құрылды.

Ал, «№ 98/34 Директива «жаңа тұжырымдаманы» қызметтердің жекелеген түрлеріне, атап айтқанда, электронды режимде қашықтықтан ұсынылатын және алушының жеке сұранысы негізіндегі қызметтер түрлеріне таратты.

Қазіргі кезде техникалық үйлестіру саласында келесі мәселелерді көрсетуге болады.

1) Соңғы жылдары қабылданған шараларға қарамастан техникалық нормалар мен ережелерді дайындау процесіне әртүрлі мүдделі топтарды тартуға қатысты белгілі бір қиындықтар орын алуда. Олар техникалық үйлестірудің практикалық тиімділігіне тікелей зиянын тигізуде.

2) «Жаңа тұжырымдама» аясында қабылданған ЕҚ-ның құқықтық нормалары да кемшіліктерге ие. Мәселен, әртүрлі директиваларда ұғымдар мен терминдер арасында, сертификациялау тәртібі жағынан және т.с.с. мәселелер бойынша қарама-қайшылықтар кездеседі.

3) Стандартизация бойынша еуропалық ұйымдардың қызметтерін жүзеге асыру кезінде өздеріне артылған сенімді ақтай бермейді. Сонымен қатар олардың арасындағы кооперация деңгейінің дәрежесі де жеткіліксіз екенін атап өткен жөн.

4) Қарастырылатын күн тәртібінде ЕО мен мүше-мемлекеттер арасындағы ынтымақтастықтың жаңа тетіктерін дайындау мәселесі де тұрғанын ескеру керек.

5) Ең күрделі мәселенің бірі ретінде, бұрыннан қалыптасқан тәртіпке сәйкес, тиісті органдардың қызметін сертификаттау мен біріздендіруге дейін бірыңғай аккредитациялау тәртібін қалыптастыру, сонымен қатар ұлттық деңгейдегі қадағалауды үйлестіру мен құзыретті ұлттық ведомстволар арасындағы жүйелі түрдегі ақпарат алмасуды енгізу болып отыр.

6) Біріздендіру мен үйлестіру кезіндегі «ex ante» және «ex post» әдістерін де атап өту керек. «Ex ante» әдісіне сәйкес құқықтық нормалардың жақындасуы ұлттық нормалардың болмауы кезінде қолданылады. Мысалы, Еуропалық қоғамдастық Кеңесінің 1986 жылғы 18 желтоқсанындағы № 86/653 Директивасы «коммерциялық өкілдің өзіне тапсырылған тапсырманы орындау барысында шыққан шығындар орнын толтырылуын талап ету құқығын» орнатады. Бұрын мұндай мүмкіндік ағылшындық, бельгиялық, даниялық, испандық және

грекиялық ұлттық құқық нормаларында қарастырылмаған еді. Ал, «ex post» әдісі құқықтық нормаларды біріздендіру мен үйлестіру кезінде ұлттық реттеуде орын алған қайшылықтарды жоюға бағытталады.

Сонымен, бүгінгі таңда Еуропалық қоғамдастықтың құқықтық саясатының негізгі міндеттерінің бірі – ол құқықтық жақындасудың ең тиімді үлгісін іздестіріп табу болып отыр. Бұл болса, өз кезегінде, ортақ бірыңғай ережелердің қажеттілігі мен ұлттық реттеу «плюрализмі» арасындағы дилеммамен түсіндіріледі [35].

Мемлекеттердің ұлттық заңнамаларын жақындастырудың еуропалық практикасын зерттеу нәтижелерін қорытындылайтын болсақ, қазіргі кезеңде Еуропа Одағқ щеңберінде құқықтық жақындасу тұжырымдамасын төмендегі ретпен қарастыруға болады:

- таңдау мүмкіндігі туындаған кезде ұсыныстық сипаты бар директивалар мен тиісті шаралар қабылдануы тиіс;
- ЕО-ның құқықтық актілері нақты қарым-қатынастарға қатысты мүше-мемлекеттердің тиісті шараларымен бірге қолданылатын болса, негізгі басымдық «шеңберлі» шара (әдіс) болуы керек;
- ЕО-да бірінші орынға ең төменгі деңгейдегі талаптардың орнатылуы шығып отыр;
- құқықтық біріздендіру мен үйлестірудің басты мақсаты – ол, «заңдастырылған» ұлттық протекционизмді жою екені ерекше атап өту керек;
- жалпы бірдей қалыптасқан тәртіпке сәйкес құқықтық біріздендіру мен үйлестіру процесі трансшекаралық қарым-қатынастармен ғана шектеледі.

Еуропа Одағының мемлекеттер заңнамаларын жақындастырудағы мол тәжірибесі Еуразиялық экономикалық қоғамдастық шеңберінде толығымен қолданыла алмағындығын ерекше атап өтуіміз керек деп ойлаймыз. Мұның ең басты себебі Еуропа Одағы мен Еуразиялық экономикалық қоғамдастық шебіренідегі аймақтық экономикалық интеграцияның түрлі экономикалық үлгілер (модельдер) негізінде құрылғанында жатыр деуге болады.

Расыменде, егер Еуропа Одағында аймақтық экономикалық интеграцияның басты қағидаларының бірі – ұлттық биліктен басымдық және интеграциялық құқықтың тікелей қолданылуы қағидалары – кеңінен қолданылған болса, Еуразиялық экономикалық қоғамдастықта бұл қағидалар толыққанды түрде қолданыла алмады. Оның көптеген саяси да, экономикалық та, басқа да себептері болды және олардың барлығына біз тоқтай алмаймыз, себебі біздің зерттеуіміздің көлемі шектеулі. Басты себеп, біздің ойымызша, – ол, Еуразиялық экономикалық қоғамдастыққа қатысушы елдердің ұлттық биліктен басымдық және интеграциялық құқықтың тікелей қолданылуы қағидаларын жүзеге асыруға дайын болмауы. Аталған екі қағида кейінірек – ЕАЭО шеңберінде ғана қолданыла басталды.

Алайда, Еуропа Одағының аталмыш интеграциялық практикасы бүгінгі күні Еуразиялық экономикалық одақ тарапынан үлкен сұранысқа ие екендігіне ешқандай күмән жоқ, өйткені бұл интеграциялық бірлестік Еуропа Одағының біраз элементтерін пайдаланып келе жатыр, соның ішінде біз атап өткен ұлттық

биліктен басымдық және интеграциялық құқықтың тікелей қолданылуы қағидалары Еуразиялық экономикалық одақта бұрынғы Еуразиялық экономикалық қоғамдастыққа қарағанда неғұрлым кең түрде қолданылуда. Осыған орай, Еуропа Одағының мемлекеттер заңнамаларын жақындастыруға қатысты тәжірибесі Еуразиялық экономикалық одақ үшін үлкен қызығушылық туғызады.

Құқықты біріздендіру тақырыбы мемлекеттердің халықаралық ынтымақтастығының қарқынды дамуына байланысты құқықтанушы ғалымдардың назарын аударады, әсіресе, біріздендіру қандай әдістермен құқықтық құралдар арқылы нәтижелі болатыны және құқықты біріздендіру деп нені түсіну керек деген сұрақтар. Егер әртүрлі ұлттық құқық жүйелерінің үйлесімді өзара іс-қимылы түсінілетін құқықты біріздендірудің кең ұғымына сүйенетін болса, онда Н.Г. Доронинаның пікірінше, «мемлекеттен үстемділік қағидасының болуы мүмкін емес, керісінше, мемлекеттер арасындағы қатынастарда ымыраға қол жеткізілгенін көрсететін халықаралық-құқықтық нормалардың болуы орын алар еді» [36, 134 б.].

Осыған қарамастан интеграциялық процесті жүзеге асыру кезінде басты бір ереженің бірі ретінде мемлекеттен үстемділік мәселесі өзекті болып қала беруде. Кейбір авторлардың пікірінше, мемлекеттерге қатысты үстемдікке ие болатын ұйымдар «мемлекет егемендігінің қорғанысын бұзу қабілетімен» басқа халықаралық ұйымдардан айрықшаланады [37, 1693-1694 бб.].

Халықаралық аренада экономикалық қатынастардың жаһандануы кезінде мемлекеттер халықаралық экономикалық қатынастарды құқықтық реттеудің басты қайнар көзі болып саналатын көпжақты халықаралық шарттарға жиі жүгінеді. Қатысушылардың кең ауқымы, сонымен қатар халықаралық қоғамдастықтың кез келген мемлекетіне қатысты қозғалатын проблемаларды шешуде халықаралық конвенцияларды әмбебап немесе аймақтық үлгідегі конвенциялар деп екіге бөлуге мүмкіндік береді.

Халықаралық практика көрсеткендей, құқықты (заңнамаларды) біріздендіруде аса маңызды нәтижелерге аймақтық бірлестіктер аясында қол жеткізілгенін атап өтуге болады. Еуропалық Одақ елдеріндегі құқықтық нормаларды біріздендіру экономикалық интеграцияның осындай жоғары деңгейіне алып келді. Бұл дегеніміз, аймақтық бірлестікті саяси интеграция туралы мәселені қоя отырып, мемлекеттер конфедерациясымен салыстыруға мүмкіндік берді. Алайда, аймақтық деңгейде біріздендіру халықаралық құқықтың жалпы қағидалары мен нормаларын қолдануға негізделгенін ұмытпауымыз керек.

Мемлекеттердің экономикалық интеграциясы мүдделі мемлекеттердің күш-жігерін біріктіру жолымен уағдаласушы мемлекеттердің әрқайсысында үлкен экономикалық табыстарға қол жеткізуге мүмкіндік береді. Экономикалық интеграцияның бұл артықшылығын халықаралық қоғамдастықтағы өңірлік экономикалық құрылымдар санының өсуі куәландырады. Бұрынғы КСРО республикаларының экономикалық интеграциясын дамыту тұрғысынан екі мақсат маңызды болып табылады: мүше мемлекеттердің халықаралық сахнада

бірауыздан сөйлеуі және интеграцияға қатысушы әрбір мемлекеттің экономикалық табыстарға қол жеткізуі.

ТМД-ға қатысушы мемлекеттер үшін экономикалық интеграция, Кеңес одағы ыдыраганнан кейін айырылып қалған шетелдік нарықтарға қайта қол жеткізуге, сонымен қатар қатысушы мемлекеттер аумағында жұмыс істейтін шетелдік капиталмен қатаң бәсекелестік күрес жағдайында ұлттық өнеркәсіпті сақтауға мүмкіндік беретін жалғыз әдіс, тәсіл болып саналады. Заңгерлердің заңнаманы (құқықты) біріздендіру және үйлестіру проблемаларына жоғары қызығушылығын осымен түсіндіруге болады. Мұндай заңгерлердің қатарына Г.А. Пакерман [38], Д.Н. Сафиуллин мен М.Г. Пронина [39], О.Н. Салагин [40] және т.с.с. сияқты ғалымдарды жатқызуға болады

Экономикалық, әлеуметтік және мәдени қатынастарды халықаралық-құқықтық реттеу проблемалары қатысушы мемлекеттер арасындағы экономикалық интеграцияға қол жеткізу үшін шешуші болып табылады. Осыған байланысты әлемдік тәжірибені талдау және құқықты біріздендіру мен үйлестіруге бағытталған ТМД құжаттарын бағалау ерекше қызығушылық тудырады.

ТМД шеңберінде ұсынылған құқықтық реттеуді үйлестіру моделі қатысушы мемлекеттер жоспарланған интеграциялық процеспен жомпарланған нәтижеге қол жеткізе алмады. Мысалы, зерттеушілер «Инвестициялық қызмет саласындағы ынтымақтастық туралы» келісім (Ашхабад, 1993 ж.) ТМД аумағында әрекет ететін ТМД-ның басқа да қатысушы мемлекеттерінің инвестициялары үшін неғұрлым жеңілдетілген режимнің негізін құрайтынын атап өтеді. Келісімде анықталған ереже/норма «құқықты біріздендіру және үйлестіру қағидаларын», үшінші мемлекеттердің инвесторлары үшін «экономикалық одақтың ашықтығын сақтау қағидасын» белгілі бір дәрежеде бұзады және экономикалық интеграцияға қол жеткізуге кедергі болады. ТМД шеңберінде экономикалық интеграцияның баяу дамуының себебі құқықты біріздендіру әдісін қате таңдауда болуы мүмкін.

Мысалы ресейлік ғалым Г.А. Пакерманның пікірінше «ТМД-ның құрылуымен қатар типтік (модельдік) нормативтік құқықтық актілерді әзірлеу басталды және оның бірі ТМД елдеріндегі шетелдік инвестицияларды құқықтық реттеу саласындағы модельдік заң болды» [41]. Осы мәселеге қатысты тағы бір ғалым Д.Н. Сафиуллин: «оны құру кезінде «ұсынымдық (модельдік) заңнамалық акт ТМД институттары өздерінің ортақ мүдделері саласында әзірлейтін, ұсынымдық сипатқа ие болатын және ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің заң шығарушы органдарына оны заңнамалық қызметінде пайдалану үшін жолданатын үлгі заңнамалық акт ретінде түсінілетіні» ескерілді» - деген пікірді ұсынды [42].

Осы анықтамадан келіп шығатыны, шетелдік инвестициялар туралы үлгілік (модельдік) заң федеративтік мемлекет шеңберінде құқықты біріздендіру кезінде қол жеткізілуі мүмкін біркелкілік дәрежесіне қол жеткізуді көздемейді. Ол ТМД-ға мүше мемлекеттердің заңнамалық органдарына жолданған ұсыным болып қалады. Алайда, құқықты біріздендірудің көрсетілген тәсілі

экономикалық интеграция міндеттерін шешу үшін жеткіліксіз болуының себебі тек бұл ғана емес.

Интеграция, егер ол үйлестіру сияқты құқықты біріздендіру әдісіне негізделсе, неғұрлым қарқынды сипатқа ие болады. Шетелдік инвестицияларды құқықтық реттеуді үйлестіру құқықты біріздендірудің басқа тәсілдерінен ерекшеленеді, бұл сыртқы экономикалық қызмет саласындағы әртүрлі мемлекеттердің басқару органдарының әкімшілік реттеу нормаларының үйлесімді өзара іс-қимылын қамтамасыз етеді.

Үлгі заң көбінесе азаматтық-құқықтық реттеуді біріздендіруге қызмет етеді. Әкімшілік ықпал етудің жедел шараларын қабылдауға негізделген сыртқы экономикалық саясатты үйлестіру мақсаттарына құқықты үйлестіру әдісі неғұрлым қолайлы.

Құқықтық нормаларды үйлестіру құқықтық реттеу кезінде толық бірізділікке қол жеткізу міндеттілігінің болмауынан туындайды. Сол себептен үйлестіру құқықтық актілерді модельдеумен айрықшаланады. Үлгілік заңи актілерді дайындау жолымен біріздендіру процесі мемлекеттерден оны ұлттық заңнаманы үлгілік заңи актілермен дәлме-дәл шығаруды талап етпейді, яғни мемлекеттердің құқықшығармашылық бастамасы мен дербестігіне кедергі келтірмейді. ТМД-ға қатысушы мемлекеттер мақұлдаған модельдік заңи актілер әрбір осындай мемлекетте қабылданатын болса да, онда бұл жағдайда үлгілік заңи актілер сыртқы экономикалық саясатты іске асырумен байланысты қатынастар аясындағы реттеудің қажетті икемділігі мен жеделдігін қамтамасыз ете алмайды.

Халықаралық құжатта қатаң реттеу қағидаларына негізделген құқықты үйлестіру белгіленген шекте икемді болып саналатын экономикалық саясатты жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Бұл саясаттың жалпы бағытының тұрақтылығын сақтай отырып, өзгермелі экономикалық жағдайларға сәйкес реттеу нысанын өзгертуге мүмкіндік береді.

Құқықты үйлестіру әдісін пайдалану кезінде мемлекеттердің әлеуметтік, мәдени және сыртқы экономикалық саясатындағы айырмашылықтар ескеріледі, бұл өз кезегінде біркелкі шешімдерді талап етпейді.

Құқықты үйлестіру кезінде мемлекеттің саяси шешімдерді, оның ішінде белгілі бір мазмұндағы нормативтік актілерді (заңнамалық саясат) қабылдау жөніндегі іс-қимылын үйлестіру құқықты кең түсінудегі біріздендірудің негізін құрайды. Мұның бәрі экономикалық интеграция жағдайында ерекше мәнге ие болады.

Құқықты халықаралық конвенциялық біріздендіру тәуелсіз мемлекеттердің экономикалық интеграциясын жүзеге асыру шарттарының бірі болып табылады. Ғылыми әдебиетте біркелкі норманы құру кезінде құқықты тікелей немесе жанама біріздендіру тәсілі қолданылатын шарттарды бөліп көрсету ұсынылған еді [42, 127 б.]. Халықаралық шартта тіркелген мемлекеттің халықаралық келісімінде қамтылған бірыңғай құқықтық реттеу нормаларын дәл ұстану міндеттемесі тікелей біріздендіру тәсіліне сәйкес келеді, ал мемлекеттің

халықаралық шартта көрсетілген үлгі заңды немесе заңның үлгі нормасын ұстану міндеттемесі жанама біріздендіру тәсіліне жатады.

Құқықты үйлестіру әдісінің арқасында мемлекеттердің экономикалық одағындағы басты мақсатқа қол жеткізіледі. Голландиялық автор И. Джиттің XX ғ. басында тұжырымдалған идеясы интеграцияның негізгі мақсатын білдіреді: ол, одаққа мүше елдің заңнамалық құзыретін одақ мүдделеріне бағындыру идеясы және «мүдделерін заң шығарушы ескеруге тиіс қоғам оның өз отандастарының қоғамы, сондай-ақ әр түрлі мемлекеттер мен ұлттардың қоғамы болып табылмайды, ол барлық тұлғалардың қоғамы, яғни адамзат болып табылады» [44, 31 б.]. Ұсынылған идея белгілі бір деңгейде еуропалық нарықтың заңнамаларында жүзеге асырылды.

Құқықты біріздендіру теориясына және экономикалық ынтымақтастықтың заманауи практикасына сүйене отырып, келесідей тұжырымдар мен қорытындылар жасауға болады. Олар:

1. Әртүрлі құқық жүйелерінің үйлесімді түрде өзара әрекеттестігіне қозғалыс ретінде немесе үйлесімнің белгілі бір деңгейіне жеткен ұлттық-құқықтық жүйелердің өзара әрекеттестігі ретінде құқықты біріздендіруді кең тұрғыдан анықтау керек. Бұл ретте, «құқықты біріздендіру» ұғымын тар мағынада, яғни біркелкі құқықтық нормаларды жасау негізінде тек азаматтық заңи нормаларды біріздендіруге қатысты қолдану мүмкіндігін ескеру қажет.

2. Кең мағынада, құқықты біріздендіру біркелкі құқықтық нормаларды құра отырып, мемлекеттердің ұлттық құқықтарындағы ұқсас қатынастарды құқықтық реттеудегі ерекшеліктерді алып тастау емес, қайта халықаралық ынтымақтастық пен ұлттық құқықтық нормалармен реттелетін қатынастарды дамыту жолындағы тосқауылдарды жою болып табылады.

3. Заңи нормаларды үйлестіру ұлттық заңнаманы дайындау кезінде мемлекеттің халықаралық келісімдерде анықталып қабылданған құқықтық реттеудің белгілі бір бағытын, яғни қағидасын ұстану міндеттемесі негізінде құқықты халықаралық шарттық біріздендірудің бір түрі болып табылады.

«Құқықты біріздендіру» ұғымын кеңінен түсіну мемлекеттердің экономикалық қызмет саласындағы заңнамалық құзыретін қозғайтын бірқатар халықаралық экономикалық шарттар нормаларын біріздендіру санатына қосуға мүмкіндік береді. Бұл ретте нақты бір аймақ шеңберінде қабылданатын құқықты/құқықтық нормаларды біріздендіру бойынша жұмсалатын күш-жігер халықаралық қоғамдастықтағы құқықты біріздендіру жөніндегі жетістіктерді ескеруі тиіс.

Ендігі кезекте бізді қызығушылық тудырып отырған мәселелерді халықаралық дауларды шешу қырынан да қарастырып көрейік. Осы мәселе бойынша М.П. Бардина, Н.Г. Вилкова, Я.В. Земляченко секілді зерттеушілердің «Сыртқы сауда қатынастарынан туындайтын даулар шеңберінде төрелік соттардың шешімдерін өзара тану мен орындау мәселелері 1958 жылғы «Шетелдік төрелік шешімдерді тану және орындау туралы» Нью-Йорк конвенциясымен реттеледі. 1965 жылғы «Мемлекеттер мен жеке немесе заңды тұлғалардың арасындағы инвестициялық дауларды реттеу туралы» Вашингтон

конвенциясында да аталған мәселеге ұқсас ереже бар. Оның айрықша белгісі – инвестициялық дауларды шешуде қолданылатын арбитраж және татуласу процедуралары толығымен халықаралық жария құқыққа негізделген» - деген пікірлерін қолдауға болады [45, 13 б.].

Вашингтон конвенциясының негізінде Инвестициялық дауларды шешудің халықаралық орталығы (бұдан ары – ICSID) құрылды және ол орган Конвенцияда қарастырылған тәртіп бойынша дауларды қарастырады. Бұл аталған ерекшелік ретінде инвестициялық санатқа шетелдік инвестициялар аясындағы, яғни, шетелдік инвестор мен мемлекет арасындағы қатынастардан туындайтын даулар жататынымен түсіндіріледі.

Дауласушы мемлекеттің иммунитетіне қатысты мәселелерді анықтап шешуде ICSID-тың орны ерекше. ICSID қабылдаған шешімдер соңғы болып саналады. Бұл Вашингтон конвенциясының әсерін Нью-Йорк конвенциясының әсерінен ажыратады: «Аралық соттардан ICSID ең маңызды ерекшелігі - бұл шешімнің заңды күші. ICSID шешімі түпкілікті болып табылады және оны ішкі соттар инвестициялық дау тараптарының мойындауына негіз бермейді» [45, 15 б.].

Ұлттық инвестициялық заңнаманы жетілдіру үшін инвестициялық дауларды шешуге қатысты ICSID тәжірибесін ескеру қажет сияқты. Вашингтон конвенциясы заңды әмбебап біріздендірудің мысалы ретінде Еуразиялық экономикалық одақ шегіндегі инвестициялық қатынастарды реттеуге, басқа мемлекеттер мен бірлестіктер үшін ашықтықты сақтауға, өз қызметін Одақ ретінде де және Одаққа мүше-мемлекет ретінде де жүзеге асыруға көмектеседі. Демек, инвестициялық дауларды шешуге бойынша ұлттық инвестициялық заңнаманы жақындастыру (біріздендіру) жағынан жоғарыда аталған конвенциялардың маңызы зор деп айтуға болады.

2023 жылы Қазақстан қатысушысы болып табылатын Халықаралық жеке құқық жөніндегі Гаага конференциясының 130 жылдығы атап өтілді. Жеке мемлекеттердің ұлттық құқықтарын біріздендіруге негіз болып отырған осы халықаралық ұйымның қол жеткізген жетістіктері Еуразиялық экономикалық одаққа мүше-мемлекеттердің заңнамаларын біріздендіру және үйлестіру кезінде ескерілуі қажет.

Сонымен, жалпы қорытындылай келсек Еуропа Одағының құқықты біріздендіру және үйлестіру саласындағы мол тәжірибесі Еуразиялық экономикалық қоғамдастықтың қызметінде толық пайдаланыла алмады. Оның себебі егер Еуропа Одағында аймақтық экономикалық интеграцияның басты қағидаттарының бірі – ұлттық биліктен басымдық және интеграциялық құқықтың тікелей қолданылуы қағидалары – кеңінен қолданылған болса, Еуразиялық экономикалық қоғамдастықта бұл қағидаттар толыққанды түрде қолданыла алмады. Оның басты себебі - Еуразиялық экономикалық қоғамдастыққа қатысушы елдердің ұлттық биліктен басымдық және интеграциялық құқықтың тікелей қолданылуы қағидаларын жүзеге асыруға дайын болмауы. Аталған екі қағида кейінірек ЕАЭО шеңберінде қолданыла басталды.

1.3 Ұлттық заңнамаларды жақындастырудың жолдары

Кеңес Одағы кезінен бастап, одан посткеңестік кезеңде де халықаралық жеке құқықты біріздендіру мәселелерімен айналысқан бірен-саран басында кеңестік, кейінірек ресейлік заңгер-ғалымдар болды. Бұл ғалымдар интеграция бірлестіктері шеңберіндегі халықаралық жеке құқықты біріздендіру мәселелерін де зерттеген болатын.

Дегенмен, осыған қарамастан интеграциялық бірлестіктер шегіндегі құқықты біріздендіру мәселелері ресейлік құқықтану ғылымында жеткіліксіз деңгейде қарастырылды. Мысалы, кеңестік кезеңнен бері құқықты (заңнама) біріздендіруге қатысты зерттеулер жүргізіп келген Мәскеудегі КСРО Ғылым академиясының Мемлекет және құқық институты мен Кеңестік заңнаманың бүкілодақтық ғылыми-зерттеу институтының ғылыми қызметкерлері – заңгер-ғалымдарын ерекше атап өтуге болады.

Батыс елдерінің құқықтану ғылымына келер болсақ – оларда бұл салада өз алдына бөлек, дербес ғылыми бағыт қалыптасқан. Ғалымдардың өздері оны не интеграциялық құқық дейді, не коммунитарлық құқық деп атайды (соңғысы, көбінесе Еуропа Одағы, ал оның алдында Еуропалық Қоғамдастықтар құқығына қатысты қолданылады).

Ресейліктер өздерінің зерттеулерін жеткіліксіз десе, қазақстандық ғылымдағы зерттеулер тіптен аз. Отандық құқықтану ғылымына келетін болсақ, бізде бұл бағытта орындалған бірен-саран жекелеген ғылыми зерттеулер бар. Бірақ бұл зерттеулер, өкінішке орай, белгілі бір жүйені құрамайды. Олар әртүрлі ғалымдармен, әртүрлі бағыттарда, әртүрлі мақсаттар қою арқылы орындалған.

Мемлекеттердің ұлттық заңнамаларын біріздендіру және үйлестіру мәселелерімен айналысатын ғалымдар мен осы мәселелерге өздерінің ғылыми еңбектерін арнаған практик-мамандар жағдайдың басым көпшілігінде біріздендіру мен үйлестірудің дәстүрлі нысандарының, атап айтқанда келісім-шарттық және үлгілік (модельдік) реттеу нысандарының қыры мен сырын қарастырудан көп жағдайларда ауытқып шыға алмады. Мұны біз осы саладағы көптеген еңбектерді қарастырып шығу нәтижесінде байқадық.

Дегенмен, мемлекеттердің ұлттық заңнамаларын біріздендіру мен үйлестірудің жоғарыда атап өткен дәстүрлі нысандарын бұл құбылыстардың құқықтық ерекшеліктерін көрсету үшін жеткіліксіз деп санайтын ғалымдар да, көп болмағанымен, бар екенін айтып кетуіміз керек.

Мәселен, бүгінгі күні ғылымның осы бағытында еңбектеніп жүрген ізденушілердің ішінен Е.Е. Рафалюк деген ғалымды атап өтуге болады. Ол, азаматтық, кәсіпкерлік, отбасылық және халықаралық жеке құқық саласындағы ғылыми бағыты шеңберінде Латын Америкасындағы интеграциялық бірлестіктердің соттарымен шығарылған шешімдерді жан-жақты қарастырып, оларды терең ғылыми талдаудан өткізіп, бұл шешімдерді халықаралық жеке құқықты біріздендірудің бірден-бір нысаны, яғни, формасы екенін ғылыми тұрғыдан дәлелдеп шыққан ізденуші-ғалым.

Бұл ғалымның осы мәселе бойынша пікірін келтіретін болсақ, ол қазіргі жағдайда халықаралық жеке құқықты біріздендірудің дәстүр бойынша бұрынғыдан келе жатқан нысандарды, атап айтқанда конвенциялық нысанды және үлгілік (модельдік) реттеу нысанын, шетелдік элементпен күрделенген жеке құқықтық қатынастарды құқықтық реттеу үшін жеткіліксіз деп есептейді. Мәселен, Е.Е. Рафалюк «интеграциялық бірлестіктер шеңберінде осы бірлестіктердің уәкіл етілген органдарының құқық шығару қызметі арқылы жүзеге асырылатын құқықты біріздендірудің жаңа нысаны пайда болды», - дейді [46, 3 б.].

Құқықты біріздендірудің пайда болған жаңа нысаны интеграциялық бірлестіктердің уәкіл етілген органдарының құқық шығару жұмысымен шектелмейді. Мұндай жаңа нысанды біз келесі (2-ші) бөлімде Еуразиялық экономикалық одақтың Парламентаралық ассамблеясы қызметі мысалында көрсететін боламыз.

Е.Е. Рафалюктың айтуынша Латын Америкасы аймағында халықаралық жеке құқықты біріздендіруге интеграциялық бірлестіктер соттарының қызметі айтарлықтай елеулі әсер етті. Алайда, осыған қарамастан, бұл ізденушінің пікіріне сәйкес ресейлік құқықтану ғылымы мұндай соттардың құзыреті, қызметінің ұйымдастырылуы мен тәжірибесі (практикасы) туралы көп біле бермейді, сондықтан оларды ғылыми тұрғыдан зерттеу аталған ақпараттық-ғылыми ақтаңдақты толықтыруға мүмкіндік береді [46, 4 б.].

Біздің ойымызша, Латын Америкасының интеграциялық сот органдарын былай қоя тұрып, өзіміздің өңірдегі Еуразиялық экономикалық қоғамдастық соты мен оның орнын басқан қазіргі ЕАЭО Соты туралы отандық ғалымдар да, бұрыңғы кеңес республикаларының ғалымдары да көп жағдайларда хабарсыз. Олар аталған сот органдарының құзыреті мен қызметінің ұйымдастырылуы және тәжірибесі туралы біле бермейтіні айдан анық.

КСРО-ның соңғы жылдарында кеңестік ғылымда Еуропалық қоғамдастықтар туралы еңбектер біртіндеп көбейе бастады. Сол ғылыми еңбектердің ішінде заңгер-ғалым М. Энтиннің Еуропалық Қоғамдастықтар Сотын мысал ретінде пайдаланып интеграциялық бірлестіктердің сот органдарын жан-жақты қарастырып шыққан еңбегін ерекше атап өтуіміз керек. Мұның себебі кеңестік ғалым өзінің аталып отырған еңбегінде Еуропалық Қоғамдастықтар Сотын Батыс Еуропа аймағындағы интеграцияны қамтамасыз етудің құқықтық нысандарының бірден-бірі ретінде дәрежелейді [47, 94-95 бб.].

- «Құқықты біріздендіруді кең мағынада, яғни әртүрлі елдердің құқықтық жүйелерінің өзара үйлесімді әрекеттесуі ретінде түсіну саяси тәуелсіз мемлекеттердің экономикалық интеграциясының мән-жайларына қатысты дұрыс болып табылады», - дейді Г.А. Пакерман [38, 85 б.]. Осы ойды жалғастыра отырып, Е.Е. Рафалюк: «мемлекетаралық интеграциялық бірлестіктер шегіндегі ұлттық құқық арқылы реттеуді үйлесімге келтіру құралдарының бірі болып – аймақтық интеграциялық соттардың практикасы табылады», - деп басып айтады. Бұл тұжырымын дәлелдеу үшін ол Еуразиялық экономикалық қоғамдастық Соты Регламентінің 2-ші бабына сілтеме жасай отырып [48], «ЕурАзЭҚ Сотын

құрудың мақсаты ЕурАзЭҚ құқығын қалыптастыру болып табылады, ал ЕурАзЭҚ құқығы, өз кезегінде, ЕурАзЭҚ, Кеден одағы және Бірыңғай экономикалық кеңістік шеңберінде жасалған халықаралық келісім-шарттардың, аталған бірлестіктер органдары шешімдерінің тиісті орындалуы мен біркелкі қолданылуын қамтамасыз ету, сондай-ақ Соттың құзыретіне кіретін дауларды шешу жолымен қалыптастырылады» - деп қорытынды жасайды [49, 190 б.].

Ескеретін бір жағдай – біріншіден, халықаралық жеке құқыққа қатысты және екіншіден, мемлекеттердің ұлттық заңнамаларын халықаралық интеграциялық соттар арқылы жақындастыруға қатысты ғалымдардың «үйлестіру» ұғымын тіптен пайдаланбауы, әрі «үйлестіруді» ұлттық заңнамаларды жақындастырудың нысаны ретінде тіптен қарастырмауы. Оның орнына олар заңнамаларды жақындастырудың тек бір ғана нысанын қарастырады – ол біріздендіру, яғни унификация. Оның себебі, біздің ойымызша, біріздендіруді үйлестірудің белгілі бір түрі ретінде қарастыруда жатыр. Мысалы, ресейлік ізденуші Е.А. Крутий біріздендіру үйлестірудің бір түрі болып табылады деп нақты көрсетеді. Е.А. Крутий: «біріздендірудің нәтижесі – әртүрлі мемлекеттердегі құқықтық қатынастарды реттеу үшін қолданылатын «айырмашылығы нөлдік дәрежедегі» нормалардың пайда болып табылуы», - дейді. Үйлестіру құқықтық нормаларды барынша ұқсас қылуға бағытталған, бірақ олардың міндетті түрде бірдей болатынын пайымдамайды [50, 7 б.].

Белорустық ізденуші-ғалым Л.В. Царева біріздендіруді мемлекеттер құқықтарын жақындастырудың өзге тәсілдерінен ажырату үшін ең басты және анықтаушы белгі деп есептейді. Шынымен де, құқықтық ақпаратпен алмасу, әртүрлі құқықтық теориялардың, ілімдер мен көзқарастардың бір-біріне сіңісуі, жекелеген мәселелерді реттеуде ұқсас тәсілдерді қатар жасасу, ішкі заңнамада бірдей құқықтық нормаларды құру және т.с.с. нәтижелерінде іске асырылатын мемлекеттер құқықтарын жақындастыру тәсілдері біріздендіруге барынша ұқсас болып келеді [51, 179 б.].

Сонымен, біз заңнамаларды және құқықты біріздендірудің дәстүрлі нысандарына келісім-шарттық (конвенциялық) және үлгілік (модельдік) реттеу нысандарын жатқыздық. Біріздендірудің түсінігі мен анықтамасы жоғарырақ жерде берілгендіктен бұл сұраққа тоқтаудың керегі жоқ деп ойлаймыз.

Құқықтық біріздендірудің дәстүрлі нысаны болып халықаралық келісім-шарттарды қабылдау арқылы жүзеге асырылатын мемлекетаралық құқықтық ынтымақтастық табылады. Әртүрлі ғалымдар бұл нысанды әртүрлі қылып атайды – халықаралық-құқықтық біріздендіру, конвенциялық біріздендіру, келісім-шарттық біріздендіру. Бұл біріздендірудің кеңінен қолданылып келе жатқан нысаны, бірақ мұның өз кемшіліктері бар. Мұндай кемшіліктер қатарына Л.В. Царева, біріншіден, халықаралық шарттарды дайындау мен оларды қабылдау мерзімдерінің ұзақтығы, екіншіден, халықаралық шарттардың күшіне ену процедурасы күрделіл және ұзақ уақытты алу салдарынан олардың жекелеген мемлекеттерде ғана түрлі уақытта күшіне еніп отыруын, үшіншіден, күшіне енген шарттардың өзін қолданылуы жағынан қысқартып тастайтын айрықша ережелер мен ескертпелер жүйесін, төртіншіден, келісім-шарттардың

әрекет ету аясының шектелуі есебінен пайда болатын құқықтық реттеудің бөлшектігі, бесіншіден, келісім-шарттар мазмұнының консервативті сипатын жатқызады [51, 180-181 бб.]. Халықаралық құқықтық не конвенциялық (келісім-шарттық) біріздендіру нәтижесінде біріздендірілген материалдық және коллизиялық нормалар пайда болады.

Жекелеген мемлекеттердің заңнамасын біріздендіру нысандары көп жағдайларда олардың халықаралық интеграциялық ұйымдарға қатысуымен байланыстырылады. Шынымен де, мұндай интеграциялық ұйымдар барлық мүше-елдердің аумақтарында міндетті түрде қолданылатын нормативтік құқықтық актілерді шығару өкілеттіктеріне ие болады. Мысалы, Еуропалық Одақ шеңберінде құқықты біріздендірудің тиімді құралы болып оның тиісті органдарымен қабылданатын регламенттері табылады. Сол сияқты бейресми түрде біріздендірілген құжаттардың нормаларын да атап өту керек. Бұл жұмыспен айналысатын арнайы халықаралық ұйымдар бар (мысалы, УНИДРУА, ЮНСИТРАЛ, т.с.с.). Алайда бұл құжаттардың қолданылуы үшін азаматтық келісім-шарт тараптарының келісімі немесе мұндай келісім-шартқа қолданылатын құқықтың ережесі әлде істі қарастырып отырған сот не арбитраж органының бастамасы керек екендігін айтып кетейік.

Үлгіні (модельді) реттеу арқылы жүзеге асырылатын біріздендіру мәселелері еңбегіміздің келесі бөлімінде қарастырылатын болғандықтан, бұл жерде оларға тоқтамаймыз.

Халықаралық жеке құқықтағы біріздендіру және үйлестіру мәселелері: жалпы сипаттама.

Ұлттық заңнамаларды жақындастыру жолдарын халықаралық жеке құқыққа қатысты қарастырып өткенді жөн көріп отырмыз.

Қазіргі әлемнің айрықша белгілері әлемдік экономиканың жаһандануы, халықаралық аренадағы экономикалық интеграцияның өрісінің кеңеюі, тұрғын-халықтың халықаралық қозғалысының артуы, ғылыми, білім беру және мәдени өзара әрекеттестіктің күшеюі болып табылады.

Мемлекеттердің өзара тәуелділігі адамдардың азаматтығына және тұрғылықты жеріне қарамастан қарым-қатынастардың кеңеюіне, сондай-ақ әртүрлі елдердің заңды тұлғалары арасындағы іскерлік байланыстардың өсіп-өнуіне алып келеді. Осының барлығы объективті түрде шетелдік қатынастармен күрделенген жеке қатынастардың құқықтық реттелуін кеңейту және жетілдіруді қажет етеді, осыған байланысты халықаралық жеке құқықтың (бұдан әрі – ХЖҚ) осындай қатынастарды реттеуші ретіндегі рөлі артып келеді.

Қазіргі әлемдегі ХЖҚ маңыздылығының күшеюі құқықтың осы саласы бойынша іргелі және қолданбалы зерттеулерге серпін береді, оны оқыту сапасын жақсартуға көмектеседі, ХЖҚ-ның жаңа өзекті және көп зерттелмеген мәселелерін зерттеу үшін қолайлы жағдай жасайды.

Қазіргі заманғы ХЖҚ мәселелерінің бірі оның даму тенденцияларын анықтау болып табылады. Мәселе ХЖҚ-ның жоғары динамикасына, оның мазмұнын әртараптандыруға және қайнар-көздері мен нормалардың жиі өзгеруіне байланысты болып отыр. Осының нәтижесінде қазіргі әлемнің

барлығына немесе көптеген елдеріне тән ХЖҚ дамуының тұрақты бағыттарын түсіну қажеттілігі туындайды. Қазіргі кезде ХЖҚ дамуындағы нақты айқындалған жалпыға ортақ тенденцияларға, ғалымдарға сенетін болсақ, мыналарды жатқызуға болатын сияқты.

1. Халықаралық жеке құқықтағы біріздендіру. Құқықты біріздендіру – әр түрлі мемлекеттердің құқықтарында мазмұны бірдей, біркелкі нормаларды жасау процесі. Құқықты біріздендіру мәселесі бойынша зерттеуші-ғалым Н.Н. Остроумов «мемлекеттер мақсатты және бірлесіп жүзеге асыратын, оларды өз құқығының нормалары ретінде әртүрлі елдердің мемлекетішілік құқығымен қабылдауға арналған және осыған байланысты халықаралық жеке құқықтық қатынастарды біркелкі реттейтін ережелер жасауды білдіреді» - деген [52, 140 б.]. Демек, ХЖҚ-ны біріздендіру – шетелдік элементпен асқынған жеке қатынастарды реттейтін ХЖҚ-ның коллизиялық және материалдық біркелкі нормаларын қалыптастыру.

Біріздендірудің қажеттілігі жеке қоғамдық қатынастарды (азаматтық, отбасылық, еңбек) реттейтін әртүрлі ұлттық-құқықтық жүйелер нормаларының біркелкі еместігінен пайда болды.

Жеке қоғамдық қарым-қатынас шетелдік элементпен күрделенген жағдайда, оны реттеуге бірнеше ұлттық-құқықтық жүйе үміткер бола бастайды. Алайда, мемлекеттердің осы ұлттық-құқықтық жүйелерінің нормаларын бір уақытта пайдалану олардың бірегей болмауынан, бірдей еместігінен мүмкіндік туғызбайды. Осыған сәйкес коллизиялық нормаларды пайдалану мен оның негізінде қарым-қатынасы тығыз байланысты ұлттық-құқықтық жүйені таңдау қажет.

Біріздендіру өзінің ішкі мазмұны бойынша бірдей нормаларды жасау арқылы қолданылатын ұлттық-құқықтық жүйені таңдау проблемасын жоюға мүмкіндік береді. Құқықтық нормалардың мазмұнындағы біркелкілік негізінен олардың арасындағы коллизиялардың пайда болу мүмкіндігін болдырмайды. Осылайша, біріздендірудің алғышарты мемлекеттерінің құқықтық жүйелері нормаларының біркелкілігінде, ал оның мақсаты – олардың бірдей болуын мүмкіндігінше қамтамасыз ету болып табылады.

Біріздендіру интернационалдық сипаттағы қарым-қатынастарды құқықтық реттеуге айқындылық пен болжамдылықты енгізуге, сондай-ақ оларды құқықтық нормаларды реттеуге икемделуіне мүмкіндік туғызады. Қазіргі жағдайда құқықты біріздендіру өмірлік қажет болып отыр, өйткені ол В.В. Кудашкин: «әділ пікірі бойынша, «әлемдік қоғамдастық шеңберінде әлеуметтік-экономикалық қатынастардың жаһандануының объективті үрдістеріне байланысты» - деген пікір қалдырған [53, 135 б.].

ХЖҚ нормаларын біріздендіру процесі екі кезеңнен тұрады. Біріздендірудің бірінші кезеңінде халықаралық келісім-шарт нысанында қажетті халықаралық-құқықтық нормалардың жиынтығы құрылады да, сәйкесінше мемлекеттер сол құқықтық нормаларды қолдануды қамтамасыз етуге қатысты халықаралық-құқықтық міндеттемелерді орындайды. Халықаралық келісім-

шарттың нормалары осындай шарттың тараптары болып табылатын мемлекеттер үшін ғана міндеттілік сипатқа ие болады.

Соңғы он жылдықта ХЖҚ қайнар көздерінің құрылымында халықаралық-құқықтық нормалардың рөлі артып, алатын үлесінің ұлғайғаны таңқаларлық жағдай емес. Қарастырылып отырған ХЖҚ-ғы біріздендірудің бірінші кезеңінің айрықша белгісі – оны көп жағдайда халықаралық ұйымдар шеңберінде жүзеге асыру болып табылады.

ХЖҚ-та құқықты біріздендірумен айналысатын мамандандырылған басты халықаралық ұйымдар Халықаралық жеке құқық жөніндегі Гаага конференциялары, Жеке құқықты біріздендіру жөніндегі Рим институты (УНИДРУА), БҰҰ-ның халықаралық сауда құқығы жөніндегі Комиссиясы (ЮНСИТРАЛ), Халықаралық сауда палатасы болып табылады.

Біріздендірудің екінші кезеңі – шартқа қатысушы мемлекеттердің ішкі заңдарымен халықаралық құқық нормаларын қабылдауға келіп тіреледі. Нәтижесінде әр түрлі мемлекеттердің ішкі құқығында мазмұны бойынша бір-біріне толық сәйкес келетін нормалар пайда болады.

Халықаралық шарт нормаларының ішкі құқық нормаларына айналуы ұлттық нормативтік құқықтық актілер арқылы жүзеге асырылады. Осындай нормативтік құқықтық актілер арқылы ұлттық құқықтағы біріздендірілген нормалардың орны айқындалады: егер халықаралық келісім-шарт заң нысанында инкорпорацияланатын болса, онда оның нормалары заң күшіне ие болады; егер шарт заңға тәуелді актімен енгізілетін болса, онда оның нормалары тиісті заңға тәуелді актінің заңдық күшіне ие болады.

Біріздендіру процесі алуан қырлы құбылыс болуына байланысты ол түрлі негіздер бойынша жіктелуі мүмкін.

1. Біріздендіру біркелкі реттеуге ұшыраған нормалардың сипатына қарай бөлінеді. Халықаралық жеке құқық маманы, зерттеуші-ғалым Л.П. Ануфриева «осы белгі бойынша коллизиялық және материалдық нормалардың біріздендірілуі және аралас біріздендірілу деп бөлінеді» - деген [54, 37 б.].

Коллизиялық нормаларды біріздендіруге мысал ретінде 1973 жылғы «Алименттік міндеттемелерге қолданылатын құқық туралы» Гаага конвенциясын; ал материалдық нормаларды біріздендіруге мысал ретінде 1988 жылғы «Халықаралық қаржы лизингі туралы» Оттава конвенциясын; ал аралас біріздендіруге мысал ретінде әртүрлі жылдарда қабылданған көпжақты және екі жақты «жеткізудің жалпы шарттарын» келтіруге болады.

2. Біріздендіру бірыңғай реттелуге жататын жеке құқықтық қатынастардың түріне қарай келісім-шарт құқығын, деликтілік құқықты, зияткерлік меншік құқығын, мұрагерлік құқығын және т.б. біріздендіру деп бөлінеді. Осылайша, 1952 жылғы «Жалпыға бірдей авторлық құқық» Конвенциясы авторлық қатынастарды құқықтық реттеудің мемлекеттен үстем тұрған қайнар көз ретінде танылады.

3. Біріздендіру оның деңгейіне байланысты әмбебап, аймақтық және жергілікті болып бөлінеді. Әмбебап біріздендіру дүние жүзінің барлық мемлекеттеріне арналған, демек, оған қатысты халықаралық келісім-шарттар

барлық мемелекетке бірдей қатысуға ашық болады (1980 жылғы «Тауарларды халықаралық сатып алу-сату шарттары туралы» Вена конвенциясы).

Аймақтық біріздендіру мемлекеттердің санының шектеулімен, мысалы халықаралық аймақтық ұйымдарға қатысушы мемлекеттерге қатысты жүзеге асырылады (1993 жылғы «Азаматтық, отбасылық және қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек және құқықтық қатынастар туралы» Минск конвенциясы).

Жергілікті біріздендіруге екіжақты келісім-шарттарды жатқызуға болады, және осыған байланысты жергілікті біріздендірудің деңгейі ең төмен болып табылады (екі мемлекет арасындағы «Азаматтық, отбасылық және қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек және құқықтық қатынастар туралы» Шарт).

Сонымен қатар, біріздендіру процесін жүзеге асыру кезінде едәуір құқықтық сипаттағы кедергілер пайда болады және ондай кедергілер қатарына біздің ойымызша, мыналар жатады:

Біріншіден, қазіргі халықаралық құқық мемлекеттердің қандай да бір нақты халықаралық шартқа қатысуға міндеттемейді. Демек, Шартқа қатыспайтын мемлекетте шарттың мәнін құрайтын қоғамдық қатынастар өзгеше жолмен реттеледі. Сонымен қатар, ХЖҚ-ның ұлттық, діни, мәдени, тарихи айырмашылықтары басым болатын отбасылық және мұрагерлік қатынастар секілді бірнеше салаларында біріздендірудің табыстары тым қарапайым.

Екіншіден, барлық жағдайда біріздендірілген реттеу толық болмайды, ал бұл ақтаңдақтардың орын алуына алып келеді. Осының салдарынан халықаралық шарттан тыс жерлерде, яғни оның «қолы жетпеген бөлігінде» ұлттық-құқықтық алуан түрлілік қалып қояды да, коллизиялардың пайда болуы үшін қолайлы негіз туындайды.

Үшіншіден, халықаралық шартқа қатысушы мемлекет көп жағдайда шарттың жекелеген ережелерін қолданбау туралы ескертуді пайдалана алады, бұл тіпті қатысушы мемлекеттердің өзінде қатынастарды құқықтық реттеуде әртүрлілікті тудырады. С.Ю. Марочкиннің айтуынша «халықаралық құқық нормаларының қолданылуын шектеудің одан да қызықты жағдайлары кездесіп тұрады» [55, 161-163 бб.].

Төртіншіден, біріздендірілген нормалардың басым бөлігі диспозитивті сипатқа ие болады. Бұдан қатысушы мемлекеттің ішкі заңнамасында осы нормалардан бас тарту мүмкіндігі қалады не оларды нақты азаматтық-құқықтық шартта өзгерту мүмкіндігі қажет.

Бесіншіден, халықаралық шарттар санының қарқынды өсуі «біріздендірілген нормалар арасындағы қайшылықтардың туындауына себепші болады» [56, 30 б.], бұл болса халықаралық құқықтық реттеудің тұтастығына объективті түрде соққы береді.

Сонымен қатар, жеке қатынастарды халықаралық-шарттық біріздендірудің көп баламалы жағдайлары туындауы мүмкін, егер бір халықаралық шарт әр түрлі мемлекеттер үшін әртүрлі редакцияларда әрекет етсе. Мысал ретінде А.Л. Маковский: «қазіргі заманғы және жетілдірілген 1999 жылғы Монреаль конвенциясы бар кезде 1929 жылғы Варшава конвенциясы қолданылуын

жалғасуда. Осыған байланысты 1929 жылғы Варшава конвенциясын ақылға қонымды және әділ түрде әрекет ету күшін жойып, 1999 жылғы Монреаль конвенциясының жаңа реттеуіне көшуге болар еді», - деген пікір білдіреді [57, 130 б.].

2. Халықаралық жеке құқықтағы үйлестіру. Құқықтың үйлесімділігін оның айырмашылықтарын жоюға немесе азайтуға бағытталған түрлі мемлекеттердің құқықтарын жақындастыру процесі ретінде анықтауға болады. ХЖҚ үйлестіру бір жақты және өзара болуы мүмкін. Бір жақты үйлестіру кезінде бір мемлекет басқа мемлекеттің құқықтық нормаларын қабылдайды. Бұл жағдайда Г.К. Дмитриеваның байқағанындай, «нақты мемлекеттің құқығы емес, неғұрлым дамыған құқықтық жүйелердің тәжірибесі қабылданады» [58, 187 б.].

Мысалы, Бельгияда Францияның Азаматтық кодексі (1804 ж. Наполеон кодексі) енгізілді. Халықаралық шарттардың ережелерін тиісті шартқа қатыспайтын елдердің ішкі құқық нормаларында жаңғырту біржақты үйлестіру нұсқасы деп санауға болады. Мәселен, Ресей 1931 жылы қабылдаған Женева Чек конвенцияларының тарабы болмаса да осы конвенциялардың көптеген нормаларын өзінің Азаматтық кодексінде енгізген.

Өзара үйлестіру кезінде мемлекеттер құқықты жақындастыруға бағытталған келісілген, үйлестіру шараларын қабылдайды. Өзара үйлестіру, әдетте, халықаралық ұйымдар мен органдардың қарарлары түрінде не модельдік (үлгілік) актілерді құру түрінде көрініс табады. Соңғылары ұсынымдық сипатқа ие және ұлттық заң шығарушылар үшін негіз, бағдар және тиісінше әр түрлі елдердің ішкі заңнамасының жақындасу факторы болып табылады. 2001 жылғы Электрондық қол қою туралы ЮНСИТРАЛ типтік заңы және 1985 жылғы Халықаралық коммерциялық төрелік туралы ЮНСИТРАЛ Заңы әмбебап үйлестірудің мысалы болып табылады; аймақтық үйлесімділіктің үлгісі ретінде 1994 жылғы ТМД елдерінің Модельдік Азаматтық кодексін келтіруге болады [58, 135 б.].

Үйлестіру мен біріздендірудің ара жігін ажырату проблемасы өзектілікке ие болып отыр, ол үйлестіру кезінде халықаралық шартпен бекітілген мемлекеттердің халықаралық-құқықтық міндеттемелерінің болмауынан тұрады.

Біріздендіру, керісінше, мемлекеттің ішкі құқықтық жүйеде халықаралық шарттың нормаларын қолдану міндеттемесін тудырады. Үйлестіру кезінде нормалар тек мазмұны бойынша жақындайды, бірақ біріздендіру салдарынан бірдей болмайды. Бұдан басқа, біріздендірілген нормалар халықаралық шартта болады, ал үйлестірілген нормалар негізінен халықаралық субвенцияланбаған нормаларда және ұлттық нормативтік құқықтық актілерде бекітіледі.

Демек, үйлестірілген нормалар коллизиялық проблеманы жоймайды, яғни ұлттық-құқықтық жүйелердің нормалары арасында қайшылықтардың туындау ықтималдығы қала береді.

3. Халықаралық жеке құқықтың доместикациясы (лат. Domestisus - үй). ХЖҚ нормаларын белсенді біріздендіруге қарамастан, олар жеке қоғамдық қатынастарды құқықтық реттеуде толық біркелкілікті қамтамасыз етпейді. Яғни халықаралық шарттың нормалары ұлттық-құқықтық жүйелерде өзіндік

ерекшеліктермен түрліше түсініктер беріледі және қолданыста болады, яғни қатысушы мемлекеттерде халықаралық шарттың нормаларын «қысқарту», олардың қандай да бір мемлекеттің ерекшелігіне сәйкес бейімделуі болып табылады.

Доместикацияға қарсы іс-қимыл нақты халықаралық шартта пайдаланылатын терминдер мен құқықтық ұғымдарды дәлме-дәл түсіндіру, сондай-ақ мемлекеттен үстем жоғары уәкілетті органға тиісті халықаралық шарттың нормаларын түсіндіру функциясын беру болып табылады. Атап айтқанда, 1993 жылы қабылданған ТМД елдерінің «Азаматтық, отбасылық және қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек және құқықтық қатынастар туралы» Минск Конвенциясының нормаларын түсіндіру құқығы ТМД Экономикалық сотының құзыра өтті. Сонымен қатар, доместикация тек ұлттық деңгейде де көрініс таба береді. Оған нақты мысалы ретінде Франция мен Бельгияны айтуға болады: онда азаматтық құқықтық-қатынастардың реттелуі құқықтың бір қайнар көзі Наполеон кодексімен қамтамасыз етілгенімен, құқықты қолдану шешімдерінің сәйкестігі байқалмайды.

4. Халықаралық жеке құқықтың либерализациясы. Либерализация процесі коллизиялық нормалардың қатаң коллизиялық байламдардан неғұрлым икемді байламдарға ауысуынан тұрады. Атап айтқанда, бұл ерік автономиясының рөлінің күшеюі, оны неке келісім-шарттары, еңбек шарттары секілді қатынастардың жаңа түрлеріне таралуы; неғұрлым тығыз байланыс заңы мәнінің артуы; біржақты коллизиялық нормалар санының қысқаруы.

«Каучукты» және бағалаушы құқықтық тұжырымдар кеңінен тарай бастайды: қарым-қатынас мәнінің заңы; келісім-шарттың өз құқығы; ақылға қонымды мерзім; тараптардың болжамды ниеттері және т.б. Сондай-ақ соңғы жылдары халықаралық сауда мәмілелерінің тараптары құқықты «теріс» таңдауды жүзеге асыратын жағдайлар да жиі кездесе бастады. Оның мәні келесіде: қолданылуға жататын құқық туралы ережені қолданудың орнына тараптар өздерінің қарым-қатынастары құқықтың жалпы қағидаларымен, не өркениетті халықтармен танылған қағидалармен және т.с.с. реттелетінін көрсетеді. Осыған байланысты А.С. Комаров «мұндай жағдай Тараптардың өз қарым-қатынастарына кез-келген мемлекеттің ұлттық құқығын қолдану ниетінің жоқтығын көрсетеді» - деп негізді байлам жасады [57, 131 б.]. Либерализацияның материалдық-құқықтық қыры да бар, ол диспозитивтік материалдық нормалар санының көбейуінен көрініс табады.

5. Ұлттық деңгейде халықаралық жеке құқықты жүйелендіру. Құқықты жүйелендіру «нормативтік-құқықтық актілерді олардың мазмұнын сыртқы немесе ішкі өңдеу арқылы бірлікке енгізу процесі» екендігі белгілі [60, 626 б.].

Бұл ретте шетелдік элементі бар жеке қатынастарды реттеуде заң үлкен рөл атқарады, ал заңға тәуелді нормативтік құқықтық актінің мәні айтарлықтай төмендейді. ХЖҚ нормаларын жүйелендіру кезінде мемлекеттер негізгі екі нысанда: жалпы және салалық жүйелендіру арқылы жүзеге асырады. Жалпы жүйелеу кезінде коллизиялық нормалар, қағида-нормалар, сонымен қатар

маңызды болып саналатын материалдық нормалар шоғырланған «Халықаралық жеке құқық туралы» бірыңғай арнайы Заң қабылданады. XX ғ. екінші жартысында мұндай заңдар Австралия (1993 ж.), Австрия (1978 ж.), Венгрия (1979 ж.), Венесуэла (1998 ж.), Польша (1965 ж.), Румыния (1992 ж.) және басқа да бірнеше мемлекеттерде қабылданды. Халықаралық жеке құқық саласындағы заңды қабылдау қажеттілігіне кеңестік зерттеушілердің өздері де (мысалы, В.И. Кисиль) талай назар аударды [61, 102-104 бб.].

Алайда, ТМД елдерінің ХЖҚ саласындағы заңнамасы салалық жүйелендіру арнасында дамуда, бұл ретте ХЖҚ нормалары салалық заңдардың (мысалы, азаматтық кодекстердің) бөлімдерінде топтастырылады. Мұның мысалы Азаматтық және Отбасылық кодекстердің тиісті бөлімдері бола алады. Әлем елдерінде жүйелеудің екі моделі (үлгісі) де жиі ұштастырыла басталды. Мысалы, Украинада ХЖҚ туралы Заңмен бірге Еркін экономикалық аймақтар туралы Заң бірге қолданылады. Аралас жүйелеуді пайдаланудың орындылығы жекелеген ғалымдармен негізделеді [62, 130-131 бб.]; [63, 147–151 бб.].

6. Халықаралық жеке құқықтың әрекет ету аясын кеңейту. Аталған процестің алғашқы көрінісі – іс-қимыл орбитасына қоғамдық қатынастардың жаңа түрлерін тарту. Оларға компьютерлік және телекоммуникациялық технологияларды пайдалану және қолдану, интернет желісін пайдалану және интернет желісінде орналастырылған туындыларға авторлық құқықтарды қорғау, ғарыш қызметін коммерцияландыру, трансшекаралық банкроттық жөніндегі қатынастар жатады.

Екінші көрініс – қолданыстағы ХЖҚ салалары аясында жаңа құқықтық мәселелерді қалыптастыру. Мысалы, халықаралық шарттық міндеттемелер аясында жақында халықаралық лизинг және халықаралық факторинг, халықаралық кепілдіктер және міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз ету институттары құрылды.

Халықаралық сатып алу-сату институты шеңберінде электрондық сауданы реттейтін құқықтық нормалар кешені қалыптастырылуда. Қатынастардың жаңа салалары заңды түрде халықаралық-құқықтық біріздендіру орындарына айналады.

Қарастырылған үрдістер әмбебап сипатқа ие, өйткені қазіргі әлемнің көптеген мемлекеттерін қамтиды. Олардың кеңістіктегі және мемлекеттердің шеңберіндегі көріністерінің қарқындылығының әртүрлі дәрежесіне қарамастан, осы ХЖҚ эволюциясының бағыттары тұрақты сипатқа ие. Алайда, қазіргі кезеңдегі ХЖҚ дамуының жалпы оң динамикасын атай отырып, зерттелетін құқық саласының дамуының өзіндік «кемшіліктерін» білдіретін теріс заңдылықтарды (біріздендірілген нормалар арасындағы коллизия, доместикация) атап өту керек.

Сонымен, осы бөлімше шеңберінде біздің қарастырып өткен халықаралық жеке құқықтағы біріздендіру мәселелері мемлекеттердің ұлттық заңнамаларын жақындастырудың басты жолдарына тікелей қатысты екенін байқауға болады. Бөлімшенің басында көрсетіп кеткеніміздей, XX ғасырдың аяғына дейін мемлекеттердің ұлттық құқығы мен заңнамасын біріздендіру мен үйлестірудің

кеңінен қолданылып келген саласы халықаралық жеке құқық болған. Тек XX ғасырдың соңы мен XXI ғасырдың бастапқы кезеңінде ғана біріздендіру мен үйлестіру үрдістері жария құқық мәселелеріне де көбірек тарала бастады. Ең алдымен бұл тенденция Еуропа Одағының тәжірибесіне тән болғанын айта кетейік.

Уақыт өте осы ЕО-ның интеграциялық тәжірибесін басшылыққа алған бірлестіктер де өздерінің интеграциялық қызметінде халықаралық жария құқық мәселелеріне көбірек көңіл бөле бастады. Дегенменен, халықаралық жеке құқыққа қатысты біріздендіру мен үйлестіру мәселелері екінші орынға ығысты деп айтуға болмайды – олар осы күнге дейін интеграция құқығының басты мәселелерінің бірі болып қала бермек.

2 МЕМЛЕКЕТТЕРДІҢ ЗАҢНАМАЛАРЫН БІРІЗДЕНДІРУ ЖӘНЕ ҮЙЛЕСТІРУ БОЙЫНША ЕУРАЗИЯЛЫҚ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ҚОҒАМДАСТЫҚТЫҢ ТЕТІКТЕРІ

2.1 Еуразиялық экономикалық қоғамдастықтың қалыптасуы және оның мүше-елдерінің заңнамаларын жақындастыру тетіктері: жалпы сипаттама

Еуразиялық экономикалық қоғамдастықтың тарихы оның ресми құрылуы сәтінен әлдеқайда бұрын басталған болатын. 1991 жылы Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы халықаралық құқық пен геосаяси болмыс ретінде құрдымға кетті, ал оның он бес республикасы арасындағы экономикалық байланыстар ғасырлар бойы қалыптасқан еді.

Осы жылдар ішінде әрбір республиканың өңірлік мамандануы қалыптасты. Өнімнің маңызды түрлерін өндіруде пайдалы қазбалардың болуына, сондай-ақ ірі өндірістерді орналастыру орнына қатысты саяси шешімдерге негізделген өңірлік монополияландыру да орын алды. Сондықтан егеменді мемлекеттердің басшылары Бірыңғай экономикалық кеңістікті сақтау және қазіргі қарым-қатынастарды одан әрі пайдалану қажеттігін түсінді.

Зерттеуші Ж.С. Жунисов, «күн тәртібінде өзара байланысты тез арада жолға қою мәселелері тұрды, бірақ ендігі жерде олар халықаралық құқық нормаларына, нарықтық экономикалық қатынастарға және өзара мүдделерді есепке алуға негізделуі тиіс болды. Осылайша жаңа халықаралық аймақтық құрылым – Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы пайда болды» - деген пікір білдірген [64, 34-35 бб.].

ТМД елдерінің экономикалық құрылымы, құқықтық базасы мен институттары бұрынғы жүйенің элементтерін алмастыра отырып, қызметтің барлық салалары мен түрлерінде бір мезгілде құрылуы тиіс деп болжанды. Бірақ бұрынғы Одақ елдерінің экономикалық саясатында үйлестірудің болмауы, жүйелік дағдарыстар (инфляциялық, инвестициялық, бюджеттік, төлемдік, валюталық), әлемдік нарықтағы қатаң бәсекелестік, трансұлттық корпорациялардың экспансиясы, саяси факторлар кері процестерге алып келіп отырды. Сарапшылардың, соның ішінде А.А. Аруповтың пікірінше, «ТМД кеңістігіндегі интеграция процестерінің маңызды ерекшелігі, бірігу процестерін үйлестіретін мемлекеттерден үстем институттардың болмауы болып табылады» [65, 87-88 бб.]. Бірақ ол кезде саяси тұрғыдан басқаша жағдайдың болуы мүмкін емес еді.

Сондықтан болашақтағы мақсаттарды жариялаған келісімдер жасалды. 1993 жылы қыркүйекте Мәскеуде ТМД мемлекеттері басшыларының отырысында қол қойылған Еуропалық Одақ үлгісіндегі экономикалық одақты құру туралы шарт да осындай сипатқа ие болды [66]. Бұл маңызды шешім болғанымен іске асырылмады. Осы шартты қайта өңделген түрде (2010 жылы ол соңғы рет өңделді) көптеген елдер, соның ішінде Ресей де ратификациялаған

жоқ. Нәтижесінде ТМД-да қазіргі уақытта жиырма жыл бұрын жасалған Еркін сауда туралы екіжақты шарттар әрекет етеді.

Бұрынғы КСРО-ның барлық мемлекеттері шеңберінде тиімді бірлестік құрудың сәтсіз талпынысына қарамастан, ҚР Президенті 1994 жылы Мәскеу мемлекеттік университетінде дәріс оқып, Еуразиялық одақты құру идеясын айтты: «тарих бізге XXI ғасырға өркениетті жолмен кіруге мүмкіндік берді. Біздің ойымызша, посткеңестік кеңістікті дамытудың бірыңғай логикасын және бұрынғы КСРО халықтарының интеграцияға еркіндігін көрсететін Еуразиялық одақты құру жөніндегі бастама интеграциялық әлеуетті іске асыру тәсілдерінің бірі болып табылады» [67]. Осылайша нақты интеграцияға жол салына басталды. Бұл жөнінде А. Амребаев [67], Ж. Бусурманов [68, 4 б.], С. Мажитов [69, 3 б.] сияқты қазақстандық зерттеушілер жазған болатын.

Келесі қадам, 1995 жылғы 20 қаңтардағы Беларусь Республикасы, Қазақстан Республикасы және Ресей Федерациясы арасындағы Кеден одағы туралы үш жақты Келісімге қол қойылды [70]. Кейінірек бұл одаққа Қырғызстан мен Тәжікстан қосылды. 1996 жылдың 29 наурызында Беларусь Республикасы, Қазақстан Республикасы, Қырғыз Республикасы және Ресей Федерациясы арасында «Экономикалық және гуманитарлық салалардағы интеграцияны тереңдету туралы» шартқа қол қойылды және жаңа аймақтық ұйым – Кедендік одақ құрылды [71]. 1997 жылы 6 қаңтарда Шарт күшіне енді де, 1998 жылы оған Тәжікстан Республикасы қосылды. Алайда сол жылдары Кеден одағы жұмыс істемеді: еркін сауда режимі болған жоқ, кедендік реттеу бөлігінде сыртқы экономикалық саясатты келісу болған жоқ және т.б. мемлекеттердің заңнамаларын үйлестірусіз алға жылжу болмады.

Осы кездегі келісімдерді еске ала отырып, белгілі отандық заңгер-ғалым С.Т. Алибеков «ЕурАзЭҚ-ң мүше-мемлекеттеріндегі кедендік және кедендік емес заңнамаларды үйлестіру, жақындастыру және біріздендіру міндеті 1995 жылдың өзінде Кеден одағы туралы танымал келісім-шарттарында қойылған болатын» - деген еді [72, 117 б.].

Осы процестің жалғасы ретінде, 1999 жылдың ақпан айында алдыңғы уағдаластықтар негізінде кедендік реттеу саласындағы және басқа да салалардағы Тараптардың заңнамалық базасын үйлестіруді көздейтін бес мемлекеттің (нақты мерзімдерді көрсетпей) Кеден одағы мен Біртұтас экономикалық кеңістік туралы Шартқа қол қойылды [73, 257-280 бб.]. Беларусь, Қазақстан, Қырғызстан, Ресей және Тәжікстанның Мемлекетаралық Кеңесі осы нақты жұмысты атқаратын және әлемдегі ықпалды өңірлік құрылымға айналдыру үшін 2000 жылғы 23 мамырда Минскіде «Тараптар үкіметтеріне, Интеграциялық Комитетке жұмыс тобын құруды және 2000 жылғы 1 қыркүйекке дейінгі мерзімде кеден одағы негізінде ДСҰ-ға кіруге, сыртқы кеден шекараларын қалыптастыруға байланысты функциялар берілген Халықаралық экономикалық ұйымның жарғылық құжаттарының жобаларын және оның бірыңғай сыртқы экономикалық саясат, тарифтер мен бағалар және ортақ нарық қызметінің басқа да бөліктерін қамтитын ұсыныстарын дайындауға» тапсырма берді [74, 156-183 бб.].

Жаңа экономикалық ұйымның халықаралық мәртебесі болуға, интеграциялық өзара іс-қимыл мәселелерін шешуде кең өкілеттіктерге ие болуға тиіс, нақты құрылымы, сондай-ақ тиімді жұмыс істейтін институттар мен тетіктері болуға тиіс еді. Бұл ұсыныста барлық мемлекет басшылары қолдаған болатын, өйткені: жаһанданудың қатерлеріне тек бірігіп ғана төтеп беруге болатын еді. Осы мәселеге қатысты Қазақстандық ғалым А.К. Кошанов «экономистер жаһандық экономикада өзінің бәсекеге қабілеттілігін арттыру үшін елдер топтары экономикалық және саяси әлеуеттерін біріктіреді. Қазіргі әлемде әлемдік тәртіптің жаңа жүйесі қалыптасқанда, ЕурАзЭҚ аймақтық Одағының ұстанымын күшейту - объективті қажеттілік» - деген ой пікір білдірген [75, 521 б.].

2000 жылдың 10 қазанында Қазақстанның елордасы Астанада Беларусь Президенті – А.Г. Лукашенко, Қазақстан Президенті – Н.Ә. Назарбаев, Қырғызстан Президенті – А.А. Акаев, Ресей Президенті – В.В. Путин, Тәжікстан Президенті – Э.Ш. Рахмон Еуразиялық экономикалық қоғамдастықты (ЕурАзЭҚ немесе Қоғамдастық) құру туралы шартқа қол қойды [76]. Бұл Шарт 2001 жылғы 30 мамырда барлық мүше мемлекеттер оны бекіткеннен кейін күшіне енді [77].

Шартта ЕурАзЭҚ Уағдаласушы Тараптардың кеден одағы мен Бірыңғай экономикалық кеңістікті қалыптастыру процесін тиімді ілгерілету үшін құрылатыны нақты жазылған. Бұл ретте 1995 жылғы 20 қаңтарындағы Кеден одағы туралы Келісіммен, 1996 жылғы 29 наурызындағы Экономикалық және гуманитарлық салалардағы интеграцияны тереңдету туралы Шартпен және 1999 жылғы 26 ақпанындағы Кеден одағы және Біртұтас экономикалық кеңістік туралы Шартпен сабақтастық атап өтіледі.

Батыс елдерінің ғалымдары ЕурАзЭҚ-тың құрылуын мүше-мемлекеттер арасында кеден одағын қалыптастыру қажеттілігімен түсіндіреді. Мәселен, осындай зерттеушілердің біреуі Б.Тернер «ЕурАзЭҚ 2000 жылы экономикалық ынтымақтастық пен сауда-саттықты дамыту, сондай-ақ кеден одағын құру үшін құрылды» - деп басып айтады. Оның айтуынша аталған кеден одағы 2007-2010 жылдары Беларусь, Қазақстан және Ресей арасында құрылды [78].

Бірақ Кеден одағы туралы әңгіме көтерген кезде, заңгер-ғалым С.Т. Алибеков «ескертетін бір нәрсені есте ұстау керек, яғни ЕурАзЭҚ форматындағы Кеден одағы өзінің мақсаты мен міндеттерін бір жағдайда ғана толық орындай алады, егер кедендік реттеу құралдары толығымен біріздендірілген болса, сондай-ақ мүше-мемлекеттер белгілі бір тауарларды шығаруға мамандандырса, тарифтер тұрақты болса және кеден баждары төмендетілсе» - деген [79, 93 б.].

Кеден одағының құрылуы Бірыңғай экономикалық кеңістікті қалыптастыруға жол ашады, ол өз кезегінде бірыңғай экономикалық аумақта тауарлардың, қызметтердің және өндірістің негізгі факторларының еркін қозғалысын, сондай-ақ қатысушы мемлекеттердің макроэкономикалық саясатын тиімді үйлестіруді қамтамасыз етеді. Бұл көзқарасты бірқатар отандық ғалымдар ұстанатынын айтып кету керек, солардың ішінен, мысалы, Л. Музапарова [80,78-81 бб.], Ж. Закиева [81,91-96 бб.], В. Ясинский [82, 103-106 бб.], А. Кошанов [83, 31-40 бб.] сияқты ізденушілерді ерекше атап өтуге болады.

Тағы бір маңызды мақсат – ЕурАзЭҚ мемлекеттерінің әлемдік экономика мен халықаралық сауда жүйесіне кірігуі кезінде тәсілдерін үйлестіру.

Қоғамдастық сондай-ақ су ресурстарын бірлесіп пайдалану, көші-қон саясаты, экология және т.б. даулы мәселелерді қоса алғанда, қатысушы мемлекеттердің басшылары арасында олардың өзара іс-қимылының маңызды мәселелері бойынша талқылау және келіссөздер үшін форум ретінде жұмыс істейді.

ЕурАзЭҚ құру туралы Шартқа қол қоюмен бір мезгілде мемлекет басшылары Қоғамдастықтың сыртқы сауда, кедендік және экономикалық саясатта, құқықтық және әлеуметтік-гуманитарлық салалардағы нақты міндеттерін тұжырымдаған мәлімдеме қабылдады [84, 27-29 бб.]. Бұл міндеттер ЕурАзЭҚ-тың базалық бағдарламалық құжаттарын – ЕурАзЭҚ-ты дамытудың 2003-2006 және одан кейінгі жылдарға арналған басым бағыттарын іске асыру жөніндегі іс-шараларды, 2008-2010 және одан кейінгі жылдарға арналған іс-шараларды, содан кейін – 2011-2013 және одан кейінгі жылдарға арналған іс-шараларды әзірлеу үшін негіз болды.

Шартта, сондай-ақ өзінің мәртебесі бойынша құрылатын ұйым Халықаралық ұйым болып табылатыны атап өтілді. Ол БҰҰ қағидаларына және халықаралық құқық нормаларына сәйкес құрылған. ЕурАзЭҚ-ты құру туралы шартты БҰҰ Хатшылығында тіркеу 2003 жылдың сәуірінде өтті, ал 2004 жылдың қаңтарында Қоғамдастық БҰҰ Бас Ассамблеясында бақылаушы мәртебесін алды.

ЕурАзЭҚ - ашық ұйым, ЕурАзЭҚ-ты құру туралы Шарттан туындайтын міндеттемелерді өзіне қабылдайтын кез келген мемлекет оның мүшесі бола алады «және ЕурАзЭҚ-тың Мемлекетаралық Кеңесінің шешімімен анықталған тізімге сәйкес тең қоғам шеңберінде әрекет ететін басқа да шарттар және ЕурАзЭҚ-қа мүше мемлекеттердің пікірі бойынша осы міндеттемелерді орындай алатын және орындауға ниет ететін кез келген мемлекет бола алады» [85, 160 б.].

ЕурАзЭҚ жанындағы бақылаушы мәртебесі сұрау салу бойынша мемлекеттік немесе халықаралық/мемлекетаралық (үкіметаралық) ұйымға берілуі мүмкін. Бақылаушының «ЕурАзЭҚ органдарының ашық отырыстарына қатысуға, оларға төрағалық етушінің келісімімен сөз сөйлеуге, қажеттілігіне қарай ЕурАзЭҚ органдары қабылдайтын ашық құжаттар мен шешімдер алуға» құқығы бар [86, 164 б.]. Бірақ бақылаушы мәртебесі ЕурАзЭҚ органдарының шешімдер қабылдау кезінде дауыс беру құқығын және ЕурАзЭҚ органдарының құжаттарына қол қою құқығын бермейді. 2002 жылғы мамырда ЕурАзЭҚ жанындағы бақылаушы мәртебесі Молдова және Украина Республикаларына, 2003 жылғы сәуірде - Армения Республикасына берілді. Байқаушы мәртебесіне сондай-ақ Еуразия Даму Банкі мен Мемлекетаралық авиациялық комитет ие.

Шарттар мен келісімдер негізінде әрбір орган басқалармен байланысты жеке элемент ретінде әрекет ететін тұтас жүйені құрайтын Қоғамдастықтың институттары мен органдары құрылды. Қоғамдастықтың жарғылық органдарына Мемлекетаралық Кеңес, Интеграциялық Комитет, Мемлекетаралық Ассамблея және Қоғамдастық Соты жатады.

Билікті бөлу қағидасына сәйкес әр институт (орган) өз функцияларын атқарады: атқарушы билік - Мемлекетаралық Кеңес және Интеграциялық Комитет, заң шығарушы – Парламенттік Ассамблея және сот - Қоғамдастық Соты.

ЕурАзЭҚ-тың жоғары органы Мемлекет басшылары мен Үкімет басшылары деңгейіндегі Мемлекетаралық кеңес болып табылады. Бұл орган мемлекеттің жалпы мүдделеріне байланысты аса маңызды мәселелерді қарайды, инновациялық дамудың стратегиясын, бағыттары мен перспективаларын айқындайды және ЕурАзЭҚ міндеттерін іске асыру жөнінде шешімдер қабылдайды.

Қоғамдастықтың тұрақты жұмыс істейтін орган құрамына Үкімет басшыларының орынбасарлары кіретін ЕурАзЭҚ-тың Интеграциялық комитеті. Интеграциялық комитет отырыстары арасындағы кезеңде Қоғамдастықтың ағымдағы жұмысын мемлекет басшылары тағайындайтын ЕурАзЭҚ жанындағы Тұрақты өкілдер комиссиясы қамтамасыз етеді.

Қоғамдастық органдарында төрағалық ету жыл сайын ротациялық негізде ЕурАзЭҚ-тың кезекті мемлекетіне өту арқылы бір мезгілде Мемлекетаралық Кеңесте, Интеграциялық Комитетте және ЕурАзЭҚ жанындағы Тұрақты Өкілдер комиссиясында өтеді.

Биліктің әрбір тармағының өз Хатшылығы мен комиссиялары (кеңестері) бар.

ЕурАзЭҚ Мемлекетаралық кеңесі консенсуспен шешім қабылдайды. Интеграциялық Комитетте шешімдер үштен екі дауыспен қабылданады. Шешім қабылдау кезіндегі дауыстардың саны әрбір Тараптың Қоғамдастық бюджетіне жарнасына сәйкес келеді.

Осылайша, ТМД кеңістігінде тиімді интеграция процесі басталды. Достастықта да, Еуразиялық экономикалық қоғамдастықта да посткеңестік елдер арасында өз орны мен өз рөлі болды. ТМД шеңберінде оның институттарын жетілдіру, ынтымақтастықтың тиімділігін арттыру бойынша белсенді жұмыс осы күнге дейін жалғасуда. Әңгіме ТМД-да энергетика, көлік, жоғары технологиялар, әлеуметтік даму салаларында нақты бірлескен бағдарламаларды іске қосу туралы болып отыр. Ғылым, мәдениет, білім саласында гуманитарлық ынтымақтастықтың болашағы зор. Бейбіт сауда ұйымының қағидаттарына негізделген және әртүрлі кедергілердің толық ауқымды жойылуына бағытталған еркін сауда аймағы туралы келісім маңызды перспективалар ашты. Ол ТМД-ға мүше сегіз мемлекет 2011 жылғы 18 қазанда Санкт-Петербургте өткен ТМД үкімет басшылары кеңесінің отырысы барысында қабылданған еді.

ЕурАзЭҚ - ашық жоба еді. Оған, ең алдымен, ТМД елдерінің ішінен басқа серіктестер қосылуы мүмкін болды. Бұл мемлекеттің өзінің ұзақ мерзімді ұлттық мүдделерінен туындаған тәуелсіз шешімі болуы тиіс еді. Сондықтан осы халықаралық мемлекеттік ұйым шеңберінде қатысушылар заңнамаларды үйлестіру және біріздендіру мәселелерін шешуде алға жылжыды.

ЕурАзЭҚ Мемлекетаралық Кеңесі консенсуспен шешім қабылдайды. Интеграциялық Комитетте шешімдер үштен екі дауыспен қабылданады. Шешім

қабылдау кезіндегі дауыстардың саны әрбір Тараптың Қоғамдастық бюджетіндегі жарнасына сәйкес келеді.

КСРО ыдырап және оның орнында Тәуелсіз мемлекеттер достастығы пайда болғаннан кейін ынтымақтастықтың келесі мәселесіне – посткеңестік елдердің ортақ мақсаттарына қол жеткізу мақсатындағы интеграция айналды. Посткеңестік кеңістіктегі интеграциялық процестер ТМД құрылған сәттен бастап бүгінгі күнге дейінгі кезеңді қамтиды.

ЕурАзЭҚ-тағы интеграциялық процестер бірнеше кезеңге бөлінеді [87, 43 б.]:

1. 2000-2007 жылдар – ұйымдастыру кезеңі. Бұл кезеңде ЕурАзЭҚ құру туралы құжаттар, оның негізгі органдарының жұмысын реттейтін құжаттар қабылданды: ЕурАзЭҚ Мемлекетаралық Кеңесінің, Парламентаралық Ассамблеяның және Интеграциялық Комитеттің жұмысын регламенттейтін құжаттар, ЕурАзЭҚ-қа мүшелікке қабылдау тәртібі туралы және ЕурАзЭҚ жанындағы байқаушы мәртебесі туралы ережелер қабылданды. ЕурАзЭҚ дамуының басым бағыттары және оларды іске асыру жөніндегі іс-шаралар, бірқатар тұжырымдамалар мен келісімдер сияқты негіз қалаушы құжаттар бекітілді.

Осы кезеңде Қоғамдастық қабылданған шешімдерді іске асырудың жолдары мен тетіктері әзірленгенге дейін ең жоғары деңгейдегі келіссөздер жүрді. Осы мәселе бойынша отандық зерттеуші Д.Ш. Мухамеджанова пікірінше, «ең бастысы – ЕурАзЭҚ-қа қатысушы елдер базасында ортақ кедендік кеңістікті қалыптастыру, кейіннен Кеден одағын экономикалық және валюталық одақ етіп қайта құру функциялары бекітілді» [88, 27 б.].

2. ЕурАзЭҚ-ты дамытудың екінші кезеңі 2007 жылдың қазанында, яғни, ЕурАзЭҚ-тың Мемлекетаралық Кеңесі «Кеден одағын қалыптастыру жөніндегі 2008-2010 жылдарға арналған іс-қимыл жоспарын» бекіткен кезден бастау алды [89]. Кеден одағының жоғары органы болып Беларусь Республикасының, Қазақстан Республикасының және Ресей Федерациясының мемлекет басшылары мен Үкімет басшылары деңгейіндегі ЕурАзЭҚ-тың Мемлекетаралық Кеңесі бекітілді. Тағы бір ескере кететін жағдай, Кеден одағының Комиссиясы – мемлекеттерден үстем алғашқы орган ретінде құрылды және Кеден одағының Кеден кодексі туралы Шарты 2010 жылдың 6 шілдесінен бастап әрекет ете бастады [90].

Елдер үкіметтерінің, Кеден одағы Комиссиясының және Қоғамдастықтың басқа да құрылымдарының шиеленіскен жұмысы 2010 жылдың 1 қаңтарынан бастап қалыптасқан заңнамалық-құқықтық базаның негізінде Кеден одағының жұмысын бастауға мүмкіндік берді, ал 2011 жылдың 1 шілдесінен бастап үш елдің кедендік аумақтары бірыңғай кедендік аумаққа біріктірілді, кедендік шекаралар толығымен жойылды, мемлекеттік бақылаудың барлық түрлері (кедендік, көліктік, ветеринарлық, санитарлық және фитосанитарлық) Кеден одағының сыртқы кедендік шекарасына ауыстырылды.

3. Келесі кезең 2010 жылдың желтоқсанында «ЕурАзЭҚ-ты дамытудың басым бағыттарын іске асыру жөніндегі 2011-2013 жылдарға және одан кейінгі

жылдарға арналған іс-шаралар жоспарының» қабылдануымен басталды және бұл процесс ЕурАзЭҚ ЕАЭО-ға айналғанша жалғасты.

2012 жылғы 1 қаңтардан бастап Еуразиялық экономикалық қоғамдастықтың дербес органы ретінде әрекет ететін ЕурАзЭҚ Соты ерекше маңызға ие болды. Кемсітушілікке, бәсекелестік ережелерін және бизнесті жүргізудің тең шарттарын бұзуға байланысты барлық фактілер бойынша оған тек мемлекеттер ғана емес, сонымен қатар шаруашылық жүргізуші субъектілері де жүгіне алды. Оның құзыретіне: 2000 жылғы 10 қазандағы ЕурАзЭҚ-ты құру туралы Шартты және Қоғамдастық шеңберінде әрекет ететін басқа да халықаралық шарттарды біркелкі қолдануды қамтамасыз ету; экономикалық сипаттағы дауларды қарау; ЕурАзЭҚ шеңберінде қолданылатын халықаралық шарттардың ережелерін және ЕурАзЭҚ органдарының шешімдерін түсіндіруді жүзеге асыру жатады.

Қоғамдастықтың осы даму кезеңіне қатысты К.Б. Берентаев: «ұлттық мемлекеттің рөлі мен функцияларын түбегейлі түрде жүзеге асыратын әлемдік шаруашылық жүйенің трансформациясы» аясында өтті... өсіп келе жатқан рөлді жаңа акторлар - трансұлттық күштер ойнай бастады» - деген пікір айтады [91, 232 б.]. Оларға мемлекеттің жалғыз қарсы тұруы қиын болды. Мұндай жағдайда өңірлік интеграция өзекті және мақсатты қажеттілікке айналуда. ТМД кеңістігіндегі күш-жігердің шоғырлануы әрқашан табысты болды. Бұл туралы тәуелсіз зерттеулердің деректері де куәландырады. Мысалы, тіпті қиын кезеңде де, «2002 жылдан 2008 жылға дейін Еуразияның барлық аймақтары арасындағы сауда жалпы әлемдік, сондай-ақ тіпті аймақ ішіндегі саудадан жылдамырақ өсті» [92, 47 б.]. Және бұл фактор, мысалы, жаһандық нарықтағы күштердің өзгеруі, экономикалық белсенділік орталығының Азияға ауысуы және т.б. [93, 78 б.], интеграцияның неғұрлым жоғары дәрежесі – Бірыңғай экономикалық кеңістік бірлестігін қалыптастыру бойынша жұмыстардың жеделдеуін түсіндіреді.

2010 жылы желтоқсанда Беларусь, Қазақстан және Ресей президенттері Бірыңғай экономикалық кеңістікті қалыптастыру туралы Декларация қабылдады және онда: «Беларусь Республикасы, Қазақстан Республикасы және Ресей Федерациясының Президенттері 2010 жылғы 9 желтоқсанда ЕурАзЭҚ Мемлекетаралық Кеңесінің отырысында Еуразиялық экономикалық қоғамдастық шеңберінде Бірыңғай экономикалық кеңістіктің шарттық-құқықтық базасы қалыптастырылғанын мәлімдейді. Кеден одағы мен Бірыңғай экономикалық кеңістікті дамыта отырып, біз ортақ экономикалық кеңістік құруға шыға отырып, басқа елдермен, халықаралық экономикалық бірлестіктермен және Еуропалық Одақпен үйлесімді, өзара толықтыратын және өзара тиімді ынтымақтастықты қамтамасыз ету мақсатында Еуразиялық экономикалық одақ құруға жылжып келеміз» - делінген [94].

Қоғамдық даму заңдылықтарының, сондай-ақ интеграциялық процестің бірі - адам өмірінің барлық салаларын, әсіресе экономика саласын және олардың құқықтарын тереңдетіп халықаралық деңгейге көтеру (яғни, интернационалдандыру) болып табылады. Құқықты халықаралық деңгейге көтеру (интернационалдандыру) құқықтық жүйелердің жақындауын, олардың

өзара іс-қимылын, өзара ынтасын тереңдетуді білдіреді. Ол екі өзара байланысты, бірақ өзінің мазмұны бойынша ерекшеленетін процестерде – құқықты біріздендіру мен үйлестіруде көрінеді.

ЕурАзЭҚ-қа мүше-мемлекеттердің құқықтық жүйелерін жақындастырудың негізіне келесілер жатады:

- ұлттық заңдарды үйлестіру қажеттілігін туындататын не туындата алатын шарттар;
- Мемлекетаралық Кеңес пен Үкімет Басшылары Кеңесінің шешімдері,
- модельдік заңи актілер,
- Парламентаралық Ассамблея мен Интеграциялық Комитеттің шешімдері,
- ЕурАзЭҚ-қа мүше-мемлекеттердің тиісті мемлекеттік органдары жасаған ведомствоаралық шарттар,
- Тараптардың өз бастамасы.

А.В. Барков өз еңбегінде: «ұлттық заңнамаларды үйлестірудің нақты тетіктері:

- қолданыстағы ұлттық заңи және өзге де нормативтік құқықтық актілерді халықаралық келісім-шарттардың нормалары мен интеграциялық басқару органдарының шешімдеріне сәйкестендіру;
- үйлестіру қажеттілігі бар немесе ұлттық заңи актілерінде ондай қажеттілік пайда болуы мүмкін салаларда жасалған модельдік заңнамалық және өзге де нормативтік құқықтық актілерді құқықтық түсіндіру;
- халықаралық шарттарды ұлттық құқықтық жүйелерге енгізу;
- жасалған халықаралық шарттарды орындау үшін жаңа заңнамалық және өзге де нормативтік құқықтық актілер қабылдау жолымен ұлттық заңнаманың құқықтық олқылықтарын толықтыру» процестерін қамтиды», - деп атап өткен [95, 110 б.].

Үйлестіру жөніндегі шараларды қабылдау туралы ұсыныстар жасалған халықаралық шарттар мен интеграцияны басқару органдарының шешімдерінің мақсаттары мен қағидаттарын жүзеге асыру үшін Тараптар арасындағы қатынастар мен осыған байланысты туындайтын проблемалар контексінде құқықтық реттеудің тиісті саласындағы ахуалды бейтарап және жан-жақты бағалауға негізделуге тиіс.

ЕурАзЭҚ-қа мүше мемлекеттердің заңнамасын үйлестіру (жақындастыру, біріздендіру) әдістемесі бойынша үйлестіру мен біріздендірудің келесі деңгейлерін айқындау ұсынылады [96]:

1) мемлекетаралық деңгейде үйлестіру (жақындастыру, біріктіру) – мемлекетаралық деңгейде қолданыстағы халықаралық шарттарға және ЕурАзЭҚ органдарының шешімдеріне сәйкес, үйлестірілетін және біріккен субъектілер анықталды.

2) ұлттық заңнаманы тік, иерархиялық үйлестіру (жақындастыру, біріздендіру) – ЕурАзЭҚ заңнамалық базасындағы ішкі қақтығыстарды жоюдан немесе интеграциялық өзара әрекеттестіктің негізгі бағыттарын неғұрлым міндетті байланыстыратын құқықтық нормалар жасаудан тұрады.

3) көлденең үйлестіру (жақындастыру, біріктіру) – Қоғамдастыққа мүше-мемлекеттердің тиісті мемлекеттік органдары жүзеге асыратын ішкі деңгейдегі құқықтық әрекеттерді қамтиды.

4) жекелеген құқықтық актінің шеңберінде құқықтық норма деңгейінде үйлестіру (жақындастыру, біріктіру), Қоғамдастыққа мүше-мемлекеттердің тиісті мемлекеттік органдары белгілі бір құқықтық әрекеттерді жүзеге асырады.

Заңдарды үйлестіру процесі нормативтік құқықтық актілердің барлық деңгейлерін қамтиды және Қоғамдастықтың қолданыстағы заңнамалық актілері негізінде құқықтық нормаларды, заңи актілерді және заңдардың барлық жүйесін үйлестіру тұрғысынан құқықтық технологиялардың бірыңғай ережелерін қолдануды талап етеді.

Ұлттық заңнамалық және өзге де нормативтік құқықтық актілерді үйлестіру тетігі Кеден одағы мен Біртұтас экономикалық кеңістікті қалыптастыруды құқықтық қолдау туралы келісімде қарастырылған және мыналардан тұрады:

- халықаралық шарттарды, ЕурАзЭҚ заңнамасының негіздерін ұлттық заң жүйелеріне ратификациялағаннан кейін енгізу;
- қолданыстағы ұлттық актілерді Қоғамдастықтың заңнамалық актілеріне сәйкестендіру;
- кейбір ұлттық актілерді қолданыстағы ұлттық заңнама жүйесінен алып тастау;
- нормативтік құқықтық актілердің жобаларын және заңнаманы ұлттық заң актілеріне сәйкестендіру бойынша ұсыныстарды құқықтық түсіндіру;
- қолданыстағы халықаралық шарттар мен ЕурАзЭҚ органдарының шешімдеріне сәйкес жаңа нормативтік-құқықтық актілерді қабылдау арқылы ұлттық заңнамадағы кемшіліктерді жою.

ТМД мен ЕурАзЭҚ шегінде қабылданған құжаттар заң қоғамдастығы тарапынан негізді сынға ұшырады. Мысалы, А.В. Торопыгин мен Ю.В. Мишальченконың пікіріне сәйкес, ЕурАзЭҚ-қа мүше мемлекеттердің заңнамасын біріздендіру және үйлестіру кезінде құрылтай құжаттарының толықтығы мен бір мәнділігі, құжаттарды бірыңғай түсіндіру мүмкіндігі, ЕурАзЭҚ органдары шешімдерінің заңды күші мен әрекеті, ұлттық заңнаманы біріздендіру және үйлестіру тетіктерінің болуы сияқты ЕурАзЭҚ-тың құқықтық негіздерін қалыптастыру проблемалары кездеседі [97, 82 б.].

Қысқа мерзімге қарамастан, парламентаралық органдар мемлекетаралық ұйымдар жүйесінде де, сандық жағынан да дамып келеді. Парламентаралық Ассамблеяның даму деңгейіне, оның құрылымына және дауыстардың бөлінуіне сәйкес Қауымдастыққа мүше мемлекеттердің интеграциялану дәрежесі туралы қорытынды жасауға болады.

Еуразиялық экономикалық қоғамдастықтың іргелі құжаттары интеграциялық процестердің сол кездегі даму деңгейіне толық сәйкес келмейтінін байқатты.

Ж.С. Жунисов атап кеткендей, Еуразиялық экономикалық қауымдастықтың құқықтық негізін халықаралық құқықтың жалпыға танымал

нормалары мен қағидалары, Қауымдастыққа қатысушы мемлекеттер арасындағы екіжақты және көпжақты шарттар, сонымен қатар интеграциялық процестерді жүзеге асырушы органдардың шешімдері құрайды. ЕурАзЭҚ-тың өз қызметін тұрақты, әрі тиімді жүзеге асыруы үшін Қауымдастыққа қатысушы мемлекеттердің ұлттық заңнамаларын үйлестіру, яғни жақындастырудың маңызы зор екенін атап өткеніміз жөн [98, 290 б.].

Үйлестіру ұғымына қысқаша тоқталатын болсақ, заңнамаларды үйлестіру - өз құқықтық жүйелерін өзара келістіру үшін жасалған мемлекеттердің кез келген әрекеттерін немесе ортақ қағидалар туралы өзара келісу нысанын айтамыз [6, 304 б.]. Сонымен қатар ұлттық заңнамаларды үйлестіру әр түрлі мемлекеттердің құқықтық жүйелерін жақындастырудың, яғни қазіргі заманғы дамудың бірінші кезекті мәселелерінің бірі болып табылады [9, 93 б.].

ЕурАзЭҚ шеңберіндегі мемлекеттердің ұлттық заңнамаларын үйлестірудің басты мақсаты – ЕурАзЭҚ шеңберіндегі құқықтық қатынастарды біртектес тәртіп бойынша реттеу. Бұл мақсатқа тек мемлекеттер арасындағы халықаралық шарттар ережелері мен интеграциялық процестерді жүзеге асырушы институттар шешімдерін ұлттық заңдар мен өзге де нормативтік құқықтық актілерге құқықтық интерпретациялау арқылы қол жетуізуге болады.

Халықаралық тәжірибеге сүйенетін болсақ, мемлекеттер ұлттық заңнамаларын үйлестіруді келесідей жолдармен жүзеге асырады:

- заң жобаларын жасау жұмыстарын үйлестіру;
- ұлттық заңнамаларды сәйкестендіру мақсатында жаңа келісілген актілер қабылдау;
- заң жобаларының халықаралық құқық нормаларына, бірлестік шеңберінде қабылданған екіжақты және көпжақты шарттарға сәйкестігіне талдау жүргізу.

ЕурАзЭҚ шеңберінде Интеграциялық Комитет Парламентаралық Ассамблеямен бірлесе отырып Қоғамдастыққа мүше мемлекеттердің қатысумен үйлестіру және біріздендіруді қажет ететін заңнамалық актілердің тізімін дайындайды. Ал, Қоғамдастық шеңберінде қабылданған шарттар мен шешімдер мүше мемлекеттердің заңнамаларында көрсетілген тәртіппен ішкі мемлекеттік деңгейдегі қажетті сатыларда сарапталу арқылы осы мемлекеттердің құқықтық жүйесіне енгізіледі немесе құзіретті мемлекеттік органдар осындай шарттар мен шешімдердің негізінде тиісті нормативтік құқықтық актілер қабылдайды.

А.В. Барков: «Ұлттық заңнамаларды үйлестірудің негізгі қағидаларына:

- ЕурАзЭҚ-қа мүше мемлекеттердің заңнамалары үшін өзара тиімді қолдану қағидасымен құқықтық реттеудің келісімділігі;
- интеграцияны тереңдету мәселелері бойынша актілерді қабылдаудың синхрондығы;
- заңи мәніне және заңнамалық немесе басқа да нормативтік актілердің иерархиясына сәйкес үйлестірудің сатылануы;
- халықаралық құқықтың жалпыға міндетті қағидаларының ұлттық

заңнамалардан үстемдігі қағидалары жатады», - дейді [95, 109 б.].

Көрсетілген қағидаларға сәйкес заңнамаларды үйлестірудің келесідей сатыларын атап өтуге болады:

1. Үйлестіруді талап ететін заңнама салаларын, заңнамалар саласының жекелеген аялары мен заңнамалардың жекелеген аяларындағы құқықтық реттеудің проблемалық мәселелерін анықтау.

2. Ұлттық заңнамалық және басқа да нормативтік құқықтық актілерге салыстырмалы-құқықтық талдау жасау және олардың жасалған халықаралық шарттарға сәйкестігін анықтау арқылы үйлестіруге ұсыныстар дайындау.

3. Заңи мәнін, өзара тиімді қолданылуы мен иерархиясын есепке ала отырып үйлестіруге жататын ұлттық заңнамалар тізімін келісе отырып анықтау.

4. Тиісті мемлекеттік институттармен заңнамалар мен басқа да нормативтік құқықтық актілерді үйлесімді түрде қабылдау.

5. Үйлестірумен байланысты интеграцияны басқарушы органдар шешімдерінің жүзеге асуына бақылау жүргізу.

Сонымен қатар, Қоғамдастыққа мүше мемлекеттердің ұлттық заңнамаларын үйлестірудің негіздеріне келесілер жатады:

- ұлттық заңнамалық және бақа да нормативтік құқықтық актілерді үйлестіруді қажет ететін немесе қажеттілікті туындатуы мүмкін қабылданған халықаралық шарттар,
- Мемлекетаралық Кеңес және Үкімет басшылары Кеңесінің шешімдері,
- үлгілік заңнамалық актілер мен Парламентаралық және Интеграциялық Комитет шешімдері,
- ЕурАзЭҚ-қа мүше мемлекеттердің тиісті мемлекеттік органдарымен жасасқан ведомствоаралық шарттар,
- тараптардың өз бастамашылығы [99].

ЕурАзЭҚ-қа мүше мемлекеттердің заңнамаларын үйлестіру процестерінің құқықтық негіздеріне біріншіден, үйлестіру бойынша шаралар мүше мемлекеттер арасында жасалған келісімдермен белгіленген тәртіптер мен шектерде жүзеге асады. Екіншіден, заңнамаларды үйлестіру процесі олардың жақындасуымен және біріздендірумен анықталуы керек. Үшіншіден, тараптар үйлестіру пәні ретінде құрылтай құжаттарынан туындайтын міндеттемелерді орындаумен байланысты заңнамаларды анықтайды.

ЕурАзЭҚ аясында қабылданған «Ұлттық заңлар мен басқа да заңи актілерін үйлестіру» Бағдарламасы бойынша мемлекеттердің ұлттық заңнамаларын үйлестірудің тікелей тетіктеріне келесілерді жатқызуға болады:

1) әрекет етуші ұлттық заңнамалық және басқа да нормативтік құқықтық актілерді халықаралық шарттар ережелері мен өз құзыреттері шегінде қабылдаған интеграцияны басқарушы органдардың шешімдеріне сәйкестендіру,

2) ұлттық заңнамаларды үйлестіруді туындатуы мүмкін не туындататын тұстарын қамтитын үлгілік заңнамалық және басқа да нормативтік құқықтық актілерді имплементациялау;

3) халықаралық шарттар нормаларын ұлттық құқықтық жүйеге енгізу,

4) жасасқан халықаралық шарттарды орындау үшін ұлттық заңнамалардың кемшіліктері мен жетіспеген жерлерін жаңа заңнамалық және басқа да нормативтік құқықтық актілерді қабылдау арқылы толықтыру [100].

ЕурАзЭҚ шеңберінде ұлттық заңнамаларды үйлестіру бойынша шараларды қабылдау туралы ұсыныстар тараптар арасындағы қатынастарды құқықтық реттеудің тиісті салаларында, тараптар арасында жасалған халықаралық шарттар мен интеграцияны басқарушы органдар шешімдерінің мақсаттары мен қағидаларын жүзеге асыруда жағдайларды алалаусыз және жан-жақты бағалауға негізделеді.

ЕурАзЭҚ-қа мүше мемлекеттер жалпы мақсатқа, жалпы ұстанымға жетудегі жүзеге асыратын үйлестіруге жататын негізгі қырларын келесідей реттерде тізіп өтуге болады:

- Қоғамдастыққа мүше мемлекеттердің резиденттері мен резидент еместерінің азаматтық құқықтық қатынастарындағы құқықтық ережелерді қоса алғанда, азаматтық құқық субъектілерінің құқықтық мәртебесі;
- Қоғамдастыққа мүше мемлекеттердің резиденттері мен бейрезиденттердің мүліктерді меншігіне алу, иелену мен пайдаланудың құқықтық режимі;
- заңды және жеке тұлғалардың кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруы, жабуы мен жауапкершілігінің құқықтық режимі;
- азаматтық құқықтар мен міндеттерді бекіту, өзгерту және жою туралы келісімдерден туындайтын міндеттемелік, заттық, авторлық құқықтар мен құқықтық қатынастардың режимі;
- азаматтық құқықпен реттелетін құқықтық қатынастарға мемлекеттің, әкімшілік-аумақтық бірліктердің, мемлекеттік органдардың қатысуының құқықтық механизмдері;
- салық салу, банктік қызметтегі ақша-несие, валюталық-қаржылық жүйесін реттеу;
- азаматтық-құқықтық және әкімшілік-құқықтық қатынастардағы бағаның қалыптасуының жалпы қағидалары;
- табиғи және техногендік сипаттағы құбылыстар салдарының алдын алу мен жоюды қоса алғанда, қоршаған ортаны қорғау, азаматтар өмірі мен денсаулығының құқықтық режимі.

Қорыта келсек, ЕурАзЭҚ шеңберінде заңнамаларды үйлестіру (жақындастыру) бойынша жұмысты үйлестіру бойынша Интеграциялық Кеңеске жүктелгенін айтуға болады

Кеңестің қызметінің негізгі бағыттарының бірі ретінде интеграцияны басқарушы органдар мен ЕурАзЭҚ-қа мүше мемлекеттердің ұлттық заңнамалық және басқа да нормативтік құқықтық актілерін, дайындалған үлгілік заңнамалық және басқа да актілерді үйлестіру бойынша бірлескен жұмысын үйлестіру, тараптардың заң жобаларын дайындау және үйлестіру бойынша құзіретті мемлекеттік органдарымен өзара әрекеттесуі, сонымен қатар қылмыстық, азаматтық және отбасылық істер бойынша заңнамаларды үйлестіру нысаны ретінде құқықтық көмекті үйлестіру екенін атап өткен жөн.

2.2 ЕурАзЭҚ Парламентаралық Ассамблеясының мемлекеттер заңнамаларын жақындастырудағы рөлі

Халықаралық қатынастар практикасында мемлекеттердің заңдарын жақындастырудың екі нысаны кездеседі. Осыған сәйкес, Ж.С. Жунисов: «Бірінші нысан – заңнамаларды шарттық үйлестіру, оған сәйкес мемлекеттердің өз ұлттық құқықттарын келешекте сәйкестендіру үшін нақты халықаралық шарттар қабылданады. Екінші нысан – нақты бір мемлекеттің құқықтық нормаларын екінші бір мемлекет, мемлекеттер тобы немесе халықаралық қоғамдастық тарапынан шығарылған құқықтық нормаларға сәйкестендіруді білдіреді», - деген қорытынды жасаған [101, 180 б.].

Қазіргі уақытта, құқықты үйлестіру – құқықтың түрлі салаларына жататын сұрақтардың кең шеңберін қамтиды. Соңғы онжылдықта сауда, өндірістік және корпоративті құқыққа жататын нормалар үйлестіруге жатты. Сонымен қатар, үйлестіру әлемдік те (БҰҰ аясында), аймақтық та (Еуропа Одағы, ТМД, Еуропа Кеңесі аясында) деңгейде жүзеге асырылуда [101, 181 б.].

Құқықтық интеграция кез келген құқықтық құбылыс сияқты жағымды және жағымсыз сипаттарға ие. Оған дәлел ретінде В.Н. Тевелеваның «бір жағынан, құқықтық интеграция арқылы халықаралық ынтымақтастық процесі жеңілдетіледі, яғни мемлекеттер арасындағы сауда айналымы қуат алады, ғылыми-техникалық саладағы ынтымақтастық мүмкіндіктері кеңейеді. Екінші жағынан, құқықгық интеграция кей жағдайларда жекелеген мемлекеттердің ұлттық құқығы жүйелерінің өзіндік ерекшеліктерінің жойылуына, ұлттық құқықтық тәртіптерге жат, түсініспеушілік туғызатын құбылыстарды қабылдауға алып келеді», - деген пікір білдірген [8, 313 б.].

Сондай интеграциялық үрдістердің бірі Еуразиялық Экономикалық Қоғамдастық екенін де атап өткеніміз жөн. Өйткені бұл ұйым посткеңестік кеңістікте ірі экономикалық, құқықтық интеграциялану ошағы ретінде көрініс тауып отыр.

ЕурАзЭҚ-тың басты мақсаты – Еуразиялық экономикалық одақ құру, осы одаққа мүше-мелекеттердің заңнамаларын біріздендіру және үйлестіруді қамтамасыз ету, экономикалық, қаржылық, валюталық, әлеуметтік-мәдени, саяси және тағы басқа да салалардағы ортақ инфрақұрылым құру мен ынтымақтастықты күшейту болып табылады. Ол жерде Қоғамдастыққа мүше-мемлекеттердің стратегиялық жоспарлары мен даму келешегі де біріктіріледі.

Аталған мақсаттарға жету үшін тиісті құқықтық негіздің болуы қажет. Оны қалыптастырумен ЕурАзЭҚ аясындағы заң шығарушылық ынтымақтастықпен жүзеге асыратын негізгі орган – Парламентаралық Ассамблея айналысады. Парламентаралық Ассамблея Беларусь, Қазақстан, Қырғыз және Ресей арасындағы 1996 жылғы 29 наурызда қабылданған «Экономикалық және гуманитарлық салалардағы тереңдетілген интеграция туралы» Шарт негізінде әрекет еткен Парламентаралық Комитеттің ізбасары болып саналады.

Парламентаралық Ассамблеяның өз құзіретіне қатысты мәселелр бойынша шешімдері Ассамблея мәжілісіне қатысушылардың үштен екісінің даусысмен

бірлестіктерін мемлекеттік қолдау туралы» Беларусь Республикасының заңдарымен реттелген [156]. Мемлекеттік жастар саясатын жүзеге асырудың мақсаттары, принциптері мен негізгі бағыттарын анықтайтын бірінші Заңның ережелері 16 маусым 2006 жылғы Еуразиялық экономикалық Қоғамдастықтың ортақ еңбек нарығындағы жастар саясаты саласының ұлттық заңнама актілерін үйлестіру бойынша ЕурАзЭҚ ПАА-ң Ұсынымдарымен үйлестірілген [157].

«Агроөнеркәсіптік өндіріс туралы» Беларусь Республикасы Заңы жобасының тұжырымдамасын әзірлеуде «Агроөнеркәсіптік кешенді мемлекеттік қолдау және дамыту туралы» Типтік заңнамалық актінің нормалары [158], сонымен қатар 2005 жылғы 14 сәуірдегі ЕурАзЭҚ ПАА-ның № 11 Шешімімен бекітілген «Агроөнеркәсіптік кешенді мемлекеттік реттеу саласындағы заңнаманы үйлестіру бойынша» Ұсыныстар [159] көрініс тапты.

Тұжырымдамада ауылшаруашылық өндірісін мемлекеттік реттеудің құқықтық, экономикалық және ұйымдастырушылық негіздері, мемлекеттің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету тетіктері, ауылшаруашылық нарықтың тұрақтылығы, ауыл шаруашылығының тұрақты дамуы, ауылшаруашылық өндірісі саласындағы өндірушілерді қолдау және қорғау қарастырылған болатын.

«Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Беларусь Республикасының Заңын дайындау кезінде «Электрондық құжат туралы» Модельдік жобаның ережелері қолданылды [160].

Беларусь Республикасының Білім туралы Кодексін [138] дайындау кезінде ЕурАзЭҚ ПАА-ның Жоғарғы оқу орнынан кейінгі білім туралы [125], Халық ағарту қызметі туралы [161], және Білім туралы [127] үлгілік заңдары қолданылды.

ЕурАзЭҚ ПАА Бюросының 2006 жылғы 15 қарашадағы №11 қаулысымен бекітілген ЕурАзЭҚ мүше мемлекеттерінің кедендік құқық бұзушылықтар үшін қылмыстық және әкімшілік жауапкершілік белгілеу бөлігіндегі қылмыстық және әкімшілік ұлттық заңнамаларын үйлестіру бойынша ұсыныстар Беларусь Республикасының кейбір кодекстеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу кезінде қолданылды.

2.3.3. ЕурАзЭҚ Парламентаралық ассамблеясының актілерін қолдана отырып, Қырғызстан мен Тәжікстанның заңнамаларын үйлестіру және біріздендіру мәселелері

Қырғыз Республикасы мен Тәжікстан Республикасы Қоғамдастықтың белсенді мүшелері ретінде ұлттық заңдарды әзірлеуде ЕурАзЭҚ Парламентаралық Ассамблеясының үлгілік заңдарын, ұсынымдарын және басқа да құқықтық актілерін қолданады. Осылайша, Қырғызстан Республикасының Жоғарғы Кеңесі өзінің заң шығару қызметінде «Терроризмге қарсы іс-қимыл туралы», «Білім туралы», «Мемлекеттік әлеуметтік стандарттар туралы», «Мәдениет туралы», «Әлеуметтік туризм туралы» ЕурАзЭҚ ПАА-ның

Модельдік заңдарына, сондай-ақ ПАА-ның «Өмірлік жалақы туралы», «Мектепке дейінгі білім туралы», «Балама энергетика туралы», «Банктер және банк қызметі туралы», «ЕурАзЭҚ-қа мүше-мемлекеттердегі еңбек көші-қоны туралы» Типтік жобаларына кеңінен сүйенді.

Сонымен қатар, ЕурАзЭҚ-қа мүше-мемлекеттердің терроризммен күрес бойынша заңнамаларын жетілдіру бойынша ұсыныстар; ТМД елдеріндегі техникалық реттеу тұжырымдамалары; ЕурАзЭҚ-қа мүше-мемлекеттердің салық заңнамасы негіздерінің жалпы бөлігінің тұжырымдамалары, «Биржалар және биржалық қызмет туралы» заңнаманы үйлестіру бойынша ұсыныстар, ЕурАзЭҚ ортақ еңбек нарығындағы жастар саясаты саласындағы ұлттық заңнамалық актілерді үйлестіру бойынша ұсыныстар, көлік және баға белгілеу саласындағы заңнаманы үйлестіру бойынша ұсыныстар пайдаланылды.

ЕурАзЭҚ-тың ПАА-сы қабылдаған типтік құқықтық актілері Қырғыз Республикасының тиісті заңдарын әзірлеу кезінде, соның ішінде «Терроризмге қарсы күрес туралы» Заңды [161] және «Қырғызстандағы мемлекеттік жастар саясатының негіздері туралы» Қырғыз Республикасы Заңының жобасын дайындауда қолданылды [163].

«Туризм туралы» ҚР-дың Заңының жаңа редакциясын [164] дайындаған кезде де ЕурАзЭҚ Парламентаралық Ассамблеясының типтік құқықтық актілері кеңінен қолданылды.

Қырғыз Республикасының Экономика, бюджет және қаржы комитетінің департаменті ЕурАзЭҚ ПАА-ның «Банктер және банктік қызмет туралы» Модельдік жобасын, «Биржалар және биржалық қызмет туралы» Заңды үйлестіру бойынша ұсынымдар жобасын «ЕурАзЭҚ-қа мүше мемлекеттердің салық заңнамасы негіздерінің жалпы бөлігінің тұжырымдамасы» Жобасын, «Трансферттік баға белгілеу саласындағы заңнаманы үйлестіру бойынша ұсыныстар» жобасын қарауға қатысты.

«ЕурАзЭҚ-қа мүше мемлекеттердегі еңбек көші-қоны туралы» модельдік жоба [165] Жоғарғы Кеңештің Көші-қон, еңбек, әлеуметтік саясат және денсаулық сақтау комитетімен тікелей әзірленді және ЕурАзЭҚ ПАА-сы қарауына ұсынылды.

ЕурАзЭҚ ПАА-сы іс-шараларына қатысатын Тәжікстан Республикасының Парламенті модельдік (үлгілі) құқықтық актілерді дайындауға ықпал етеді және ұлттық заңи нормалармен жұмыс кезінде модельдік (үлгілі) құқықтық актілердің ережелері мен нормаларын тиімді пайдаланды. Атап айтқанда, «Білім туралы», «Жұмыспен қамту туралы», «Көліктік қызметтің негіздері туралы», «Терроризмге қарсы іс-қимыл туралы», модельдік заңдардың, үлгілік жобалар мен ұсыныстар кеңінен қолданылды. «Жоғары оқу орнынан кейінгі білім туралы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы», «Мемлекеттік шекара туралы», «Шекара әскерлері туралы», «Сыртқы экономикалық қызметтің негіздері туралы», «Көші-қон туралы», «Мемлекеттік құпия туралы», «Қауіпсіздік туралы»», «Жастар және мемлекеттік жастар саясаты туралы», «Әлеуметтік саясаттың негіздері туралы», «Мемлекеттік әлеуметтік стандарттар туралы», «Бухгалтерлік есеп туралы», «Электрондық құжат туралы»,

«Әлеуметтік көмек туралы», «Нашақорлықпен күрес туралы», «Тауарлардың экспорты мен импортын лицензиялау туралы», «Үшінші елдерден тауарлар әкелу кезіндегі антидемпингке қарсы және өтемақы шаралары туралы», «Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы», «Өзара сақтандыру туралы», «Балама (кіші) энергия туралы» Тәжікстан Республикасының Заңдарын және өзге де құқықтық актілерін әзірлеу кезінде ЕурАзЭҚ ПАА-ның тиісті типтік актілерін қолданды.

Қару-жарақтың заңсыз айналымына қарсы тұру, ЕурАзЭҚ-қа мүше мемлекеттердің терроризммен күрес саласындағы заңнамасын жетілдіру бойынша ұсыныстар; ЕурАзЭҚ-қа мүше мемлекеттердің шекара маңындағы ынтымақтастығын реттейтін құқықтық базаны дамыту және келісу туралы; ЕурАзЭҚ аясындағы аймақаралық және трансшекаралық ынтымақтастық тұжырымдамасы тиісті республикалық заңнамалық актілердің негізін қалады.

Сонымен бірге, құқық қолдану практикасы Парламентаралық Ассамблея әзірлеген бірқатар нормативтік актілерді қайта қарау қажеттілігін көрсетті. Мәселен, ЕурАзЭҚ-қа мүше мемлекеттердің зейнетақы жүйелерінің жұмыс істеуі үшін заңнамалық шарттарды үйлестіру жөніндегі ұсыныстарды [105] зейнетақы заңнамасын одан әрі жетілдіруде қолдануға болатын еді. Онда ХЕҰ-ның зейнетақымен қамсыздандыру саласындағы негізгі құжаттарының тізімі бар, бірақ, мысалы, Ресей Федерациясы аталған актілердің ешқайсысына қатыспайтын болып шықты.

Сарапшылардың пікірі бойынша «Білім туралы» Модельдік заңның [127] кемшілігі – жалпы білім беру жүйесі мен мектепке дейінгі білім беру жүйесінің байланысының белгісіздігі. Соңғысының міндетті немесе жалпы (негізгі) білім беру жүйесінің құрамына кіретіні белгісіз.

Сонымен қатар, жекелеген үлгілік заңдардың ережелері Ресей Федерациясының заңнамасына негізделеді, ол болса жылдам қарқынмен, халықаралық құқық, оның ішінде ДСҰ құжаттарын ескере отырып жетіліп отыр. Мәселен, Ресей Федерациясының банктік заңнамасын жетілдіру халықаралық құқық нормаларын, атап айтқанда банктік қадағалау жөніндегі Базель комитетінің «Тиімді банктік қадағалаудың негізгі принциптері» құжатының нормаларын ескере отырып айқындалады. Бұл жағдайда «ЕурАзЭҚ-қа мүше-мемлекеттердің банктік реттеу саласындағы заңнамасын үйлестіру жөніндегі ұсынымдары» жобасында көрсетілмеген басқа да заңнамалық актілер де қабылданды [166].

Тұтастай алғанда, ұсынылған ақпарат ЕурАзЭҚ құрамындағы белсенді үш мемлекеттің – Беларусь, Қазақстан, Ресей және екі республиканың – Қырғызстан мен Тәжікстанның біріккендігін айқын көрсетті. Соңғы екі ел әлі де ЕурАзЭҚ мүше-мемлекеттер қатарына кіру үстінде болатын. Нарықтық институттар мен тетіктер (әсіресе қаржы нарықтары тұрғысынан) оларда әлі де жеткілікті дамымаған. Сондықтан Беларусь, Қазақстан және Ресей ЕурАзЭҚ елдерінің ішінде Кеден одағын құруға дайын болды. ЕурАзЭҚ Мемлекетаралық кеңесінің 2006 жылғы 16 тамыздағы № 313 Шешіміне сәйкес олар Кеден одағының құқықтық базасын қалыптастыруға кірісіп кетті [167].

Осы сәттен бастап ЕурАзЭҚ-тың ПАА халықаралық құқыққа ғана емес, сонымен қатар интеграцияға сәйкес жұмыс істей бастады. Интеграциялық өзара әрекеттестіктің құқықтық негізі болып табылатын халықаралық шарттарға мемлекеттерден үстем органдар мен институттардың шешімдері қосылды. 2007 жылғы қазан айында ЕурАзЭҚ Мемлекетаралық кеңесінің 19-шы отырысында мемлекет басшылары Кеден одағын құру туралы негізгі құжаттарға қол қойды: 2000 жылғы 10 қазандағы «Еуразиялық экономикалық қоғамдастық құру туралы» Келісімге өзгерістер енгізу туралы» хаттамаға, «Кеден одағы Комиссиясы туралы» Келісімге, «Бірыңғай кедендік аумақ құру туралы» Келісім мен «Кеден одағын құру туралы» Келісімге және «Кеден одағының құқықтық негізін құрайтын халықаралық шарттардың күшіне енуі туралы» хаттамаға қол қойды [168, 129-130 бб.].

Бүгінгі таңда Кеден одағының заңи нормалары Кеден одағының халықаралық шарт мәртебесі бар Кеден кодексінен, Кеден одағына мүше-мемлекеттердің халықаралық шарттарынан, Кеден одағы Комиссиясының шешімдерінен, ал қатынастардың аталған актілермен реттелмейтін бөлігі – ұлттық заңнама актілерінен құралады.

Кеден одағының құқықтық базасын қалыптастыру мақсатында жетпістен астам халықаралық шарттар, Кеден одағының жоғарғы органының жетпіс сегіз шешімі, Кеден одағына мүше-мемлекеттер үшін міндетті болып табылатын алты жүзге жуық Кеден одағы комиссиясының шешімдері қабылданды. Олардың барлығы ұлттық заңдарға бейімделу мен үйлесу үшін сапалы зерттеуді талап етті. Мысалы, бұл мәселе Кеден одағына мүше мемлекеттердің тауарларды кедендік шекарадан заңсыз өткізуге қатысты қылмыстық, әкімшілік және азаматтық заңнамаларын біріздендіруге қатысты болды. Үш мемлекеттің қылмыстық заңнамасы тауарлар мен құндылықтарды кедендік шекара арқылы өткізудің белгіленген тәртібіне қол сұғатын қылмыстар жүйесін біркелкі бекітті. Бірақ мемлекеттер контрабанда тақырыбын анықтауда әртүрлі көзқарастарға ие. Бұған қоса, контрабанданың мәні болып табылатын тауарларды тәркілеу негіздері туралы заңнамалық нұсқаулар бір-бірімен келісілмеген. Контрабанда тақырыбының анықтамасын және контрабанда үшін мүлкін тәркілеу туралы ережені біріздендіру қажет еді. Кеден одағы Комиссиясының 2010 жылғы 18 маусымдағы № 302 шешіміне сәйкес міндет Кеден одағына мүше-елдердің қылмыстық және әкімшілік заңнамаларының тиісті баптарына түзетулер енгізуді жеделдету болып табылды. Басқа да сәйкес келмейтін бөліктерінің болуына байланысты Кеден одағына мүше-мемлекеттердің қылмыстық және әкімшілік заңнамаларына модельдік түзетулер жасалды, яғни заңнаманы біріздендіру бойынша жұмыс жалғасты [169, 17-18 бб.]. Осылайша, Кеден одағына мүше-мемлекеттер Тауар саудасын жеңілдету туралы 1987 жылғы Конвенцияға және Жалпы транзиттік тәртіп туралы 1987 жылғы Конвенцияға қосылу туралы құжаттарды дайындады. Нәтижесінде, Комиссия бекіткен тауарлар мен транзиттік декларациялар бірыңғай әкімшілік құжатпен біріздендіріліп, оларды Еуропа Одағы мен Кеден одағында қолдану мүмкіндігі бірдей болуы керек болатын.

Алайда, интеграция қарқыны артып келді. Ал 2009 ж. желтоқсанда Алматыда өткен бейресми саммитте Беларусь, Қазақстан және Ресейдің президенттері екі жылға арналған Біртұтас экономикалық кеңістікті қалыптастыру жөніндегі 2010-2011 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарын бекітті. 2012 жылдыңқаңтар айында БЭК құруды қамтамасыз ететін халықаралық шарттар пакетіне қол қойылды [170].

Біртұтас экономикалық кеңістік үйлестірілген инфрақұрылымдық және келісілген бірегей салықтық, ақша-несиелік, қаржылық әрі сауда, т.б. шаралары бар және тауарлар, қызметтер, капитал мен жұмыс күшінің еркін қозғалысын қамтамасыз ететін кеден саясаты бар нарықтық қағидаларға, үйлестірілген құқықтық нормаларды қолдануға негізделген экономиканы реттеудің бірдей тетіктері жұмыс істейтін үш мемлекеттің аумағын біріктірді.

Біртұтас экономикалық кеңістік 2016 жылдың 1 қаңтарынан бастап толық жұмыс режиміне өтті, ол үшін 2011-2015 жылдар аралығында тағы да елу бес халықаралық шарттар мен басқа құжаттар (хаттамалар, әдістер, критерийлер) қабылдау қажет болды.

Осылайша, еуразиялық экономикалық қоғамдастықтағы интеграциялық процестердің дамуы мемлекеттер заңнамасын үйлестіру процесін қарастырып шығуға мүмкіндік берді, ол модельдік (типтік) заң жобаларын, әртүрлі салалардағы мемлекет заңнамаларын жақындастыруға қатысты жалпы ұсыныстарды әзірлеуден бастама алып, ЕАЭО арқылы бүгінгі күнге дейін жетіп отыр.

Бәсекелестікті реттеудің бірегей қағидалары мен ережелері туралы, ауыл шаруашылығын мемлекеттік қолдаудың бірегей ережелері жөнінде, зияткерлік меншік құқықтарын қорғау және қорғау аясындағы реттеудің бірегей қағидалары, ақша-кредит саясатының келісілген қағидалары және т.б. туралы келісімдерді дайындау және қабылдау ЕурАзЭҚ-қа мүше-мемлекеттердің заңдарын біріздендіру мәселесін жоққа шығарды және бұл мәселе бұдан былай тіптен көтерілген емес. Сарапшылар қатынастарды құқықтық реттеудегі айырмашылықтарға қарамастан, жалпы алғанда, ЕурАзЭҚ мүше-мемлекеттерінің қолданыстағы заңнамаларына негізделетін қағидалардың сәйкестігіне байланысты негізгі нормативтік құқықтық актілердің бірігуінің жоғары дәрежесі байқалатынын атап өтеді [171, 281-282 бб.].

Сонымен қатар, ЕурАзЭҚ елдері: Қырғызстан, Тәжікстан, Ресей және Қазақстан ДСҰ-ға мүше болды. Заңды құжаттардың санының көптігінде әр түрлі актілердің қайшылықтары мен ережелерінің қайталануы, «ескірген», бірақ ресми күші жойылмаған актілер санының көбеюі айқын. Осыған байланысты ЕурАзЭҚ-тың үкімет басшылары деңгейіндегі Мемлекетаралық кеңесі 2011 жылғы 15 наурызда № 73 шешім қабылдады, онда Кеден одағы комиссиясына Кеден одағы мен Біртұтас экономикалық кеңістіктің заңнамаларын кодификациялау бойынша жұмысты бастауға нұсқау берілді [172]. Кодификациялық процесс біріздендіру емес, ол «стратегиялық» қадам болып саналады, себебі ол заңның жекелеген аясы бойынша заңдарды бірегей келісілген жүйеге (кодекске) жүйелеу мен біріктіруді, сондай-ақ қолданыстағы

заңнаманы қайта қарауды әрі күшін жоюды, сілтеме нормаларын жоюды және толықтыруды білдіреді.

Сондай-ақ, заңгерлердің көпшілігі мемлекетер бірлестіктерінің халықаралық құжаттарына ЕурАзЭҚ пен Кеден одағының қол астында, ЕурАзЭҚ актілерінің халықаралық тәуелсіз экономикалық және құқықтық сараптама институтының аясында тұрақты түрде құқықтық мониторинг жүргізу қажеттілігіне сенімді [173, 254 б.].

Осындай мониторинг арқылы ЕурАзЭҚ заңнамалық актілерінің тиімділігі осы актілердің бір-біріне сәйкестігіне, олардың бірегейлігіне, ұсынымдардың осы бірлестіктер аясындағы халықаралық шарттарға сәйкестігі мен заңды күші бар шешімдеріне және ұлттық заңи нормаларының сақталуына байланысты болатындығын анықтауға болады. Кеден одағы мен ЕурАзЭҚ осы ұйымдарда қабылданған халықаралық шарттардың қатысушысы болып табылады. Мониторинг нәтижесі тиімді Еуразиялық экономикалық кеңістікті құруға жиі кедергілер тудыратын ЕурАзЭҚ, Кеден одағының және мүше мемлекеттердің заңнамаларының қайшылықтарын жою болады. Мониторинг нәтижесі тиімді Еуразиялық экономикалық кеңістікті құруға жиі кедергі тудыратын ЕурАзЭҚ, Кеден одағының және мүше мемлекеттердің заңнамаларының қайшылықтарын жою болып табылады.

Осылайша, ЕурАзЭҚ ПАА-сы Беларусь, Қазақстан, Ресей, Қырғызстан, Тәжікстан және басқа ТМД елдерінің заңнамаларын біртұтас экономикалық кеңістіктің құқықтық негізін құрайтын келісімдермен анықталған салаларда әрі қарай жақындастыру, ұлттық заңнамаларды үйлестіру, сондай-ақ оларды біріздендіру бойынша алға қойылған міндеттерді тиімді орындау үшін ғалымдар ішінен беделді сарапшылар қауымдастығын құрды.

Жалпы алғанда мемлекеттер заңнамаларын жақындастырудағы ЕурАзЭҚ-тың Парламентаралық Ассамблеясының рөлін анықтау кезінде Қоғамдастықты зерттеген ғалымдар ЕурАзЭҚ шеңберінде интеграция құқығының қалыптасуы туралы көп ештеңе айтпағанын байқауға болады. Алайда, ЕурАзЭҚ басқа интеграциялық бірлестіктер сияқты өзінің құқықтық жүйесін, яғни өзінің интеграциялық құқығын құрғаны көпшілікке мәлім. Оны, біріншіден, ЕурАзЭҚ-тың халықаралық келісімдері құраса, екіншіден, Қоғамдастыққа мүше-елдері үшін міндетті болып табылатын ЕурАзЭҚ органдарының актілері құрайды (ол, ең алдымен, кейінірек құрылған Кеден Одағы Комиссиясының актілері, мүше-елдердің өздері үшін міндетті деп қабылдаған ПАА актілері). Ж.Т. Искакова айтқандай, интеграция құқығы тұтастық пен бірыңғайлықты қолдау мақсатында ұлттық құқықтық жүйелерді заңи құралдарды пайдалана отырып бірыңғай құқықтық жүйеге жақындастыру және біріктіруге бағытталған [174, 41 б.].

С.В. Бахиннің айтуынша, интеграциялық бірлестіктер шеңберінде халықаралық құқыққа белгісіз айрықша сипатқа ие қайнар көздер пайда бола бастайды. Мысалы, ЕО шеңберінде регламенттер мен директивалар сияқты актілер қабылдана бастады, ЕурАзЭҚ шеңберінде – оның органы болып табылатын Мемлекетаралық кеңестің шешімдер, қарарлар және ұсынымдар қабылдау мүмкіндігі қарастырылған [175, 102 б.].

Ж.Т. Искакова интеграция құқығының пайда болуын тек ЕАЭО-ның пайда болуымен байланыстырады. Ол былай дейді: «ЕАЭО-ң интеграция құқығының жүйесі бірқатар айрықша белгілерге ие бола отырып, басқа құқық жүйелерінен айырмашылығы бар, халықаралық құқықтың жалпы танылған қағидалары мен нормаларының негізінде өзінің дәрежелеуші белгілері мен заңдылықтары бойынша қалыптаса бастаған дербес құқықтық тәртіп ретінде көріне бастайды» [174, 42 б.]. Яғни, бұл ғалымның пайымдауы бойынша ЕАЭО-ға дейін, мысалы, ЕурАзЭҚ шеңберінде, интеграция құқығы әлі де қалыптаса қоймаған.

Біздің ойымызша, бұл жағдайды Еуропадағы жағдаймен салыстыруға болады. Еуропада Маастрихт шартының негізінде Еуропа Одағы құрылғаннан кейін ғана мамандар ЕО құқығын – интеграция құқығы ретінде тани бастады. Оның алдында Еуропалық экономикалық қоғамдастық кезінде ЕЭҚ құқығы – интеграциялық құқық емес, аймақтық халықаралық ұйымның құқығы ретінде дәрежеленген болатын.

ЕурАзЭҚ-те де ұқсас жағдай туындап отыр. ЕурАзЭҚ құқығын мамандардың көпшілігі интеграция құқығы деп атағысы келмейді, ал ЕАЭО құқығын болса – толыққанды интеграция құқығы деп жариялап отыр.

Мұндай көзқараспен келісуге болады, бірақ ЕурАзЭҚ шеңберінде болашақ ЕАЭО-ның интеграциялық құқығының бірқатар элементтерінің пайда болуын ұмытпайық.

3 БІРІЗДЕНДІРУ МЕН ҮЙЛЕСТІРУ БОЙЫНША ЕУРАЗЭҚ-тың СОТТЫҚ НЫСАНЫ ЖӘНЕ ЕАЭО-ның ПАЙДА БОЛУЫНАН КЕЙІН МҮШЕ-МЕМЛЕКЕТТЕР ЗАҢНАМАЛАРЫН ЖАҚЫНДАСТЫРУ ТӘСІЛДЕРІНІҢ ӨЗГЕРУІ

3.1 Мүше-мемлекеттердің заңнамаларын біріздендіру және үйлестіру бойынша Еуразиялық экономикалық қоғамдастықтың соттық нысаны

ЕурАзЭҚ Сотының құқықтық мәртебесі Еуразиялық экономикалық қоғамдастық құру туралы шарттың (2000 жыл) «Қоғамдастық Соты» деп аталатын 8-ші бабына негізделген [176]. Бұл Шарт 2001 жылдың 2 сәуір күні Қазақстан Республикасымен ратификациядан өткізілді [177]. Келісім 2001 жылы 30 мамыр күні күшіне енді.

ЕурАзЭҚ-тың көптеген басқа халықаралық интеграциялық ұйымдарға қарағанда бір үлкен ерекшелігі бар – ол, ұйымға мүше-мемлекеттердің ұлттық заңнамаларын үйлестірумен (жақындастырумен, бірегейлендірумен) айналысатын арнайы органның болуы. Ол орган - Парламентаралық Қауымдастық (Ассамблея) (2000 жылғы Астана Шартының 7-ші бабы).

2000 жылғы Астана Шартының 7-ші бабына сәйкес Парламентаралық Қауымдастықтың екі негізгі міндеті бар екенін атап өтейік. Олар:

1) ЕурАзЭҚ-қа мүше-мемлекеттердің ұлттық заңи нормаларын үйлестіру (жақындастыру, бірегейлендіру);

2) ЕурАзЭҚ-қа мүше-мемлекеттердің ұлттық заңи нормаларын ЕурАзЭҚ аясында қабылданған шарттарға сәйкестендіру мәселелерін қарастыру.

Ал ЕурАзЭҚ аясында қабылданған шарттарды (ол 2000 жылғы Астана Шарты мен Қоғамдастық аясында қолданылатын өзге де келісім-шарттар) бірдей қолдануды қамтамасыз етуді жүзеге асратын орган – ол ЕурАзЭҚ Соты. Бұл бағыт ЕурАзЭҚ Соты қызметінің бірінші бағыты, ал оның қызметінің екінші бағыты – ЕурАзЭҚ органдары шығаратын шешімдердің бірдей қолданылуын қамтамасыз ету.

Демек, ЕурАзЭҚ шарттарының және ЕурАзЭҚ органдары шығарған шешімдердің біркелкі қолданылуын қамтамасыз ету – ЕурАзЭҚ Сотының жауапкершілігінде десек болады. Мұндай біркелкі қолданылу бір жағдайда ғана өз мақсатына жетті деп сенімді түрде айтуға болады – егер ЕурАзЭҚ-қа мүше-мемлекеттердің заңнамалары бірегейленген және үйлестірілген болса, егер олар бір-біріне қайшы келмейтін болса.

Яғни, ЕурАзЭҚ-қа мүше-мемлекеттердің ұлттық заңнамаларын үйлестіру (жақындастыру, бірегейлендіру) және бұл заңнамаларды ЕурАзЭҚ шеңберінде жасасқан шарттарға сәйкес келтіру тек Парламентаралық Қауымдастықтың ғана құзыретімен шектелмейді. Бұл жұмысты ЕурАзЭҚ Соты да атқарады деп сенімді түрде айтуға болады.

Қоғамдастық Сотын осы жұмысты орындауға итермелейтін тағы бір ереже Астана Шартының 8-ші бабының 2-ші абзацында бекітілген. Ол жерде Сот «ЕурАзЭҚ органдарының шешімдерін және Қоғамдастық аясында

қолданылатын шарттардың ережелерін іске асыру мәселелері бойынша түсініктемелер, сондай-ақ қорытындылар береді» делінген. Мұндай қорытындылар мен түсініктемелерді беру мақсаты ешбір сұрақ туғызбайтын шығар деп ойлаймыз, өйткені ол кез келген заңгер-маманға түсінікті, яғни біз жоғарыда айтып өткеніміздей, ЕурАзЭҚ шарттарының және ЕурАзЭҚ органдары қабылдаған шешімдердің біркелкі қолданылуын қамтамасыз ету. Яғни, бұл қорытындылар мен түсініктемелерді беру мақсаты, Соттың өзінің басты міндетін орындау болып табылады.

Біз сөз қылып отырған ЕурАзЭҚ Сотының беретін түсініктемелері мен қорытындылары Қоғамдастыққа мүше-мемлекеттердің өз араларында ЕурАзЭҚ органдары қабылдаған шешімдерді және Қоғамдастық шеңберінде жүзеге асырылатын шарттардың нормаларын жүзеге асыру мәселелері бойынша пайда болған экономикалық дауларды қарау нәтижесінде дайындалып беріледі.

Соттың құқықтық мәртебесінің негізін қалайтын жоғарыда аталған ережелері ЕурАзЭҚ шеңберінде Кеден одағы құрылғанша қолданылып келді.

Кеден одағын құру туралы шешім қабылданған кезден бастап Астана Шартының 8-ші бабына Қоғамдастық Сотына қатысты жаңа толықтырулар енгізілді. Бұл толықтырулар Соттың құзыретін Кеден одағына қатысты істерге тарату мақсатында 2008 жылы енгізілген еді. Осы толықтыруларға сәйкес Кеден одағын қалыптастыратын Уағдаласушы Тараптардың кедендік аумақтары біріктірілгеннен кейін Сотт өз құзыреті шегінде жаңа санаттағы істерді қарайтын болды және олар келесілер еді:

1) Кеден одағы органдарының нормативтік актілерінің Кеден одағының заңдық базасын құрацтын халықаралық шарттарға сай келуі туралы істер;

2) Кеден одағы органдарының шешімдерін, әрекеттерін не әрекетсіздігін даулау туралы істер;

3) Кеден одағының заңдық базасын құрайтын халықаралық шарттарға, Кеден одағы органдары шығарған нормативтік актілерге түсінік беру;

4) Кеден одағы Комиссиясы мен Кеден одағына мүше-мемлекеттер арасындағы кеден одағы шеңберінде қабылданған өз міндеттемелерін орындау жөніндегі даулар.

Сот қарайтын жаңа санаттағы істерге қатысты Кеден одағының құқықтық базасын қалыптастыратын халықаралық шарттарды, Одақ органдарының нормативтік актілерін қолдануға немесе түсіндіруге негізделген істерді, сонмен қатар Одақ органдарының шешімдерін, әрекеттерін не әрекетсіздігін даулау туралы істерді қарауда Кеден одағының Уағдаласушы Тараптарының өкілдері болып табылатын судьялар қатысады. Бұл ереженің мән-мағынасы түсінікті, батапқыда Кеден одағын құруға ЕурАзЭҚ-қа мүше болып табылатын бес мемлекеттің тек үшеуі ғана кірісті, олар Беларусь, Ресей және Қазақстан. Бастапқы кезде Кеден одағынан тыс қалғандар – Қырғызстан мен Тәжікстан еді.

Сондықтан ЕурАзЭҚ Соты Қоғамдастыққа қатысты істерді барлық мүше-мемлекеттердің судьяларының қатысуымен, ал Кеден одағына байланысты істерді тек осы Кеден одағының мүше-мемлекеттерінің судьяларының қатысуымен қарастыратын болды.

Алайда, Кеден одағына қатысты істермен шектеліп қана қоймай, сонымен қатар Қоғамдастық Сотының қарауына ЕурАзЭҚ шеңберіндегі халықаралық келісімдерде көзделген басқа да дауларды қарау мен шешу де жатқызылуы мүмкін (Астана Шартының 8-ші бабы).

Сот құрамына әрбір ЕурАзЭҚ-тың мүше-мемлекеттерінен 2 судьядан тағайындалды. Олар Қауымдастықтың Мемлекетаралық Кеңесінің ұсынысы бойынша 6 жылға тағайындалды (Астана Шартының 8-ші бабы).

ЕуразЭҚ Сотының құзыретін белгілейтін ережелер 2000 жылғы Астана Шартының 8-бабымен шектелмейді. ЕурАзЭҚ Сотының Статутын келтіруіміз керек. Еуразиялық экономикалық қоғамдастық Сотының статуты 2010 жылғы 5 шілдеде Астанада жасалды [178]. Қазақстан Республикасы бұл Статутты 24 наурыз 2011 жылы ратификациядан өткізді [179].

2011 жылғы 27 шілдеде күшіне енген Статуттың 13-ші бабының 3-ші тармағына сай Сот ЕурАзЭҚ аясында қолданыста болатын халықаралық шарттардың нормалары мен ЕурАзЭҚ органдарының шешімдерін түсіндіруді жүзеге асырады.

Статуттың 14-ші бабының 3-ші тармағына сай шаруашылық жүргізуші субъектілер ЕурАзЭҚ Сотына 2010 жылғы 9 желтоқсандағы «Кеден одағы шеңберіндегі даулар бойынша шаруашылық жүргізуші субъектілердің ЕурАзЭҚ Сотына жүгінуі және олар бойынша сот ісін жүргізу ерекшеліктері туралы шартқа» сәйкес жүгінуге тиіс болғанын айтып кетейік.

2010 жылғы 9 желтоқсанда Мәскеуде ЕурАзЭҚ сотына тікелей қатысы бар тағы бір «Кеден одағы аясындағы даулар бойынша шаруашылық жүргізу субъектілерінің ЕурАзЭҚ Сотына жүгінуі және олар бойынша сот ісін жүргізу ерекшеліктері туралы» Шарт жасалды [180]. Қазақстан бұл Шартты 30 маусым 2011 жылы ратификациядан өткізді [181].

Осы Шарттың 2-ші бабының 1-ші тармағына сәйкес ЕурАзЭҚ Соты шаруашылық жүргізу субъектілерінің: Кеден одағы комиссиясының актілерін не осы актілердің жекелеген нормаларын даулау туралы немесе Кеден одағы комиссиясының әрекетін не әрекетсіздігін даулау туралы өтініштері бойынша істерді қарайды.

ЕурАзЭҚ Соты құқықтық тұрғыдан Қоғамдастықпен бірге 2001-2014 жылдарда қызмет етті деп есептеледі. Сот өз қызметін Қоғамдастықпен бірге 2014 жылы тоқтатты.

ЕурАзЭҚ-тың (мемлекеттер басшылары деңгейіндегі) «Еуразиялық экономикалық қоғамдастық сотының қызметін қалыптастыру және ұйымдастыру туралы» Мемлекетаралық Кеңесінің 19 желтоқсан 2011 жылғы № 583 шешімімен Сот қызметін қалыптастыру және ұйымдастыру тәсілдері мақұлданып, Сотты қалыптастыру бойынша шаралар жоспары бекітіліп, Сот қызметін іс жүзінде 2012 жылдың 1-ші қаңтарынан бастау ұйғарылды [182].

2015 жылдың 1-ші қаңтарынан бастап ЕурАзЭҚ Сотының өкілеттіктері өз қызметіне кірісіп кеткен Еуразиялық экономикалық одақ сотына берілді.

Демек, ЕуразЭҚ Сотының қызметі бар-жоғы 3 жылға, яғни 2012 жылдың 1-ші қаңтарынан – 2015 жылдың 1-ші қаңтарына дейін созылды.

Сонымен, ЕурАзЭҚ Сотының құзыреті түсінікті болды және Астана Шартында бекітілген ережелердің өзі ЕурАзЭҚ Сотының Қоғамдастыққа мүше-мемлекеттердің заңнамаларын үйлестірумен және бірегейлендірумен айналысатынын анық көрсетіп отыр. Нормативтік ережелерді талдаудан туындаған бұл қорытындыны дәлелдеу үшін ЕурАзЭҚ Сотының істерді қарау практикасына жүгіну керек.

Өкінішке орай, ЕурАзЭҚ Соты бар-жоғы 3 жылдың ішінде көп істі қарап үлгермеді. Дегенменен 3 жылдың ішінде бұл сот органы 22 (жиырма екі) іс қараған екен. Сот бірқатар істерді қарастырудан бас тартты, тағы бірқатар істердегі шағымданушылардың талаптарын қанағаттандырмады [183].

Алайда басынан бастап аяғына дейін қарастырылып, толық шешім шығарылған бірен-саран істердің мысалы ретінде біз екі істі келтіргіміз келіп отыр. ЕурАзЭҚ Сотының осы екі істі қарастыру нәтижесінде қабылдаған соттық актілердің қысқаша тізбегі былай болмақ:

1) бірінші іс «Южный Кузбасс» көмір компаниясының ЕурАзЭҚ Сотына берген талап қою арызына қатысты іс еді. Бұл іс бойынша Сот 3 (үш) соттық акт қабылдады, олар:

1.1) бұл істе – талап қоюшы «Южный Кузбасс» көмір компаниясы акционерлік қоғамы болса, жауапкер – Кеден одағы Комиссиясы. Бұл іс ЕурАзЭҚ Соты Алқасының 05.09.2012 жылғы Кеден одағы Комиссиясының «Бірыңғай кеден аумағының қызмет етуіне байланысты проблемалық мәселелер мен Кеден одағының тетіктерін жүзеге асыру практикасы туралы» 17.08.2010 жылғы № 335 Шешімімен аяқталды. Іс заңды тұлғаның интеграциялық бірлестік органына қарсы шығуының жарқын мысалы болды [184];

1.2) ЕурАзЭҚ Сотының екінші соттық актісін осы «Южный Кузбасс» көмір компаниясының ісіне байланысты Соттың Апелляциялық палатасының 29.11.2012 жылғы шешімі құрады [185];

1.3) ЕурАзЭҚ Сотының үшінші соттық актісін «Южный Кузбасс» көмір компаниясының ісіне байланысты Сот Алқасының 05.09.2012 жылғы шешімін түсіндіру және орындау туралы Соттың Үлкен алқасының 08.04.2013 жылғы қаулысы құрады [186];

2) ЕурАзЭҚ Сотының практикасындағы 2-ші іс «ОНП» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің КО Комиссиясының шешімін даулау туралы арызына қатысты болды. Бұл іске байланысты Сот 2 (екі) соттық акт қабылдады, атап айтатын болсақ, олар:

2.1) ЕурАзЭҚ Соты Алқасының 15.11.2012 жылғы «ОНП» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің КО Комиссиясының «МТЛБ» (многоцелевой тягач легкий бронированный), «МТПЛБ» (многоцелевой тягач полу-легкий бронированный), «ТГМ» (транспортная гусеничная машина) көлік құралдарының Кеден одағының сыртқы экономикалық қызметтің бірыңғай тауар номенклатурасына сәйкес сыныпталуы туралы» 18.10.2011 жылғы №819 шешімін даулау туралы арызы бойынша іске қатысты шешімі [187];

2.2) «ОНП» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің ісіне байланысты ЕурАзЭҚ Сотының Апелляциялық палатасының 21.02.2013 жылғы шешімі [188].

Көріп отырғанымыздай екі іс те нақты компаниялардың, біріншісінде – акционерлік қоғамның, ал екіншісінде - жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің – Кеден Одағы Комиссиясының шешімін даулауға қатысты болып отыр. ЕурАзЭҚ Сотының негізгі шешімдері екі даулы іс бойынша да арызданушы компаниялардың пайдасына шығарылған еді.

Сонымен қатар, екі істе де жауапкер - Кеден Одағы Комиссиясы апелляциялық органға шағымданып, ол деңгейде де ұтылып қалғанын байқаймыз. Демек, екі іс бойынша да негізгі шешіммен қатар, апелляциялық шешім де шығарылды. Бұған қоса, «Южный Кузбасс» көмір компаниясы акционерлік қоғамы ісінде ЕурАзЭҚ Соты үшінші соттық актіні де қабылдады – ол, негізгі шешімді қалай түсіну және орындау керектігі жөнінде ЕурАзЭҚ Соты Үлкен алқасының қаулысы.

Қарастырып отырған екі істің енді мазмұнына көңіл бөлейік, олардың қандай мәселе төңірегінде пайда болғанын анықтап көрейік, қалай шешіліп, қандай нәтижеге алып келгенін айқындайық.

Сонымен, бірінші істің біздер үшін маңызды болып табылатын тұстарын қысқаша сипаттап өтейік. ЕурАзЭҚ шеңберінде қабылданған екі бірдей халықаралық келісім-шартқа сәйкес, яғни 06.10.2007 жылғы Бірыңғай кеден аумағын құру және кеден одағын қалыптастыру туралы шартқа [189] және 27.11.2009 жылғы Кеден одағының кеден кодексі туралы шартқа [190] сәйкес 2010 жылдың 1-ші шілде күнінен бастап Кеден одағына (КО) қатысушы мемлекеттер аумақтары арасында қоныс аударылатын КО-ның тауарларына кедендік декларациялау жойылып, үшінші елдердің аумақтарын шыққан тауарларды декларациялаудың бірегей нормалары орнатылған болатын.

Осы аталған халықаралық шарттарды бұза отырып КО-ның Комиссиясы № 335 Шешім қабылдайды. Бұл Шешімге сай өзара сауда статистикасын жүргізу мақсатында Ресей Федерациясының аумағынан КО-ның басқа мүше-мемлекеттеріне әкетілетін КО-ның Сыртқы экономикалық қызметінің (СЭҚ) Тауарлық номенклатурасының (ТН) 27-ші тауарлық топқа кіретін тауарларға кедендік мәлімдеу (декларациялау) сақталады. 27-ші тауарлық топқа «жанармай материалдары, мұнай және оларды айдаудың өнімдері» жататынын айтып кетейік.

ЕурАзЭҚ Соты бұл жағдаймен келісе алмады және КО Комиссиясының № 335 Шешімі КО-дағы тауарларды мәлімдеудің (декларациялаудың) бірыңғай ережелерінен бөлек басқа ереже орнатты әрі бұл Қоғамдастық аумағында аталған тауарларды алып жүрудің (ол тауарлардың қоныс аударылуының) тең жағдайын қамтамасыз етпейді деп ұйғарды. Бұл болса, өз кезегінде, Ресей Федерациясының шаруашылық жүргізу субъектілері үшін № 335 Шешім Кеден одағының кеден кодексі туралы шарттың 1-ші бабын және Бірыңғай кеден аумағын құру және кеден одағын қалыптастыру туралы шарттың 2-ші бабын өрескел түрде бұзады.

ЕурАзЭҚ Соты өзінің осы ұстанымын (көзқарасын) өзгерткен жоқ және оны қорғауда табандылық танытты.

Біздің тақырыбымыздың тұрғысынан қарайтын болсақ КО-ның барлық мүше-мемлекеттері КО аумағы шеңберінде өздерінің кез-келген тауарларын бірдей тәртіппен мәлімдейтінін әрі бұл қағидаттан ешқандай ауытқушылыққа жол берілмейтініне көз жеткізді.

Бұл нені білдіреді? Бұл КО аумағында оның мүше-мемлекеттерінің тауарлары ешбір мәлімдеусіз қоныс ауыстыра береді деген біріздендірілген ереженің пайда болуын білдіреді деп есептейміз. Бұл біріздендірудің жарқын көрінісі, оның естен кетпес мысалы десек болады.

Немесе мұны нормативтік жолмен жүргізілген біріздендіруді халықаралық соттық жолмен (халықаралық соттық тетік арқылы) күшейту, дәлелдеу, тіпті толықтыру десек те қате болмайтын сияқты. Яғни, біз біріздендірудің соттық нысанын ЕурАзЭҚ Сотының практикасынан көріп отырмыз.

«Южный Кузбасс» көмір компаниясы акционерлік қоғамы ісіне қатысты ЕурАзЭҚ Соты шешімінің мазмұнын, оның қыры мен сырын, бірқатар заңгер-ғалымдар егжей-тегжейлі қарастырған болатын. Бұл жағынан, әсіресе, белгілі мәскеулік ғалымдар А.С. Смбатян [191, 2003 бб.] мен А.С. Исполиновтың мақалалары [192, 90-91 бб.] ерекше қызығушылық туғызады. Осыған ұқсас басқа да материалдар бар болғандықтан және олардың қолжетімділігінебайланысты біз бұл мәселеге тоқтамаймыз, ары қарай жүре береміз.

ЕурАзЭҚ Сотының қарастырып үлгерген екінші ісі - «ОНП» ЖШС-нің КО Комиссиясының 18.10.2011 жылғы «МТЛБ» («многоцелевой тягач легкий бронированный» – «көп мақсатты жеңіл броньды трактор»), «МТПЛБ» («многоцелевой тягач полу-легкий бронированный» – «көп мақсатты жартылай жеңіл броньды трактор»), «ТГМ» («транспортная гусеничная машина» - «транспорттық шынжыр табанды көлік») көлік құралдарының Кеден одағының сыртқы экономикалық қызметтің бірыңғай тауар номенклатурасына сәйкес сыныпталуы туралы» № 819 шешімін даулау туралы арызы бойынша іс еді. Мұны қарапайым сөзбен айтқанда – КО Комиссиясы шешімдерінің басқа халықаралық шарттар бойынша мүше-мемлекеттердің өз мойнына ертерек алынған міндеттемелерге сәйкестігі мәселесіне байланысты іс деп атауға болады.

Бұл іс бойынша № 819 Шешімде көрініс тапқан КО Комиссиясының ұстанымы Сот тарапынан дұрыс емес деп танылып, Шешім КО мен Бірыңғай экономикалық кеңістік шеңберінде қолданылатын халықаралық шарттарға сәйкес келмейді деп қорытындыланды.

Түсінікті болу үшін айтып кетейік: КО Комиссиясының № 819 Шешімі қарусыздандырылған тасымалдаушы (қаруы мен сауыттары толығымен алынып тасталған) тракторларды кедендік декларациялау мақсатында адамдар мен жүк тасымалдауға арналған моторлы көлік құралдары ретінде дәрежеледі. Шағымданушы болса оларды негізгі қызметтік мақсатына сай (яғни, сүйреу немесе итеру мақсаты) тракторлар ретінде дәрежеленуі керек деп есептеді.

Бұл істе тауарлардың стандарттары мен оларды жіктеудің қағидалары 1983 ж. Дүниежүзілік Кеден ұйымы аясында қабылданған Тауарларды бейнелеу және

оларға код берудің үйлестірілген Халықаралық Конвенциясымен орнатылғанын байқаймыз.

ЕурАзЭҚ Соты тағы бір мәселеге көңіл аударды, яғни Кеден одағының мүше-мемлекеттер де аталған Конвенцияға Кеден одағы құрылғанға дейінгі әртүрлі уақытта қосылған болатын.

Сонымен қатар, Кеден одағының Кеден кодексі және Кеден одағы аясындағы 25.01.2008 жылғы «Бірыңғай кедендік реттеу туралы» Келісім Дүниежүзілік Кеден ұйымының (ДКҰ) Тауарларды бейнелеу және оларға код берудің үйлестірілген жүйесіне негізделген. Осы фактіні басшылыққа ала отырып ЕурАзЭҚ Соты Конвенцияны «мүше-мемлекеттердің заңнамасының» ажырамас бөлігі болып табылады деп жариялады. Бұл жерде ескеретін жағдай – Сот ДКҰ-ның Конвенциясын Кеден одағының құқығына (заңнамасына) жатқызып отырған жоқ, ол Конвенцияны – мүше-мемлекеттердің заңнамасына жатқызып отыр. Қалай болса да, ЕурАзЭҚ Соты халықаралық шарттардың міндеттілігі мен олардың ережелерін орындаудың адалдығы туралы халықаралық құқықтың принциптерін ескере отырып, Конвенцияның ережелері Кеден одағы үшін міндетті болып табылады және орындалуы тиіс деген қорытынды жасады.

ЕурАзЭҚ Сотының мұндай шешімімен келіспеген КО Комиссиясы Соттың Апелляциялық палатасына шағымданды, бірақ, Палата Сот шешімін дұрыс деп есептеп, оны ешбір өзгеріссіз қалдырды.

Сонымен біз ЕурАзЭҚ Сотының толығымен – бастан аяғына дейін қарастырып шыққан екі ісіне қысқаша шолу жасап өттік. Жалпы алғанда, үш жылдың ішінде Сот практикасы, әрине, екі іспен ғана шектеліп қалған жоқ. Бірқатар өтініштерді қанағаттандырудан немесе қарастырудан Соттың бас тартқанын айтып кетейік. Мысалы, «Новокраматорский машиностроительный завод» жария акционерлік қоғамының КО Комиссиясының 09.12.2011 жылы қабылданған №904 Шешімінің КО аясындағы біршама халықаралық шарттарға сай келмеуі туралы шағымдарын Сот 24.06.2013 жылғы Шешімімен қанағаттандырудан бас тартты. ЕурАзЭҚ Соты Алқасының аталған Шешіміне шағымданушы апелляция берген еді, бірақ Апелляциялық палатаның 21.10.2013 жылғы шешімімен Сот Алқасының бастапқы шешімі ешбір өзгеріссіз қалдырылды [193].

Жалпы алғанда, тағы да бір қайталап өтейік – ЕурАзЭҚ Соты үш жыл ішінде барлығы 22 іс қарастырып үлгерген болатын.

Белгілі ресейлік ғалым В.Л. Толстых ЕурАзЭҚ Соты мен ЕАЭО Сотының алғашқы жылдардағы практикасына арналған мақаласында бұл практиканың бірқатар ерекшеліктеріне көңіл бөлді. Мәселен, оның айтуынша Сотқа келіп түскен КО Комиссиясына қарсы шағым арыздардың барлығында Сот Комиссияны жақтады, тек екі іс бойынша ғана – Сот шағымданушылар жағына шықты дейді (олар «Южный Кузбасс» және «ОНП» істері). ЕурАзЭҚ Сотының Апелляциялық палатасына түскен шағымдардың ешқайсысы қанағаттандырылған жоқ. ЕурАзЭҚ Сотының қараған істері көп жағдайларда СЭҚ ТН сәйкес тауардың жіктелуі, демпингке қарсы баждар, кедендік

жеңілдіктерді қолдану тәртібі жөнінде болды. Жекелеген істерде кедендік декларациялау міндеті («Южный Кузбасс» ісі), кедендік режимдер («Вичюнай-Русь») және т.б. мәселелер қарастырылды.

Сонымен бірге, ЕурАзЭҚ Сотының практикасында тіптен қарастырылмаған істер санаты да болды. Мысалы, ол Кеден одағының техникалық регламенттерін даулау туралы бірде-бір шағым түскен емес [194, 114-115 бб.].

Сот іс жүзінде қолданған дереккөздерді бірнеше топқа бөлуге болады және сол топтардың ішінде Кедендік одақ шеңберінен тыс жасалған шарттар бар. Олардың кейбіреулерін ЕурАзЭҚ Соты Кеден одағының немесе мүше-мемлекеттердің кедендік заңнамасына (кейін ЕАЭО құқығы туралы айтатын болдық, бірақ 2015 жылға дейін ондай ұғым болған жоқ) жатады деп жіктесе (мысалы, 1973 жылғы Тауарларды сипаттау мен оларға код берудің үйлестірілген жүйесі туралы конвенция және ДСҰ шарттары), екіншілерін – оларға жатпайды деп жіктесе (мысалы, 1958 жылғы дөңгелекті көлік құралдарына бірыңғай техникалық талаптарды қабылдау туралы келісім); үшіншілерін – құқықтық нормаларды анықтаудың көмекші құралы ретінде қарастырыды (мысалы, 1973 жылғы Кедендік рәсімдерді оңайлату және үйлестіру туралы конвенция), ал төртіншілерінің – мәртебесі тіптен анықталмады (мысалы, 1969 жылғы Шарттар құқығы туралы Вена конвенциясы) [194, 11 бб.].

Кейбір жағдайларда Соттың ұстанымы осал болып көрінді. Мысалы, ЕурАзЭҚ заңнамасындағы (кейін ЕАЭО құқығындағы) «сыртқы» келісім-шарттардың мәртебесіне келсек, Сот «Новокраматор машина өңдеу зауыты» («НКМЗ») ісіндегі 24.06.2013 жылғы шешімінде Кеден одағы мен ДСҰ келісімдері арасындағы қарым-қатынастар «lex specialis derogat lex generali» (яғни, «арнайы заң жалпы заңнан басым болады») қағидалары негізінде реттеледі деген еді. В.Л. Толстых Соттың мұндай ұстанымын осал деп бағалады, себебі [194, 117 б.]:

1) 2011 жылғы «Кеден одағының қызмет етуі туралы» Шартының 2 (1) бабына сәйкес Кеден одағы келісімдерінің басымдығы басынан бастап алынып тасталған болатын, және ол Шартта: «ДСҰ Келісімінің ережелері ... Кеден одағы шеңберінде жасалған халықаралық шарттардың тиісті ережелерінен және Кеден одағының органдары қабылдаған шешімдерден басымдыққа ие болады» - деп бекітілген ереже бар;

2) бұл істе ЕурАзЭҚ аясындағы қатынастар емес, Кеден одағының келісімдерінен тәуелсіз Украина мемлекетінің тарапымен қарым-қатынастар қарастырылған болатын;

3) ДСҰ нормаларының тікелей әрекет етуі мәселесі аса күрделі болып табылады: мүмкін, Сот ол нормалар қандай жағдайда қолданыла алатынын нақты тұжырымдауы керек пе еді?

4) Сот қарастырып отырған ережені қолданбаса да болар еді, өйткені, оның өзі шешімінде көрсеткендей Кеден одағының келісімдері мен ДСҰ келісімдері арасында қарама-қайшылық бұл істе пайда болған емес.

ЕурАзЭҚ Соты істерді қарастыру және шешім шығару барысында бірқатар жағдайларда өзінің бұрынғы шешімдеріне сілтеме жасап отырғаны да байқалады және ол істерді соттық прецедент ретінде қабылдайтындай көрінді. Мысалы, 29.12.2014 жылғы «Angang» ісінде Сот өзінің 12.07.2012 жылғы Регламентінің 11 бабына сәйкес келесі ережені алға тартты: «Сот істі қарастыра отырып құқықтың қағидалары мен нормаларын Соттың бұрынғы шешімдерінде қалай түсіндірілгеніне қарай қолданады». Нақтырақ айтатын болсақ ЕурАзЭҚ Соты келесі шешімдерде өзінің бұрынғы істеріне сілтеме жасады [194, 119 б.]:

1) 24.02.2014 жылғы «СеверАвтоПрокат» ісі бойынша шешімде Сот 10.07.2013 жылғы Белоруссияның Жоғарғы шаруашылық сотының сұранысы бойынша шығарылған шешіміне (Комиссияның құқық субъектілігінің сипаты) сілтеме жасады;

2) 24.03.2014 жылғы «Graphite» шешімінде Сот – 24.06.2014 жылғы «НКМЗ» (Новокраматор машина өңдеу зауыты) ісі бойынша шешімге сілтеме жасады (шағымданушының материалдық құқығының расталмауы оның процессуалдық құқықтарының пайда болуына кедергі жасайды);

3) 14.10.2014 жылғы «Забайкал ресурс» ісі бойынша шешімде Сот 05.09.2012 жылғы «Южный Кузбасс» ісіндегі шешімге және 10.07.2013 жылғы Белоруссияның Жоғарғы шаруашылық сотының сұранысы бойынша шешімге сілтеме жасады (Комиссияда Кеден одағының СЭҚ Тауар номенклатурасы Түсініктердің міндеттілігін анықтау құқығының болмауы);

4) 29.12.2014 жылғы «Angang» ісіндегі шешімде Сот 24.06.2013 жылғы «НКМЗ» (Новокраматор машина өңдеу зауыты) ісіндегі шешімге сілтеме жасады (ДСҰ мен Кеден одағы нормаларының арақатынасы).

ЕурАзЭҚ Соты өз практикасында мүше-мемлекеттердің ұлттық заңнамаларына сілтеме жасап отыратынын айтып кетейік. Ең алдымен, түсініксіз ұғымдарды анықтау үшін Сот ішкі заңнамаларға сілтеме жасады. Мысалы, 31.10.2013 жылғы «Джекпот» ісіндегі шешімде Сот іс үшін маңызды болған «мәміле» ұғымы мемелекеттің ішкі заңымен анықталуы тиіс деп, мүше-мемлекеттердің азаматтық заңнамаларына сілтеме жасаған еді. Екіншіден, Сот шарттың міндеттілігіне келісім білдірудің ұлттық актілеріне сілтеме жасады (барлық мүше-мемлекеттердің келісімі шарттардың ЕурАзЭҚ құқығына енгізілудің міндетті талабының екеуінің бірі болатын).

Мәселен, 27.10.2014 жылғы «Флекс-н-Ролл» ісіндегі шешімде Сот мүше-мемлекеттер үшін 1973 жылғы Үйлестірілген жүйе туралы Конвенцияның міндеттілігін белгіледі. Үшіншіден, бірнеше істерде Сот ұлттық заңдардың ЕурАзЭҚ заңнамасына (құқығына) сәйкестігі туралы сұраққа жауап беруі керек болатын. Әрбір осындай жағдайда Сот мәселені мемлекеттің пайдасына шешетін. Мысалы, «Вичюнай-Русь» ісінде шағымданушы «Калининград облысының айрықша экономикалық аймағы туралы» Ресей Заңы 2010 жылғы Еркін экономикалық аймақтар мәселелері бойынша Келісімге қайшы келеді деп көрсетті. Сот болса өзінің 30.05.2014 және 07.10.2014 жылғы шешімдерінде шағымданушының көзқарасын қолдаған жоқ [194, 119 б.].

Сонымен, мүше-мемлекеттердің заңнамаларын біріздендіру және үйлестіру бойынша Еуразиялық экономикалық қоғамдастықтың соттық нысанын қарастыру соңында ресейлік зерттеуші Е.Е. Рафалюктің сөздерін келтіргіміз келіп отыр. Оның айтуынша құқықты біріздендірудің соттық нысаны, біріншіден, соттық құқықшығармашылық арқылы, екіншіден, біріздендірілген нормалардың заңдылығы мен орындалуына соттық бақылау арқылы іске асырылады. Соттық құқық шығармашылыққа бұл ғалым келесілерді жатқызады: 1) құқықтық реттеу ақтаңдақтарының орнын толтыру; 2) құқықтық преюдициялық түсіндіру; 3) прецеденттік құқықтың қалыптасуы; 4) құқықтық әдет-ғұрыптың қалыптасуы [195, 11-12 бб.].

Е.Е. Рафалюктың қорытындыларымен толық келісе отырып, оның атап өткен соттық құқық шығармашылықтың 4 (төрт) нысаны да ЕурАзЭҚ Сотының қызметінде (соттық практикасында) кездесетінін басып айтуға болады. Мысалы, құқықтық реттеу ақтаңдақтарының орнын толтыруды біз «Южный Кузбасс» ісінен көрдік, өйткені ол жерде Кеден одағының Комиссиясы белгіленген тәртіптен өзге ереже енгізгісі келген кезде, Сот бұл практиканы бірден тыйып тастап, бұл бағытта нақты тәртіп орнатты (яғни, ол пайда болған ақтаңдақтың орнын өз шешімі арқылы толтырды).

Құқықтық преюдициялық түсіндіру мәселесі ЕурАзЭҚ Сотының практикасында өз көрінісін 10.07.2013 жылы алғашқы преюдициялық қорытындыны қабылдау арқылы тапты [196] және заң әдебиеттерінде оған біраз көңіл бөлінген еді (мысалы, ол жөнінде белгілі ғалым А.С. Исполиновтың арнайы мақаласымен танысып шығуға болады [197, 24 б.].

Е.Е. Рафалюктың сөздеріне қайтып келетін болсақ, прецеденттік құқық пен құқықтық әдет-ғұрыптың қалыптасуы мәселесі жөнінде айтуымыз керек. ЕурАзЭҚ Соты 3-жылдық белсенді қызметі барысында не прецедент, не құқықтық әдет-ғұрып қалыптастырып үлгерген жоқ. Оның себебі 3 жыл, әрине, тым қысқа мерзім болды. Егер де Соттың қызмет ету мерзімі ұзақтау болғанда тиісті прецеденттердің де, құқықтық әдет-ғұрыптардың да пайда болуы ешбір күмән туғызбайды.

Е.Е. Рафалюк келтірген соттық нысанның соттық бақылау арқылы іске асырылатын бағыты «Южный Кузбасс» ісіндегі ЕурАзЭҚ Сотының 08.04.2013 жылғы Үлкен Алқасының 05.09.2012 жылғы Сот Алқасының шешімін түсіндіру және орындау туралы қаулысы арқылы жарқын көрінісін тауып отыр [184].

В.Л. Толстых қорытындылағандай, «Сот ЕурАзЭҚ пен ЕАЭО құқығының дамуына үлкен үлесін қоса алмады. Оның жетістіктеріне келесі шараларды жатқызуға болар еді» [194, 127-128 бб.]; Сот шешімдерін Комиссиямен орындау тәртібінің белгіленуі («Южный Кузбасс» ісі); «сыртқы шарттардың» ЕурАзЭҚ құқығындағы орнының бекітілуі («НКМЗ» ісі); кедендік жіктеудің, кедендік жеңілдіктерді берудің және демпингке қарсы тергеу жүргізудің әдістемелерінің нақтылануы. Бұл мәселелер маңызды болғанымен ЕурАзЭҚ не ЕАЭО құқығының даму бағыты оларға тәуелді болатындай мәселелер қатарына жатпайды. Сонымен қатар, ресейлік ғалымның көрсетуі бойынша Сот үш жылдың ішінде бірқатар мәселелерді шеше алмады: ол ішкі құқық актілерін

Комиссиямен тексеру тәртібін және Комиссияның шаруашылық жүргізетін субъектілермен өзара әрекеттесу тәртібін нақтылап орнықтыра алмады («Вичюняй-Русь» және «Orda Munai Trade» істері); Белоруссияның жоғарғы шаруашылық сотының сұранысы бойынша преюдициялық түсіндірудің маңызы мен қағидаларын айқындап беру мүмкіндігін пайдалана алмады; Қазақстанның Экономика министрлігінің сұранысы бойынша халықаралық шарттарды түсіндіру қызметін атқарудан салмақты дәлелдеме келтірместен бас тартты; бірқатар процессуалдық мәселелерді даулы түрде шешті; заңи техниканың тиісті жоғары деңгейін көрсете алмады.

Бұл пікірмен біз толық келісеміз. Дегенмен, осыған қарамастан, біз мүше-елдердің заңнамаларын біріздендіру және үйлестіру бойынша Еуразиялық экономикалық қоғамдастықтың соттық нысаны ЕурАзЭҚ Сотының үш жылдық қызметінде өзінің толық көрінісін тауып отыр деген қорытындыға келдік.

3.2 Еуразиялық экономикалық одақтың қалыптасуы

Еуразиялық экономикалық одақтың пайда болуының себептері мен алғышарттарын, оның алдында тіршілік еткен интеграциялық бірлестіктер мен олардың ЕАЭО пайда болуына жасаған әсерін, бүгінгі күндегі ЕАЭО-ның басты мақсаттары мен міндеттерін анықтау біздің жұмысымыз шеңберінде өзекті мәселелердің бірі болып отыр. Сондықтан осы сауалдарға жауап беру керек. Ол үшін, ең алдымен, ЕАЭО-ның пайда болу алғышаттарынан бастайық.

Посткеңестік кеңістікте қандай да бір интеграциялны дамыту саласындағы экономикалық одақ құруға деген мұқтаждық КСРО ыдырағаннан кейін пайда болды. КСРО болған кезде одақтас республикалардың экономикалары бір-біріне тәуелді еді. Көптеген өндіріс саласында бір бөлшек бір одақтас республикада, екінші бөлшек екінші республикада жасалып, үшіншісінде бұл бөлшектердің барлығы жиналып отыратын еді. Әрине, КСРО кезінде республикалар арасындағы шекаралар арқылы тауарлар мен адамдар қозғалысында проблемалар орын алған жоқ. Бірақ Одақ ыдырағаннан кейін мемлекеттердің саяси егемендігі мен қатаң шекаралық және кедендік бақылаудың орнауы сыртқы сауданың дамуы мен экономиканың дамуына әсер ететіндігі белгілі болды.

Сонымен қатар, XX ғасырдың екінші жартысында Еуропа Одағының құрылуы осы құбылыстардың айқын көрінісіне айналды. Яғни, Еуропаның тәуелсіз елдері экономикалық интеграцияның қажеттілігін түсінді және жүйелі түрде соған бет бұрды. Сондықтан, 1990-жж. басында саяси тәуелсіздік тенденциясына қарамастан, экономикада, керісінше, интеграциялық көңіл-күй орнады.

1994 жылы Ресейге жасаған алғашқы ресми сапарында Н.Ә. Назарбаев «Еуразиялық одақ» терминін қолданды: «Біздің елдеріміз арасындағы қатынастардың еріктілік пен тең құқықтылық принциптерінде құрылған жаңа мемлекетаралық бірлестік негізінде сапалы жаңа деңгейге көшу қажет.

Еуразиялық Одақ осындай бірлестік болуы мүмкін. Ол ТМД-дан басқа қағидаттарға негізделуі керек, өйткені жаңа бірлестіктің негізін екі басты міндетті шешуге арналған мемлекеттен үстем органдар құрауы тиіс: бірыңғай экономикалық кеңістікті қалыптастыру және біріккен қорғаныс саясатын қамтамасыз ету» [198].

Сондай-ақ маңызды факторлардың бірі ретінде, Дүниежүзілік сауда ұйымының (ДСҰ) 1995 жылы құрылуын атап өтуге болады. Бұл оқиға алдағы бірнеше жылда Еуразиялық интеграция бойынша көзқарастардың ақпараттық күн тәртібін айқындап, өзін құрметтейтін әрбір ұлттық экономика алдарына ДСҰ-ға кіруді үлкен мақсаты етіп қойды. Бұл мағынада көршілес елдермен аймақтық экономикалық интеграцияны дамытуы ДСҰ-ға кірудің межелік кезеңі ретінде қарастырылды. Өйткені, ДСҰ-ға кіруге үміткер мемлекеттің белгілі бір құқықтық базасы мен кедендік және экономикалық салада дамыған бақылау құралдары болуы міндетті болды. Бұл аймақтық интеграция үшін де қажет еді. Тиісінше, Еуразиялық экономикалық интеграция мақсаттарының бірі – ол ұлттық заңнамалар мен жоғарыда аталған құралдарды дамыту, оларды ДСҰ-ға қосылу үшін жеткілікті деңгейге көтеру болды [198].

Қазақстан, әрине, өзі орналасқан Орталық Азия аймағында көршілес елдермен аймақтық интеграциялық бірлестіктер құру бастамаларын талай көтерген болатын. Ол – Орта-Азиялық одақ, Орталық Азия елдерінің ұйымы және т.б. Өкінішке орай бұл бастамалардың нәтижесі ойдағыдай болмады. Мұның себептері – Орталық Азия елдерінің экономикалық теңсіздігі, саяси шиеленістер мен қатысушы-елдердің бір-біріне сәйкес емес стратегиялық мүдделерінде еді.

Сол сияқты бұл аймақта көптеген ішкі мәселелер де болды – экономикалық, стратегиялық немесе аймақтық тұрақсыздыққа қатысты мәселелер. Бұған Орталық Азия аймағында стратегиялық мүдделері жатқан әлемнің ірі державаларының ықпалын қосуымыз керек, олар – Ресей, Қытай, АҚШ. Бұл державалар аймақтық интеграция жобаларын қолдамайтынын білдіріп отырды. Осы факторларға байланысты біздің еліміздің Орталық Азиядағы аймақтық интеграцияға қатысты стратегиясы айтарлықтай өзгерістерге ұшырады, ол бастапқыда басшылыққа алынған көпжақты ынтымақтастықтан бүгінгі күнгі екіжақты қарым-қатынастар басымдығына өткенін көріп отырмыз. Бұл өзгеріс Қазақстанның сыртқы саяси басымдықтарының қалыптасуындағы прагматизм мен экономикалық жайттардың өсіп келе жатқан маңыздылығын байқатады. Демек, бүгінгі күні Қазақстан Орталық Азияның сыртқы субъектілерімен – Ресей, Қытай және АҚШ-пен өз қарым-қатынастарын тең ұстауға және аймақтағы өзінің көшбасшы рөлін күшейтуге талпынуда [199, 11-12 бб.].

Осыған орай Қазақстан Ресеймен ЕурАзЭҚ (қазір - ЕАЭО), Қытаймен – «Бір белдеу – бір жол» жобасын іске асыруда. Ал Орталық Азия елдерімен Қазақстан екіжақты қатынастарға толық өтті (Қырғызстаннан басқалары, өйткені Қырғызстан – ЕурАзЭҚ, ал қазір ЕАЭО мүшесі). Демек, заңнаманы біріздендіру

және үйлестіру мәселесі тек ЕурАзЭҚ (кейін - ЕАЭО) шегінде ғана пайда болған мәселе еді.

Беларус, Қазақстан, Ресей, Армения мен Қырғызстанның Еуразиялық экономикалық одағы (ЕАЭО) 2015 жылдың 1 қаңтарынан бастап күшіне енген халықаралық интеграциялық экономикалық бірлестік (одақ) және посткеңестік кеңістіктегі бес мемлекеттің экономикалық интеграциясының нысаны болып табылады. ЕАЭО Кедендік одақ пен Еуразиялық экономикалық қоғамдастықтың (ЕурАзЭҚ) базасында ынтымақтастықты одан әрі дамыту, экономиканы нығайту және әлемдік нарықта қатысушы елдердің бәсекеге қабілеттілігін арттыру мақсатында құрылды. Бұл интеграция тауарлардың өзара саудасын жүзеге асыру кезінде арнайы қорғау, демпингке қарсы және өтемақы шараларын есепке алмағанда, кедендік баждар мен экономикалық сипаттағы шектеулерді болдырмайтын Бірыңғай кеден аумағын құруды көздейді. ЕАЭО-ға мүше-мемлекеттер үшінші мемлекеттермен сауданы жүзеге асыру кезінде бірыңғай кедендік тарифтер мен басқа да реттеу шараларын қолдану жөнінде келісті.

Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы (ТМД) кеңістігіндегі ынтымақтастық практикасы көп жағдайда ЕурАзЭҚ, Кеден одағы және Бірыңғай экономикалық кеңістік аясында түрлі форматтағы интеграциялық процестерді тереңдету үшін негіз болды. «Интеграциялық бірлестік ретінде Достастықтың жалғасы Еуразиялық экономикалық қоғамдастық (ЕурАзЭҚ), сондай-ақ оның шеңберінде қалыптасқан Кеден одағы, Бірыңғай экономикалық кеңістік және Еуразиялық экономикалық одақ болды» [200, 76 б.].

Еуразиялық экономикалық қоғамдастық арқылы Еуразиялық экономикалық одаққа алып келген бұрыңғы КСРО республикаларының өңірлік (аймақтық) экономикалық интеграцияның түп-тамырына үңілетін болсақ, хронологияны сонау 1994-ші жылдан бастауымыз керек.

Еуразиялық интеграцияның алғашқы кезеңі, біздің ойымызша, 1994-2000-шы жылдар болды - бұл интеграциялық бірлестіктің қалыптасу кезеңі еді. Осы кезде ынтымақтастықтың ыңғайлы нысандарын іздей жүріп, интеграцияның нысандарынан бұрын, сол нысандарды дайындау және оларды жүзеге асыру бойынша өзара міндеттемелерді анықтайтын аралық шарттар мен келісімдерге қол қойылып келді.

Алғаш болып 1994 жылы Мәскеуде ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаев Еуразиялық одақ құру туралы ұсыныс тастаған болатын.

1995 жылдың 6 қаңтарында Ресей мен Беларусь «Кеден одағын құру және ортақ нарықты қалыптастыру туралы» Келісім жасасты, ал осы жылы 20 қаңтарда осы Келісімге Қазақстан да қосылған болатын. Бұл процесті Еуразиялық экономикалық одақты құрудың бастапқы сатысы деп айтуға болады.

Осы Келісімнің мақсаты тараптар арасында экономикалық ынтымақтастық орнату, тауарлардың еркін алмасуын және адал бәсекелестікті қамтамасыз ету болды.

1996 жылдың 29 наурызында Ресей, Беларус, Қазақстан және Қырғызстан «Экономикалық және гуманитарлық салалардағы интеграцияны тереңдету туралы» Шартқа қол қойды. Шындығында, бұл Келісіммен мемлекеттер

өздерінің интеграциялану ниеттерін ашық және ресми түрде мақұлдады, бірақ сол кезде тұжырымдаулар, реттеу тетіктері мен форматтарында анықтылық болмады.

1999 жылғы 26 ақпанда Ресей, Беларус, Қазақстан, Қырғызстан, Тәжікстан «Кеден одағы және Біртұтас экономикалық кеңістік туралы» Шартқа қол қойылды және 2006 жылдан бастап Өзбекстан да Келісімнің тараптары болып табылды. Алайда, мұндай құрамда одақ бар-жоғы бір жарым жыл ғана жұмыс істеді. 2000-шы жылдардың басына дейін қатысушы мемлекеттерде қызметтің әлеуметтік-мәдени, ғылыми салаларында ынтымақтастықты орнату процесі қарқынды түрде жүріп жатты.

2000-2011 жылдар Еуразиялық экономикалық интеграцияның екінші кезеңін қамтыды. Бұл кезең Бірыңғай экономикалық кеңістікті (БЭК) құру мәселесімен сипатталды. Бұл кезде бірыңғай кедендік кеңістік іске асырылғанына қарамастан, қатысушы елдердің басшылары неғұрлым терең, экономикалық интеграцияға ұмтылыс білдірді. Олардың ендігі мақсаты жай ғана «ортақ шекара» емес, «ортақ экономиканы» құру еді.

2000 жылдың 10 қазанында Ресей, Беларус, Қазақстан, Қырғызстан және Тәжікстан «Еуразиялық экономикалық қоғамдастықты құру туралы» Шартқа қол қойды. Сол уақыттың өзінде мемлекеттік экономикалық реттеудің мемлекеттерден үстем элементтері болған еді. Мемлекетүстілік алғашқы орган — Еуразиялық экономикалық қоғамдастықтың Соты пайда болды. 2001 жылдың 30 мамырында бұл Келісім күшіне енеді. Осы кезден бастап, 1995 жылғы «Кеден одағын құру туралы» Шарттың күші тоқтатылып, оның барлық нормалары мен қағидалары ЕурАзЭҚ-қа мұра ретінде өтті.

2003 жылдың 19 қыркүйек күнінде Ресей, Беларус, Украина және Қазақстан «Бірыңғай экономикалық кеңістікті құру туралы» Келісімге қол қойды. Осы уақыттан бастап қазіргі уақытта ЕАЭО-ның «төрт бостандығы» деп аталатын тауарлар, қызметтер, капитал және жұмыс күшінің еркін қозғалысын қамтамасыз ететін бірыңғай экономикалық кеңістік құру мақсатында құқықтық негізді дайындау жұмыстары басталып кетті.

Кедендік одақты құруға қатысты ЕурАзЭҚ-ке қатысушы мемлекет басшыларының бас қосуымен екі бейресми Саммиті орын алды. 2006 жылғы 16 тамызындаға бірінші бейресми Саммитте ЕурАзЭҚ мемлекет басшылары Қоғамдастық шеңберінде «Кеден одағын құру туралы» шешім қабылдады, соған сәйкес Қазақстан, Беларусь және Ресейге құқықтық базаны қалыптастыру тапсырылды.

Ал, 2007 жылғы 6 қазанда, ЕурАзЭҚ саммитінде Кеден одағының құқықтық базасын құруға негіз болған Бірыңғай кедендік аумақ құру және Кеден одағын қалыптастыру туралы келісімдер, Кеден одағының Комиссиясы туралы, ЕурАзЭҚ құру туралы келісімге өзгерістер енгізу, Кеден одағының құқықтық базасын қалыптастыруға, олардан шығуға және оларға қосылуға бағытталған халықаралық шарттардың күшіне енуі туралы хаттамалар секілді құжаттар пакеті бекітіліп, қол қойылды. Сондай-ақ, ЕурАзЭҚ аясында Кеден одағын құру жөніндегі іс-шаралар жоспары бекітілді. 2007 жылдың 6 қазанында Ресей,

Беларусь және Қазақстанның қатысуымен «ЕурАзЭҚ негізінде бірыңғай кеден аумағын құру» және «Кеден одағын құру туралы» Келісім негізінде мемлекетүстілік тағы бір жоғары орган – Кеден одағының Комиссиясы құрылды. Кеден одағының шеңберінде бес жылдан кейін көптеген техникалық регламенттер пайда болды [201].

2010 жылдың 1 қаңтардан бастап Кеден одағы өз жұмысын бастады лһда, осы жылдың шілдесінен бастап Кеден Одағының Кеден кодексі енгізілді. Ресми түрде, 2010 жылдың 1 қаңтарынан бастап Беларусь, Қазақстан және Ресейдің қатысуымен Кеден одағы өз жұмысын бастады. Мемлекеттер үштігі басқа мемлекеттермен сыртқы саудада бірыңғай кедендік тарифтік және тарифтік емес реттеу шараларын, сонымен қатар басқа мемлекеттерден келетін тауарларға тарифтік жеңілдіктер мен преференцияларды қолдана бастады. Біртіндеп Кеден одағына мүше-мемлекеттердің ішкі шекараларында кедендік ресімдеу және кедендік бақылау алынып тасталды да, хабарламаларды қабылдау бекеттері жойылды.

Осы жылдың 9 желтоқсанында Біртұтас экономикалық кеңістікті құру туралы Декларацияда алғаш рет ЕурАзЭҚ-қа мүше-мемлекеттер интеграцияның жаңа әрі жетілдірілген нысаны - Еуразиялық экономикалық одаққа көшіп жатқандығы туралы ресми хабарлады. Осыған байланысты, техникалық реттеудің бірыңғай жүйесіне және түбегейлі жаңа мемлекеттерден үстем жоғары стандарттарды (техникалық регламенттерді) енгізу қажеттілігі белгіленді.

2011 жылдың шілде айынан бастап кедендік бақылау Кеден одағының тек сыртқы шекараларында ғана қалдырылды. Осы жылдың 18 қараша күні Еуразиялық экономикалық комиссияны құру туралы шешімге қол қойылды.

2011 жылдың 16 тамызында алғашқы техникалық регламенттер жарияланды: КО «Пиротехникалық бұйымдардың қауіпсіздігі туралы» (2012 жылғы 15 ақпанда күшіне енді) Техникалық регламенті (ТР ТС) 006/2011 және «Қаптаманың қауіпсіздігі туралы» (2012 жылғы 1 маусымда күшіне енді) КО Техникалық регламенті (ТР ТС) 005/2011. 2011 жыл ішінде барлығы 24 техникалық регламент мақұлданып, жарияланды. Олардың барлығы 2012-2015 жылдар аралығында күшіне енді. Белгілі бір өнімдерге арналған техникалық регламенттердің күшіне енуі осы өнімдердің ұлттық стандартының күшін автоматты түрде жойып отырды. Бұл, әрине, біріздендіру (унификация) процесі еді.

Еуразиялық экономикалық интеграцияның үшінші кезеңі 2012 жылдан – бүгінгі күнге дейінгі уақытты қамтып отыр. Бұл кезең Евразиялық экономикалық одақтың құрылуымен және қызмет етуімен көрініс табады. Осы кезеңде қазіргі Еуразиялық экономикалық одақ (ЕАЭО) қалыптасты. Бұл кезде өтпелі формалардан бас тартылып, мемлекеттерден үстем институттардың дамуы байқалды.

Осы уақытта ЕАЭО Азия мен Еуропаны жалғайтын «құрлықтық интеграцияның өзегі не өткелі» тұрпатында сипаттала бастады. Оның тұжырымдамасы Еуропа мен Азия арасындағы жылдам және тиімді сауда бағыттарын құруға бағытталған жаһандық қытайлық «Бір белдеу - бір жол»

жобасының қисындылығын ескере отырып жасалды. Дегенмен, ЕАЭО қытайлық жобаға сәйкес емес, оны ескере отырып құрылғандығына назар аударайық.

Осы кезде, Ресей, Қазақстан және Беларус бірігіп жаңа КСРО құрып жатыр деген әңгімелер мұқиттың арғы бетінде айтыла бастады. Ресей, Қазақстан және Беларусь басшылары ЕАЭО-ны тек экономикалық бірлестік екені туралы бірнеше рет хабарлаған болатын.

Еуразиялық экономикалық комиссия (ЕЭК) 2012 жылдың 2 ақпанынан бастап жұмыс жасай бастады да, сәйкесінше Кеден одағының комиссиясы өз жұмысын тоқтатып, өз функцияларын ЕЭК-ке берді. 2012 жылы 19 қазанда Қырғызстан Кедендік одаққа мүше болып қабылданды. Ал, 18 қарашада іс жүзінде, ЕАЭО-ны құрудың жол картасы болып саналатын «Еуразиялық экономикалық интеграция туралы» Декларацияға және мемлекет басшыларымен мемлекеттерден үстем орган ретінде ресми мойындалған «Еуразиялық экономикалық комиссия туралы» Шартқа қол қойылды.

2012 жылы Беларус, Қазақстан және Ресейдің Біртұтас экономикалық кеңістігінің құқықтық негізін құратын, тауарлардың ғана емес, қызметтер, капитал және жұмыс күшінің кедергісіз жылжуына негіз болатын халықаралық шарттар күшіне енді.

2014 жылдың 29 мамырында Астанада «Еуразиялық экономикалық одақ құру туралы» Келісімге қол қойылды да, Ресей, Беларус және Қазақстан бұл Келісімді тиісінше 5-ші, 9-шы және 14-ші қазанда ратификациялады. Осы Шартқа қол қойылғаннан кейін Кеден одағы мен Біртұтас экономикалық кеңістікке мүше-мемлекеттер жаңадан тығыз өзара іс-қимылдың негізін қалады.

2014 жылы 10 қазанда Армения ЕАЭО-ға қосылу туралы Келісімге қол қойды да 4 желтоқсанда осы Келісімді ратификациялады. Ал 23 желтоқсанда Қырғызстан ЕАЭО-ға қосылуы туралы Келісімге қол қойылды.

2015 жылдың 1 қаңтарында ЕАЭО құру туралы Шарт күшіне енді. Бұл күн ЕАЭО-ның ресми «туған күні» болып есептеледі.

2 қаңтар күні Армения ЕАЭО-ның ресми мүшесі болып танылды. 21 мамырда Қырғызстан ЕАЭО-ға қосылу туралы шартты ратификациялады және тамыз айында оның ресми мүшесі болып танылды.

Шетелдік зерттеуші К.А. Хартвелл айтқандай, 15 жылға созылған бұрыңғы кеңестік республикалардағы әлсіз әрі басы бірікпейтін интеграциялық бастамалардан кейін, 2015 жылы Ресей, Қазақстан және Беларус арасындағы кеден одағының кеңейтілген түрі ретінде ЕАЭО құрылды. Оған негізін қалаушы мүшелері ретінде Қырғызстан мен Армения қосылды. Өзінің алдында тіршілік еткен Кеден одағының құрылуын аяқтау мақсатында 2000 жылы пайда болған Еуразиялық экономикалық қоғамдастықпен салыстырғанда ЕАЭО Еуропа Одағы үлгісі бойынша мемлекеттерден үстем ұйымды қалыптастыру жағынан алға қарай үлкен қадам жасады. Атап айтқанда, атқарушы орган ретінде - Еуразиялық экономикалық комиссияны, сот органы ретінде – ЕАЭО Сотын қоса алғанда, мемлекеттерден үстем айрықша институттарының құрылуын білдіреді. Осы институттар ішінде 2006 жылы құрылғанымен 2015 жылы ЕАЭО құрамына

қаржыландырудың басты тетігі ретінде негізілген Еуразиялық даму банкін де атап өту керек [202].

2016 жылдың 2 мамырында ЕАЭО мен Вьетнам арасында еркін сауда туралы келісімге қол қойылды. 2017 жылдың 14 сәуірінде Молдавия ЕАЭО-ға алғаш бақылаушы ел болып қабылданды.

2018 жылдың 1 қаңтар күнінен бастап ЕАЭО Кеден кодексі Кеден одағының бұрынғы Кеден кодексін жойып, күшіне енді. Ендігі жерде ЕАЭО-ға кіретін барлық елдер автоматты түрде ЕАЭО Кеден одағына қосыла береді.

Сөйтіп біз бұрыңғы КСРО кеңістігіндегі еуразиялық интеграцияның келесі кезеңдерін бөліп қарастырып өттік:

1) 1994-2000-шы жылдар – еуразиялық интеграцияның алғашқы кезеңі: интеграциялық бірлестіктің қалыптасу кезеңі;

2) 2000-2011 жылдар – Еуразиялық экономикалық қоғамдастықты (ЕурАзЭҚ) құруға байланысты кезең;

3) 2012 - бүгінгі күнге дейін – Евразиялық экономикалық одақтың (ЕАЭО) құрылуы және қызмет етуі.

Жалпы алғанда ЕАЭО мен оның Кеден одағы екі басқа бірлестік болып табылатынын айтып өту керек. Кеден одағы ЕАЭО құрамына кіреді, бірақ болашақта Кеден одағына кіріп, ЕАЭО-ға кірмейтін мемлекеттер де пайда болуы мүмкін. Бірақ ЕАЭО-ға кірген мемлекет бірден оның Кеден одағының мүшесі ретінде танылады. Осыны ескеру керек.

Бүгінгі күні ЕАЭО құрамына бес мемлекет кіреді: Ресей, Беларус, Қазақстан, Армения және Қырғызстан. Молдова (2018 ж. бастап), Өзбекстан (2020 ж. бастап), Куба (2020 ж. бастап) байқаушы елдер болып табылады.

ЕАЭО - Вьетнам (2015 жылы қол қойылып, 2016 жылы күшіне енді), Иран (2023 жылы қол қойылды), Сингапур (2019 жылы қол қойылды) және Сербиямен (2019 жылы қол қойылды) еркін сауда туралы келісімдер жасасты. ЕАЭО және Қытай арасында сауда-экономикалық ынтымақтастық туралы келісімге 2018 жылы қол қойылып, 2019 жылы ол күшіне енді.

Жеті мемлекетпен еркін сауда туралы келісім жасасу жөнінде келіссөздер жүргізілуде, олар Мысыр (2015 жылдан бері), Израиль (2019 жылдан бері), Үндістан (2017 жылдан бастап), Индонезия (2022 жылдан бастап), Моңғолия (2016 жылдан бастап), Таиланд (2016 жылдан бастап), БАӘ / ОАЭ (2022 жылдан бастап).

Кейбір басылымдарда ЕАЭО-ның мемлекеттерден үстем органдарының санынан қатысты белгілі бір шатасулар кездесіп жүреді. Мысалы, осы басылымдардың біреуінде ЕАЭО-да мемлекеттерден үстем болып табылатын төрт жоғары орган бар деп айтылады және олардың қатарына келесі органдар жатқызылған [198]:

1) Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңес – ЕАЭО-ға мүше-мемлекеттердің басшыларынан тұратын жоғарғы орган. Жоғары Кеңестің отырыстары жыл сайын өткізіліп тұрады.

2) Еуразиялық үкіметаралық экономикалық кеңес – бұл ЕАЭО-ға мүше-мемлекеттердің үкімет басшыларынан тұратын орган. Кеңес отырыстары жыл сайын өткізіліп тұрады.

3) Еуразиялық экономикалық комиссия (ЕЭК) – тұрақты жұмыс істейтін реттеуші орган және оның міндеттеріне Одақтың тікелей қызметі, интеграцияны және мемлекетүстілік институттар мен құралдарды дамыту кіреді. Ол Кеңес Комиссиясынан және Кеңес Алқасынан (Коллегиясынан) тұрады.

4) Еуразиялық экономикалық одақтың Соты – ЕАЭО-ның ұлттық заңнамасының құқық қолдану практикасы мәселелерін шешетін сот органы.

Бұл жерде бірден түсіндіріп өтейік.

«Мемлекеттен үстемділік» немесе «ұлттан үстемділік» ұғымдары синоним болып табылады және олар алғашында еуропалық интеграция тәжірибесінде пайда болған еді. 1951 жылғы Еуропалық көмір мен болат бірлестігін құру туралы Шарттың 9-шы бабында «ұлттан үстемділік» ұғымы қолданылып, бірақ оның түсінігі берілмеген еді. Ресейлік ғалым О.М. Мещерякованың айтуынша «1967 жылы Шарттың бұл бабы жойылды, ал кейін Көмір мен болаттың еуропалық бірлестігінің өзі де өз тіршілігін тоқтатты. Ал қазіргі кезде «ұлттан үстемділік» ұғымын бекітетін халықаралық құқықтық акті жоқ және халықаралық құқықтық әдебиеттерде де бұл ұғымның барлығымен танылған және қалыптасқан анықтамасы жоқ» [203, 61 б.].

Мемлекеттерден үстем болуы үшін халықаралық ұйымның қабылдаған шешімдері мүше-мемлекеттердің аумағында тікелей (ешқандай ратификациясыз, бекітусіз не басқа да рұқсат берусіз) қолданылуы тиіс және бұл шешімдердің заңи күші мемлекеттердің ішкі заңнамасынан басым болуы тиіс. Осы тұжырымға сүйенетін болсақ, жоғарыда аталған төрт органның тек екеуі ғана «мемлекеттен үстемділік» немесе «ұлттан үстемділік» ұғымының талаптарына сәйкес келеді, олар Еуразиялық экономикалық комиссия және Еуразиялық экономикалық одақтың соты.

Біріздендірудің ең тиімді тәсілдерінің бірі болып табылатын техникалық регламенттерге келсек ЕАЭО шеңберінде олардың саны жылдан жылға өсіп, жүзге жақындап келе жатыр.

Жалпы алатын болсақ Еуразиялық экономикалық одақ аясындағы кедендік реттеу халықаралық кеден құқығы контекстінде қаралатынын айтып кетуіміз керек [204, 147 б.].

Еуразиялық экономикалық одақты құру 2000, 2007 және 2014 жылдары қол қойылған үш мемлекетаралық шартты қабылдау жолымен бірнеше кезеңде өтті, оның соңғысы Еуразиялық экономикалық одақты қалыптастыру болатын. Өнімнің ЕАЭО аумағына кіруі осы өнімдерге қолданылатын Одақтың техникалық регламенттерінің талаптарына сәйкестігін тексергеннен кейін жүзеге асырылады [205].

Ресей, Беларусь және Қазақстан арасындағы кедендік шекараларды жою – Кеден одағын және одан әрі Еуразиялық экономикалық одақты дамытудың ең маңызды кезеңдерінің бірі болды. Еркін саудаға шектеулерді және шекаралық бақылауды жою сияқты шаралар қатысушы мемлекеттер арасындағы сауданы,

әсіресе қаржы және экономикалық дағдарыс кезінде жеңілдетуге айқын ықпал еткендігі сөзсіз [206, 136-137 бб.].

Еуразиялық экономикалық одақ (ЕАЭО) бүгінгі күні халықаралық-құқықтық субъектілікке ие және ол аймақтық экономикалық интеграцияны жүзеге асыратын халықаралық ұйымы болып табылады. ЕАЭО тауарлар, қызметтер, капитал мен жұмыс күшінің бостандығын, сондай-ақ экономика салаларында келісімге келісілген әрі бірыңғай саясатты қамтамасыз етеді.

ЕАЭО құру мақсаттары:

- жан-жақты жаңғырту, ынтымақтастық, ұлттық экономикалардың бәсекеге қабілеттілігін арттыру;

- өз халқының өмір сүру деңгейін жақсарту мақсатында мүше-мемлекеттер экономикаларының тұрақты дамуына қолайлы жағдай жасау.

Қазіргі кезде ЕАЭО аясында:

- тауарлардың ішкі нарығы жұмыс істейді;
- ЕАЭО-да бірыңғай кедендік тариф және үшінші елдермен тауарлардың сыртқы саудасын реттеудің басқа да бірегей шаралары қолданылады;
- тауарлармен сауданың бірегей режимі үшінші елдерге қолданылады;
- бірыңғай кедендік реттеу іске асырылады;
- кедендік декларацияны және көлік, санитарлық, ветеринарлық, карантиндік, фитосанитарлық саалада мемлекеттік бақылауды жүзеге асырмай мүше-мемлекеттердің аумақтары арасында тауарлардың еркін қозғалысы қамтамасыз етіледі.

Үшінші елдерге қатысты ЕАЭО тарифтік емес реттеудің бірыңғай шараларын қолданады, атап айтқанда:

- тауарларды әкелуге және (немесе) әкетуге тыйым салу;
- тауарларды әкелуге және (немесе) әкетуге сандық шектеулер;
- тауарларды әкетуге және (немесе) импорттауға айрықша құқық;
- тауарлардың экспортын және (немесе) импортын автоматты түрде лицензиялау (мониторинг);
- тауарларды әкелуге және (немесе) әкетуге лицензия беру тәртібі.

Еуразиялық экономикалық одақтың басқару органдарының қатарына жататындар:

- Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңес (жоғарғы басқару органы);
- Еуразиялық үкіметаралық кеңес;
- Еуразиялық экономикалық комиссия (тұрақты жұмыс істейтін орган);
- Еуразиялық экономикалық одақтың соты.

Еуразиялық экономикалық комиссия қызметінің негізгі бағыттарына келсек, олар:

- кедендік баж салығын есептеу және бөлу;
- үшінші елдерге қатысты сауда режимдерін орнату;
- сыртқы және өзара сауда статистикасы;
- өндірістік және ауылшаруашылық субсидиялар;
- энергетикалық саясат;
- табиғи монополиялар;

- қызметтер мен инвестициялардың өзара саудасы;
- көлік және тасымалдау;
- ақша-несие саясаты;
- интеллектуалдық қызмет нәтижелерін және тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді дараландыру құралдарын қорғау және қорғау;
- кедендік-тарифтік және тарифтік емес реттеу;
- кедендік әкімшілендіру;
- және т.б.

Зерттеуші Ж.С. Жунисов: «ЕАЭО ЕАЭО Азия мен Еуропаны жалғайтын «құрлықтық интеграцияның өзегі не өткелі» ретінде ұсынылуда. Оның Тұжырымдамасы Еуропа мен Азия арасындағы жылдам және тиімді сауда бағыттарын құруға бағытталған жаһандық қытайлық «Бір белдеу – бір жол» жобасының, қисындылығын ескере отырып жасалады. Сонымен катар ЕАЭО тек экономикалык бірлестік» - деген пікірін ескере кеткеніміз жен [207, 75 б.].

Еуразиялық экономикалық одақтың заңнамалық базасының қалыптасуына байланысты мүше-мемлекеттердің кеден ісі саласындағы заңи нормалары өзгеріске ұшырауда.

Біріншіден, қолданылып жатқан ұлттық заңи нормаларға қосымша реттеудің тағы екі деңгейі пайда болды: Кеден одағына мүше-мемлекеттердің халықаралық келісім-шарттары және Кеден одағы Комиссиясының, яғни қазіргі уақыттағы Еуразиялық экономикалық комиссиясы шешімдері. Осыған байланысты қазіргі уақытта ЕАЭО-ның кеден ісі саласындағы заңи нормалары төрт деңгейлі жүйе болып табылады:

- Еуразиялық экономикалық одақтың Кеден кодексі;
- ЕАЭО-ға мүше-мемлекеттердің кеден ісі саласындағы қатынастарды реттейтін халықаралық келісім-шарттары;
- Еуразиялық экономикалық комиссияның шешімдері;
- мүше-мемлекеттердің кеден ісі саласындағы заңнамалары.

Интеграцияның қаншалықты жоғары деңгейіне өтуіне Одақтың нормативтік-құқықтық базасында орасан зор толықтырулар мен өзгерістер енгізуді талап етті. ЕАЭО-ның жаңа Кеден кодексін қабылдауға қатысты жұмыс ұзақ жылдар бойы жүргізілді, себебі, бұл үшін Одаққа мүше-мемлекеттер тарапынан көптеген түзетулерін қабылдау қажет болды. Еуразиялық экономикалық одақтың Кеден кодексі 2016 жылғы 26 желтоқсанда қабылданып, сәйкесінше Кеден одағының 2009 жылы қабылданған Кеден кодексін алмастырды.

2018 жылдың 1 қаңтарынан бастап ЕАЭО-ның Кеден кодексі өз күшіне енді. Құжат Кеден одағының «Кеден одағының кедендік шекарасы арқылы өткізілетін тауарлардың кедендік құнын айқындау туралы» Келісім сияқты көптеген халықаралық келісім-шарттарын біріктірді. ЕАЭО-ның Кеден кодексінде Кодекстің құрылымымен ғана шектелмейтін жаңа ережелер бар, сонымен қатар оған Одақтағы кедендік реттеу ережелері де кірді. Осылайша, ЕАЭО-ның Кеден Кодексінде концептуалды аппарат жаңартылды, «бір терезе» қағидасы енгізілді, электронды декларацияның басымдылығы жарияланды,

кедендік рәсімдерге бірқатар өзгерістер енгізілді, уәкілетті экономикалық оператор институты қайта құрылды және т.б. Алайда жаңа Кеден кодексі туралы біз келесі бөлімшеде айтатын боламыз.

Жалпы алғанда, М. Браун басқарған бір топ батыс ғалымдары «2015 жылы пайда болған ЕАЭО қағаз жүзінде Еуропа Одағының құрылымын қайталайтын институциялық құрылымды дайындады, ал Еуразиялық экономикалық комиссия тарифтік емес кедергілерді жоюға бағытталған жұмысты жүргізіп, осы жағынан бизнес-қауымдастығын өзіне қаратты» - дейді. Сонымен қатар, «аймақтағы интеграцияға бірнеше үлкен кедергілер бар және олар мүше-мемлекеттердің ЕЭК пайдасына айтарлықтай үлкен өкілеттіктер беруден бас тартуы мен олардың өзара ынтымақтастықты тек экономикамен ғана шектеуге байланысты болып отыр. Бұл шектеулер ғылыми әдебиеттерде айтылып келе жатқан демократиялық емес аймақтық ұйымдарға қатысты болып отыр» - деп қорытындылайды жоғарыда аталған авторлар [208].

«Демократиялық емес аймақтық ұйым» ұғымы «не демократиялық емес мемлекеттермен құрылған, не демократиялық емес жетекші мемлекет төңірегінде шоғырланған» аймақтық ұйымды сипаттау үшін қолданылады» - дейді бұл ұғымның авторлары – А. Либман мен А.В. Обыденкова. Бұл ғалымдар өздерінің «Халықаралық ұйымдар әлеміндегі авторитарлық аймақтылық: жаһандық болашақ пен еуразиялық жұмбақ» деп аталатын еңбегінде: «қырғиқабақ соғысынан» кейін әлем аймақтық халықаралық ұйымдардың дүние жүзінде кеңінен дамуының куәсі болып отыр, ал мұндай ұйымдарға мүше болу мен демократизация арасындағы байланыс көптеген ғылыми пікір-талас туғызып келе жатыр» - дейді [209].

Иран, Сауд Арабиясы, Венесуэла, Ресей және Қытай сияқты автократиялармен құрылған аймақтық ұйымдарды қарастыра отырып, авторлар оларды «демократиялық емес аймақтық ұйымдар» - деп атайды.

Әлемдегі авторитарлық аймақтылықты саны жағынан және оның 1950-ші жылдардан бері тарихи дамуын талдай отырып, сондай-ақ посткеңестік Еуразияны мысалға келтіре отырып, бұл еңбекте авторитарлық аймақтылық әлемдік саясаттағы жаңа құбылыс болып табылады әрі оның географиялық ауқымдылығы мен жиілігі жағынан әсері соңғы жылдары күрт өсіп кетті, - деген ой айтылады.

Саяси жағынан «демократиялық емес аймақтық ұйымдар» дүние жүзіне демократияны тарату жағынан батыс елдері үшін үлкен проблемаға айналып отыр. Осы тұрғыдан бұл кітапта ТМД – авторитарлық аймақтылықтың саяси аймақтылығына мысал болса, ЕАЭО (және оның алдындағы ЕурАзЭҚ) – экономикалық, ал Шанхай ынтымақтастық ұйымы – қауіпсіздік аймақтылығының көрінісі, - деп қорытындылайды кітаптың авторлары [209].

Батыс ғалымдарына қатысты ойларымызды түйіндейтін болсақ, олардың бұрыңғы КСРО кеңістігіндегі аймақтық интеграцияға оң қабақпен қарамайтыны бірден байқалады. Халықаралық аймақтық (интеграциялық) ұйымдарды саяси жағынан демократиялық және демократиялық емес деп бөлгеннің өзі, біздің ойымызша, артықтау болып көрінеді. Айналып келгенде, бұл ғалымдар барлық

мәселелерді КСРО кезіндегідей идеологияға әкеліп тіреп қойғысы келеді. Оның тағы да бір жарқын мысалы – ТМД-ға байланысты бұл ұйымға мүше болып табылатын әрбір мемлекеттің 1991-2010 жылдар аралығында қол қойған келісімдерінің саны – оларда демократияның дамуына байланысты болуына әкеліп тіреу. Яғни, мемлекетте демократия деңгейі неғұрлым төмен болса – ол ТМД шеңберіндегі келісімдерге соғұрлым белсенді қатысатын қатысады [210], - деген қорытындыны біз идеологиялық сипаттағы қорытынды деп есептейміз.

3.3 Еуразиялық экономикалық одақтағы тіке қолданылатын актілердің басымдығы (ЕАЭО Кеден кодексі жобасын дайындау мысалы)

Еуразиялық экономикалық қоғамдастыққа қарағанда Еуразиялық экономикалық одақтағы мүше-мемлекеттердің заңи нормаларын біріздендіру және үйлестіру құралдары өзгерді. Мұның басты себебі Еуразиялық экономикалық қоғамдастыққа қарағанда ЕАЭО Еуропа Одағы үлгісінде құрылған және осы үлгіге толығырақ сәйкес келетін интеграциялық бірлестік болып табылады. ЕАЭО шеңберінде тікелей қолданылатын актілердің басымдығы белгіленген және мүше-мемлекеттердің ұлттық заңнамаларын жақындастырудың ең тиімді әрі кеңінен қолданылатын құралы осы қағидаға негізделген. Отандық бір топ зерттеушілер, мысалы Ж.С. Жунисов, Б.А. Үдербаева, А. Базеновтардың: «біз оның жарқын көрінісн ЕАЭО-ның Кеден кодексін қабылдауынан көріп отырмыз. Сондай-ақ Кеден кодексі жобасын дайындау кезінде Еуразиялық экономикалық комиссиясына Қазақстан тарапынан ҰКП-ның Сарапшылар тобы мен кеден ісі саласындағы құзіретті органдардың ұсыныстарын беру арқылы ұлттық заңи нормалардың біріздендіру және үйлестіру процесінің қалай жүретінін байқай аламыз» - деген тұжырымдарынан байқауға да болады [211, 104-105 бб.].

Мемлекеттердің аймақтық экономикалық интеграциялық бірлестіктер аясында қатысушы елдердің құққықтық нормалары бірегей нұсқаға келтіріледі және оны жүзеге асыру тәсілдерінің бірі – барлық мүше-мемлекеттерге міндеттілік сипатқа ие болыатын ортақ заңи нормаларды қабылдау болып табылады.

ЕАЭО аясында осындай ортақ нормативтік актінің жарқын көрінісі ретінде жаңадан қабылданған Кеден кодексін атап өтуге болады. Бұл маңызы зор акті болып саналғандықтан, оның қабылдануы мен жалпы ерекшеліктері қызығушылық туғызады.

Еуразиялық экономикалық одақтың (ЕАЭО) Кеден одағы – ортақ нарықтың маңызды бөлігі болып табылатын ЕАЭО-ға мүше-мемлекеттердің бірлестігі. Кеден одағына қатысушы мемлекеттер үшінші мемлекеттермен сауданы жүзеге асыруда бірыңғай кеден тарифтерді және өзге де реттеу шараларын қолданады. Кеден одағында Армения, Беларус, Қазақстан, Қырғызстан және Ресей қатысушы елдер болып саналады.

ЕАЭО Кеден одағын басқарушы орган – Еуразиялық экономикалық комиссиясы (ЕЭК). ЕЭК Қазақстан, Ресей және Беларус елдерінің мемлекет басшыларының шешімімен құрылған және 2011 жылғы 18 қарашасындағы «Еуразиялық экономикалық комиссия туралы» Шарт [212] пен «Еуразиялық экономикалық комиссияның жұмыс жасау регламенті» негізінде өз қызметін жүзеге асырады [213].

2011 жылдың қазан айында Кеден одағы Комиссиясының жауапты хатшысы С. Глазьев айтқандай «ЕАЭО Кеден одағы геосаяси да, экономикалық тұрғыдан да даусыз пайда әкеледі. Он жылдық ыдырау мен құлдыраудан кейін посткеңестік кеңістікте аймақтық Кеден одағының пайда болуы – мемлекеттердің экономикаларына нақты экономикалық пайда әкелетін ең маңызды геосаяси жетістік болып отыр» [214].

2013 жылдан бастап ЕАЭО-ның жаңа Кеден кодексі жобасын талқылау мәселесі қолға алынды. Осы жылдың қазан айында ЕЭК Кеңесінің шешімімен кедендік заңнамны жетілдіру бойынша арнайы жұмыс тобы құрылды. Аталған жұмыс тобына қазақстандық бизнестің мүдделерін қорғау мақсатында өкілдікті ҚР «Атамекен» ҰКП-ның кедендік әкімшілік ету департаменті директоры Д. Мамашева және Кеден брокерлерінің/өкілдерінің Қазақстандық Ассоциация Кеңесінің төрағасы Г. Шестаков жүзеге асырды. Осы тұлғалардың айтуынша «Кодексті дайындауға қатысқан тұлғалар арасынан ең үлкен белсенділік көрсеткен Қазақстан мен Ресейдің іскерлік қоғамдастықтары болды. Жұмыс тобы қабылдаған шешімдерді жүзеге асыру үшін ЕЭК алаңында ЕАЭО Кеден кодексінің жобасын дайындау бойынша Сарапшылар тобы құрылды. Оның жұмысына Қазақстан тарапынан «ҚТЖ» ҰК АҚ, «KEGOC» АҚ, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ, «Филипп Моррис Қазақстан» ЖШС, «Азия Авто» АҚ, «Қазпочта» АҚ, «KAZLOGISTICS» көлікшілер одағы секілді т.б. өкілдерінен құралған бизнес қауымдастығы белсенді қатысты. ЕАЭО Кеден кодексінің жобасы бойынша Жұмыс тобының 25 отырысы және ЕАЭО Кеден кодексі туралы Шарттың жобасы бойынша келіспеушіліктерді реттеуге уәкіл етілген жоғары деңгейдегі лауазымды адамдардың 14 отырысы өткізілді. Осы отырыстар кезінде 400-ден астам мәселе қарастырылды (1200 жуық түзетулер). Сарапшылар тобының шеңберінде 32 отырыс өтті» [215].

Д. Мамашева мен Г. Шестаковтың айтуларына қарағанда, «2015 жылы өткізілген ішкі мемлекеттік келісімге келу рәсімдерінің нәтижелері бойынша Кеден одағына мүше-елдерден 1500 ұсыныс түскен болатын. Қазақстан тарапынан дайындалған 552 түзетуідің (ҰКП мен мемлекеттік органдардың біріктірілген ұстанымы) шамамен 70% қабылданды. 2016 жылы өткізілген ішкі мемлекеттік келісімге келу процедурасының нәтижелері бойынша ЕАЭО мүше-мемлекеттерінен 600-ге жуық ұсыныс пен ескертулер түсті. Ішкі мемлекеттік келісімге келу процедурасы шеңберінде ҚР-ның ҰКП-сы бизнестің талқылаған 87 түзетуін ұсынды. Бұл түзетулердің ішіне терминдер, алдын ала ақпарат беру, «Қорғас» халықаралық шекара саудасы орталығы бойынша түзетулер, СЭҚ ТН-на сәйкес тауарлардың сыныпталуы, тауарлардың шыққан елін анықтау, кедендік құн, кедендік төлемдер, кеден баждарын қосып төлеу (ДСҰ

мөлшерлемелері бойынша ресімделген баждар), кеден төлемдерін қайтару, кедендік төлемдерді төлеу міндетінің орындалуын қамтамасыз ету мәселелері енді. ҚР-ның ҰКП-сы ұсыныстарының шамамен 60%-ы қолдау тапты» [215].

ЕЭК-тың жұмыс алаңында Кеден одағы және ЕЭК мүше-мемлекеттерінің сарапшыларымен бірге ҚР-ның ҰКП-сы да белсене ат салысқанын байқап отырмыз. ЕЭК алаңында 2013 жылдың қазанында Жұмыс тобы құрылып, оның құрамына мемлекеттік басқарудың мүдделі органдарының өкілдері ғана емес, Кеден одағының бизнес-қоғамдастықтары да кірді және олар кедендік заңи нормаларды жетілдіру бойынша қыруар жұмыс атқарды.

Н. Соқыров «ЕЭК жұмыс алаңында «Сараптамалық топ» құрылды және ол жоғарды қарастырып өткен «Жұмыс тобы» мақұлдаған бағыттар бойынша ЕАЭО Кеден кодексі жобасын дайындауды жүзеге асыратын болды. ҚР-ның ҰКП-дан ЕЭК Сараптамалық тобының жұмысына Экономикалық интеграция департаменті директоры Н. Соқыров және Кедендік әкімшілік ету департаменті директорының орынбасары Э. Каримова тікелей қатысты және олардың жұмысын үйлестірді» - деген өз сұхбатында [216]. 2013 жылғы 30 тамызда бизнес тарапынан Сарапшылардың жұмысы үшін ЕЭК-ке енгізілген кедендік заңи нормаларды жетілдіру бойынша үш жақты Бизнес-сұхбаттың шоғырландырылған ұсыныстары негіз болып табылды.

Тағы бір ескерек кететін жағдай, ҚР-ның ҰКП-сы Экономикалық интеграция департаментінің директоры Н. Соқыровтың айтуынша: «ЕАЭО Кеден кодексі жобасына, сонымен бірге бизнес-қоғамдастықтың ұсыныстары бойынша, кедендік заңнаманы жетілдіруге, тауар айналымын және кедендік ресімдеуді үдетуге бағытталған ережелер енгізілген. Мысалы, электронды кедендік мағлұмдаудың басымдылығы және Одақтың Кеден кодексінде белгіленген жағдайларда ғана жазбаша мағлұмдауды қолдану, кедендік бақылаудың назарын ресімдеу кезеңінен тауарларды шығарғаннан кейінгі кезеңге ауыстыру, тәуекелдерді басқару жүйесін қолданумен кеден органының ақпараттық жүйесімен тауарларды автоматты түрде шығару (лауазымды тұлғаның қатысуынсыз), ЕАЭО кедендік аумағына әкелінетін тауарлар туралы кеден органдарын алдын-ала ақпараттандыруды оңтайландыру». Осының барлығы Кеден одағы әрекеттегі Кедендік кодексін жүйелік қайта қарауды, оның терминологиясы мен құрылымын өзгертуді талап еткені сөзсіз» [216].

2014 жылдың 29-30 сәуірінде ҚР Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігінде ҚР мен Кеден Одағының кедендік заңын жетілдіру бойынша Жұмысшы топтың отырысы өтті, оның барысында 2014 жылдың 24-29 наурыз аралығында ЕАЭО Кедендік кодексін дайындау бойынша Сараптау тобының дайындаған құжаттары бойынша Кеден одағы және ЕЭК мүше-мемлекеттері сарапшылары тарапынан берілген ұсыныстар талқылға салынды (Кеден кодексі жобасының 16-21 тараулары). Бизнес-сарапшылар кедендік бақылаудың жаңа нысанын – камералды бақылауды орнатуды ұсынды. Осылайша кедендік тексеріс нысандарынан камералдық кедендік тексерісті алып тастап, оны Кодекстің жеке тарауына бөліп қоймақшы. Бұл ұсыныс ҚР салықтық

заңнамасына сәйкестендіру үшін, сондай-ақ мемлекеттік органдар жүргізетін тексерістердің біркелкілігін орнату үшін жасалды.

Мемлекеттік сарапшылар жоғарыда аталған ұсынысқа келіспегендіктен, аталған ұсынысты шешім қабылдау мақсатында басшылар деңгейінде «Жұмысшы топтың» отырысына шығаратын болды. ҚР бизнесі тарапынан сарапшылар «басшылар деңгейіндегі отырысқа камералды кедендік бақылау нысандары, оның жүргізілуге мүмкін мерзімі, Кеден Одаққа мүше-мемлекеттердің заңдарымен қандай да бір кедендік декларацияға қатысты камералды бақылау жүргізу жағдайлары мен тәртібі орнатылатын сілтемелік норма бойынша келіспеушіліктер шығарылатын болды» [217].

2014 жылдың 14 наурызында Сарапшылар тарапынан басшылар деңгейінде өткен «Жұмысшы топтың» шешімін орындау мақсатында, ЕАЭО Кедендік кодексінің 122 -бабы 12 -тармағының редакциясын 2014 жылдың 6 мамырына дейін аяқтап бітіруге келісті. Онда көрсетілген тармақта берілген ұстаным мақұлданды. Атап айтқанда, «жазбаша талаптармен орнатылған мерзімде мәлімделген мәліметтерді растайтын құжаттарды кедендік тексеріс жүргізу кезінде тексерілуші тұлға бермеген жағдайда кедендік декларациядағы мәліметтерді дәйексіз деп есептеу».

Сарапшылар бірлесіп «Кеден кодексінің 200-бабын бір нормамен толықтыру туралы» ұсыныс жасады, ол «тауарларды пайдалану және (немесе) иелену бойынша шектеулермен түйіндес әкелінетін кедендік баждар, салықтарды төлеу бойынша жеңілдіктер берілген, шартты шығарылған тауарларды кедендік органға көрсетпеуге болатын жағдайларды мүше-мемлекеттердің заңнамасында орнатуын» қарастырады. Сол сияқты, Кодекс жобасының 135-бабының 2-тармағы 1-тармақшасын толықтыруды және оны өзге редакцияда баяндауды ұсынды, оған сәйкес тексерілетін тұлға кедендік тексеріс жүргізу кезінде осы Кодекстің 200-бабы 3-тармақшасының екінші абзацында қарастырылған жағдайларды, сондай-ақ жеңілдік берілусіз ішкі тұтыну үшін кедендік процедураға сәйкес шығарылған тауарларды қоспағанда, оларға қатысты кедендік тексеріс жүргізіліп жатқан тауарларды көрсетуге міндетті [6].

Кодекс жобасын талқылау барысында басты назар «бизнеске кедергі келтірмеу» қағидасына аударылды. Жобаны әзірлеушілер электронды декларациялауды енгізу мен кедендік бақылауды ресімдеу сәтінен кейінгі кезеңге ауыстыру бастамаларын көтерді. Бұл тәсіл кедендік ресімдеу процесінің жеделдеуіне ықпал етіп, Кеден кодексі жобасының құрамдас бөлігі ретінде қарастырылды. Дегенмен, кедендік органдар тарапынан құжаттарды ұсыну талаптарының күшеюі мүмкін деген алаңдаушылық та орын алды. Н. Соқыровтың пайымдауынша, құжаттар ұсынылмаған жағдайда және олар белгіленген мерзімде тапсырылмаса, декларацияда көрсетілген мәліметтердің шынайылығына күмән келтіру ұсынылған болатын.

Кеден кодексі жобасына қатысты «Сараптама және Жұмыс тобының» отырысы кезінде кедендік ресімдеу және кедендік бақылауды жүзеге асырудан туындайтын проблемалы сұрақтарды шешуге қатысты отандық сарапшылар

ұсынған жекелеген ұсыныстары айтылды. Мысалы, кеден органдарының ақпараттық жүйелерінде ақау туындаған жағдайда жазбаша кедендік декларацияны электрондық көшірмені ұсынбастан тіркей тұрып, техникалық ақаулар жойылған соң аталған көшірмені кейін ұсыну арқылы рәсімдеуге рұқсат беру туралы ұсыныс қолдау тапты. Сонымен қатар, ҚР ҰКП сарапшыларының ұсынысы бойынша, кедендік органдар тауар сыныптамасы бойынша берген түсініктері бұрын қабылданған алдын-ала шешімге қайшы келсе, тауарлар сыныптамасы туралы алдын-ала шешімді қайтарып алу туралы шешім қабылдауға міндетті болды [216].

ҚР-ның ҰКП-сы департаментінің директоры Н. Соқыровтың айтуынша, «ҚР-ның мемлекеттік органдарытарапынан қатысқан сарапшылар кейбір жағдайларда ресейлік және беларустық әріптестерінің ұсыныстарын қолдады. Алайда, бұл бизнес үшін халықаралық сауда жүргізу шарттарын қиындатуы мүмкін. Мәселен, мысалы, декларант тауарларды уақытша әкелу н ішкі тұтыну үшін шығаруға немесе қайта өңдеу кедендік рәсімне орналастырған кезде кедендік баж сомасынан пайыз есептеу және оны алу мәселесі көтерілді. Алайда мұндай төлемдердің мөлшерін айқындайтын нақты талдау жоқ, ал әкімшілендіру шығындарының төленетін пайыз сомасынан асып кету қаупі де бар».

Кедендік ресімдеу кезінде мағлұмдауда көрсетілуі қажет мәліметтер көлемін ұлғайтуға келсек, сауда процедураларын жеңілдету үшін тауарларға мағлұмдау шығару үшін айтарлықтай мәнге ие негізгі мәліметтерден тұруға тиіс және қандай да бір жағдайды нақтылаушы қосымша мәліметтермен асыра жүктелмеуі керек. Күмәнді мәліметтерді бергені үшін декларант әкімшілік қана емес, қылмыстық жауапқа да тартылады. Бұл жағдайда заңнама кеден декларациясында қандай мәліметтер туралы айтылып отырғанына қарамайды, негізгі мәліметтер болсын, қосымша болсын жауапкершілік тең түрде қолданылады [216].

Келесі бір даулы мәселе – бұл отандық бизнес өзінің келіспеушілігін тужырған қамтамасыз ету ретінде кеден органдары қолданатын арнайы, демпингке қарсы және өтемдік баждар секілді кейбір төлемдер тізбесін кеңейту. ҚР-ның ҰКП-сы Кедендік әкімшілік ету департаменті директорының орынбасары Э. Каримованың пікіріше «төлемдердің көрсетілген түрлері кедендік төлемдер қатарына жатпайды және қамтамасыз ету санатына енгізілмеуге тиіс, дегенмен, өкінішке орай, ЕЭК алаңында осы мәселені талқылау кезінде ҚР мемлекеттік органдары сарапшылары тарапынан отандық бизнесті қолдау болмады да, бұл норма Кодекс жобасына енгізілді. Бұл норма Қазақстанның транзиттік әлеуетіне кері әсерін тигізеді».

Тағы да бір мәселе – кедендік баждар мен салықтар мөлшерлемелерін, сонымен қатар жеңілдіктер беру шарттарын айқындайтын нормативтік актілер жарияланғанымен, тауарларға алдын ала кедендік декларацияны қолдануға тыйым салу ұсынылып отыр. Алайда мұндай шектеу сауда рәсімдерін оңайлату тұжырымдамасына қайшы келеді. Оның себебі, алдын ала мәлімдеу тетігі әкелінетін тауарлар туралы ақпаратты алдын ала ұсынуға, тәуекелдерді басқару жүйесін қолдануға және жеткізу құрылымын алдын ала талдауға бағытталған.

ҚР мемлекеттік органдары сарапшыларының бұл ұстанымы «бизнеске қолайлы жағдай жасауды» көздейтін Елбасы тапсырмаларына сәйкес келмейді.

ҚР-ның ҰКП-сы сарапшыларының ұсыныстары 11 маусымда өткен телекөпір барысында пайыздарды орнату және төлету бойынша ұсынысты қоспағанда (Ресейде пайыздар төлетіледі), ресейлік бизнес өкілдерінен қолдау тапты. Өз кезегінде, ресейліктер тарапы Кеден одағының қолданыстағы Кедендік кодексіндегі осы норманы сақтауды ұсынды. Сонымен қатар, олар тек экспорттық кеден баждары мөлшерлемелерін айқындайтын, бірақ әлі күшіне енбеген актілерге қатысты алдын ала мәлімдеуді қолданбау туралы ережені де кодексте қалдыруды қолдады. Сонымен қатар, ресейлік бизнес өкілдері DHL-Қазақстан компаниясының өкілдері ұсынған «Экспресс-тасымалдаулар» тарауын Сараптама тобының отырысында қарастыруда қазақстандық бизнес-сарапшыларына қолдау көрсетті. Оның негізгі нормалары Сараптама тобының жетінші отырысындағы талқылау қорытындылары бойынша Одақтың КК жобасына кіргізілген еді [216].

Өз кезегінде, ҚР-ның ҰКП-сы өз сайтында ЕАЭО Кеден кодексі жобасын дайындауға арналған арнайы бөлім ашты. Онда Одақтың Кеден кодексі жобасымен жұмыс барысы туралы ақпарат, сондай-ақ Мәскеудегі сарапшылар дайындаған жоба тарауларының редакциялары жарияланып тұрғанын да айта кету керек.

Осылайша, келтірілген деректерге сүйенсек, ЕАЭО Кеден кодексі жобасы кең көлемде және қызу пікірталасқа түскені байқалады. Бұл талқылау барысында мемлекеттік органдар мен бизнес өкілдері жиі жағдайда әртүрлі көзқарас ұстанған. Біздің ойымызша, мұндай айырмашылықтың себебі – олардың мақсаттарының әркелкілігінде: мемлекеттік органдар көбіне бюджеттік кірісті қамтамасыз етуге ұмтылса, бизнес өкілдері сауда процестерінің еркін әрі жылдам жүруін басты орынға қойды. Мұның барлығы түбінде мемлекеттердің ұлттық заңнамаларын ЕАЭО-ның ортақ Кеден кодексін қабылдау арқылы жақындастыруға өз әсерін тигізгені күмән туғызбайды. Шынымменде, мүше-мемлекеттер ЕАЭО–ның ортақ Кеден кодексінің нормаларына өздерінің ұлттық кеден заңнамасын сәйкес келтіру арқылы біріздендіру мен үйлесімділік мақсатына жетіп отырғандығы дау туғызбайды деп ойлаймыз.

Осындай қызу талқылаулардан өткізілген Еуразиялық экономикалық одақтың Кеден кодексінің жаңалықтарын қарастырып өткенді дұрыс көріп отырмыз. Жалпы алғанда ЕАЭО Кодексіндегі негізгі 19 жаңадан енгізілген өзгеріске көңіл бөлейік. Еуразиялық экономикалық одақтың Кеден одағы – ортақ нарық құрылымының ажырамас құрамдас бөлігі екенін ескеру қажет. Бұл Одаққа мүше-мемлекеттер үшінші елдермен сауда жүргізу барысында біртұтас кедендік тарифтер мен өзге де бірыңғай реттеу құралдарын пайдаланады. зерттеушілер Ж.С. Жүнісов пен Ж.Т. Сайрамбаеваның «Кеден одағына қатысушы елдер қатарына 2010 жылдың 1 шілдесінен Қазақстан мен Ресей, 2010 жылдың 6 шілдесінен Беларус, 2014 жылдың 10 қазанынан Армения (Қосылу туралы Шарт 2015 жылы 02 қаңтарда күшіне енген), ал 2015 жылдың 8 мамырынан бастап

Қырғызстан (Қосылу туралы Шарт 2015 жылы 12 тамызжа күшіне енген) жатады» - пікірлері орынды [218, 108-109 бб.].

2016 жылғы 16 қарашада Еуразиялық үкіметаралық кеңестің шешімімен ЕАЭО-ның «Кеден кодексі туралы» Шарт мақұлданып, қол қоюға ұсынылды [219]. Кейін, 2016 жылғы 26 желтоқсанда Санкт-Петербург қаласында өткен Жоғарғы Еуразиялық экономикалық кеңестің отырысында ЕАЭО мемлекеттерінің басшылары бұл шартқа ресми түрде қол қойды. ЕАЭО Кеден кодексі 2017 жылғы 1 шілдеден бастап күшіне енді. Аталған жаңа құжат 2013 жылдың желтоқсанынан бастап үш жыл бойы әзірленді. Бұл жолы Кеден кодексін дайындау процесіне алғаш рет ЕАЭО мүше-мемлекеттердің мемлекеттік органдарымен қатар, бизнес өкілдері де белсенді түрде қатысты (бұл туралы бұған дейін де атап өткенбіз).

ЕАЭО Кеден кодексі – Еуразиялық экономикалық одақ пен Қазақстан Республикасында кедендік реттеу саласындағы негізгі нормативтік актілердің бірі болып табылады және Одақ құқығының негізін құрайтын құжаттардың қатарына енеді. Қазақстан Республикасы Ұлттық кәсіпкерлер палатасының өкілдері бұл кодекс жобасын әзірлеу процесіне қатысу арқылы стратегиялық маңызы зор құжатты қалыптастыру және талқылау барысында кәсіпкерлердің көптеген өзекті мәселелерін шешуге жол ашты. Сол проблемалардың ішінен келесі ең ірі мәселелерді атап өтуге болады:

- қолданыстағы заңнама мен қалыптасқан практиканың кемшіліктері;
- кеден процксткрінің көнеруі мен оларды жаңарту қажеттілігі;
- әкімшілік кедергілерді қысқарту қажкттілігі;
- кеден шекарасынан өту мен мемлекет аумағындағы кедендік «тазарту» жүргізуді ткздету;
- кеден ісі саласына заманауи ақпараттық технологиялар мен халықаралық стандарттарды енгізу;
- сыртқы экономикалық қатынастарға қатысушылар мен басқа да кедендік инфрақұрылымдарға тасымалдаушылар, қойма иелері, арнайы экономикалық аймақтардың резиденттері, кеден брокерлері секілді қатысушылармен кеден органдарының қарым-қатынасы кезінде жемқорлық ірекеттерін жою.

Жобаны дайындаушылар алдында қолданыста жүрген кеден заңнамасын жаңартудан басқа, ЕАЭО Кеден кодексінің мәтініне Кеден Одағындағы кедендік қатынастарды реттейтін 30-дан астам халықаралық келісім-шарттарды кодификациялау мәселесі де тұрды. ЕАЭО Кеден кодексінің жобасын дайындау кезінде бизнес өкілдері тарапынан ұсынылған басты мәселелері келесілер еді:

- әрбір шаруашылық жүргізу субъектісінің өз құқықтары мен міндеттерін айқындай алатын нақты да анық құқықтық қатынастар орнату;
- кеден органдарыу шешім қабылдау кезінде ақпараттық жүйелер мен ақпараттық технологияларды қолдану арқылы субъективті ұстанымды жою;
- кеден операцияларын жүргізу уақытын қысқарту;
- уәкіл етілген экономикалық операторлар институтын жетілдіру;
- жалпы алғанда, кеден заңнамасы мен жалпы заңнаманың басқа салаларындағы да қақтығыстарды жою [205].

Үш жыл жүргізілген жұмыстың нәтижесі болып табылатын Еуразиялық экономикалық одақтың Кеден кодексі 9 бөлімнен, 61 тараудан және 465 баптан тұрады [220]. Жаңа Кодекс жобасын әзірлеу үш жылға созылғанымен, мұндай көлемдегі құжат үшін бұл ұзақ мерзім болып саналмайды. Мысал ретінде, Еуропалық Одақтың кеден заңнамасын дайындау он жылдан астам уақытқа созылғанын айтуға болады. Сарапшылар Кеден одағының Кеден кодексін қолдану барысында алты жыл ішінде анықталған барлық кемшіліктер мен құқықтық алшақтықтарды жаңа Кодексте нақты түрде реттеуді ұсынды. Дәл осы себепті құжатты әзірлеу мерзімі ұзартылған болатын.

Еуразиялық экономикалық комиссиясы Кеден заңнамасы және құқық қолдану практикасы департаменті директорының орынбасары Е. Бричеваның айтуынша «кедендік реттеу саласына қатысты туындаған мәселелер бойынша ұлттық және ұлтүсті сегментінің өзгеруі туралы бірқатар мәліметтер келтірген еді. КО-ның Кеден кодексінде 330 сілтеме норма қамтылған еді, олардың 5/2 – салықтық, валюталық, әкімшілік, азаматтық және заңи нормалардың басқа да салаларына жасалған сілтеме нормалар. Мұндай сілтеме нормалар жаңа Кодексте де қалды. Ал кедендік реттеуге байланысты сілтеме нормалар (олардың саны КО-ның Кеден кодексінде 211) түбегейлі қайта қаралды» [221].

ЕАЭО Кеден кодексінің мәтінінде ұлтүсті деңгейге берілген нормалар қатарына кеден өкілінің бірыңғай міндетін, тауарлардың шығарылған жері бойынша алдын ала шешім қабылдау тәртібін, толық емес немесе кезең-кезеңімен декларациялау тәрізді кедендік мағлұмдау түрлерін, сондай-ақ жиналмаған, бөлшектелген, жиынтықсыз немесе аяқталмаған күйде тасымалданатын тауарларды рәсімдеу ерекшеліктерін жатқызуға болады. Сонымен қатар, Кодекстің қабылдануына байланысты Комиссия құзыретіне жатқызылған мәселелердің саны едәуір көбейді. Атап айтқанда, ЕАЭО Кеден кодексі анықтамалар, тізілімдер мен ақпараттық жинақтарды қалыптастыруға қатысты құзыреттерді есепке алмағанда, Еуразиялық экономикалық комиссияның өкілеттіктерін белгілейтін 279 норманы қамтиды. Бұл нормалардың 96 нормасы – бұрыннан бар өкілеттіктерді, ал 183 норма – Комиссияның жаңа құзыреттерін бекітеді [221].

ЕАЭО Кеден Кодексінің [222] негізгі жаңалықтарына келетін болсақ, олар [223, 112 б.]:

1) электрондық кедендік декларациялауды қолдану басымдығы және жазбаша декларациялауды тек айрықша жағдайларда ғана қолдану – бұл қағаз технологиялардан толық бас тарту ретіндегі Кодекстің басты жаңалығы;

2) Кедендік декларацияны тіркеу мен тауарларды ішкі нарыққа жіберуге бойынша кедендік кеден органдарының ақпараттық жүйелерін қолдану арқылы, жүргізу мүмкіндігі – бұл процес дүние жүзінде санаулы мемлекеттерде ғана жүзеге асырылған абсолютті жаңалық;

3) Тауарлық және транзиттік декларацияда көрсетілуге тиіс мәліметтердің оңтайлануы – бұл маңызды түрде қысқартылмаған мәліметтер санының келешекте қысқартылу мүмкіндігі қарастырылған;

4) Кедендік декларацияны толтыруға негіз болған құжаттарды кеден органына көрсетпестен декларацияның өзін ғана беру мүмкіндігі - транзитті декларациялаудан бастап тауарды ішкі нарыққа жіберуге дейінгі барлық сатыларда декларациялаудың мәлімдеу қағидасына мүмкіндік қарастырылған;

5) Тауардың кеден аумағына әкелінуіне және әкетілуіне, сонымен қатар кедендік декларациялау мен тауарды ішкі нарыққа жіберуге байланысты кедендік операцияларды жүргізу кезінде «бір терезе» тетігінің қолданылуы, яғни құжаттарды бір рет ғана ұсыну қағидасының қалыптасуы. Бұл дегеніміз, қажетті ақпарат мемлекеттік органдардың мәліметтер базасында бар болса, онда кедендік бақылау кезінде ол ақпарат ұсынылмайды;

6) «Декларант» ұғымын қайта қарастыру арқылы декларациялануды оңайлатуға, сыртқы экономикалық мәміле түсінігін қолданудан бас тартуға, ЕАЭО резиденттері арасындағы мәмілелер бойынша кеден шекарасы арқылы өткізілетін тауарларды декларациялау бойынша проблемаларды шешуге қол жеткізілді;

7) Кедендік декларация тапсырылғанға дейін тауарларды ішкі нарыққа шығару мүмкіндіктерінің кеңейтілуі маңызды жаңалықтардың бірі болды. Енді бұл құқық тек уәкілетті экономикалық операторлардың тауарлары мен экспресс-жүктеріне ғана емес, сонымен қатар инвестициялық келісімшарттар мен экономикалық рәсімдер аясындағы жеткізілімдерге де қатысты қолданылады. Бұл өзгеріс әкелінетін тауарлардың шамамен 70% алдын ала декларациясыз пайдалануға мүмкіндік береді. Ал кедендік декларацияны тауарлар ішкі нарыққа шығарылғаннан кейін бір ай ішінде ұсынуға және кедендік төлемдерді пайызсыз кейінге қалдыруға жол ашады;

8) Импорттық кеден баждарын төлеу мерзімі бойынша шегерім беру мәселелері қайта қарастырылды. Ендігі жерде, егер қамтамасыз етілген жағдайда және кейіннен пайыздар төленетін болса, тауарларды ішкі нарыққа жібергеннен соң баждарды төлеу мерзімі барлық жағдайларда 30 күнге дейін шегерілуге мүмкіндік туғызылды. Пайызсыз шегерім жағдайларының тізімі Еуразиялық экономикалық комиссия шешімі арқылы қосымша кеңейтілуі мүмкін;

9) Алдын ала ақпарат беру және оны пайдалану тетіктері жаңғыртылып, жетілдірілді – енді кеден органдары ұсынылған ақпаратты бағалап қана қоймай, оны декларанттың өтініші бойынша тауардың келуі туралы хабарлама ретінде, сондай-ақ уақытша сақтау, транзит және декларациялау барысында құжат ретінде пайдалануға міндетті. Мұндай алдын ала хабарлау жүйесінің енгізілуі шекарадан жүктерді өткізу рәсімдерін жеделдетуге және жеңілдетуге мүмкіндік берді;

10) Алдын ала декларациялау тәсілдері нақты реттелінді - заңнаманың өзгеруі бұрын беріліп қойған декларация бойынша тауарды ішкі нарыққа жіберілу шарттарын өзгертпейді (жаңа тыйымдар мен шектеулерді есептемегенде). Егер жүк алдын ала декларацияланып қойған болса, кеден бажы ставкаларының өзгеруі бұрын төленген ставканы өзгерте алмайды;

11) Сыныптау шешімдерін қайта қарау мәселелері нақты түрде ретке келтірілді. Тауарларды сыныптау үшін берілген құжаттардың анық

ауыстырылғаны расталмаса, жаңа сыныптау шешімдерінің қабылдануы бұрынырақ берілген кодтар бойынша жаңа төлемдерге алып келмеуі тиіс. Енді Сыртқы экономикалық қызметтің тауарлық номенклатурасы кодтарының өзгертілуі қазіргідей кәсіпкерге айыппұл төлеу міндетін жүктемейді. Бұл болса талап-арыз берудің ескіру мерзімін қысқартпайды және кеден органдарының нақты назарын посткедендік бақылауға ауыстырады;

12) Уәкілетті экономикалық операторлар үшін берілетін артықшылықтар едәуір кеңейтілді – олардың жаңа жүйесі әртүрлі операторлар торабын қалыптастыруға жағдай жасайды: тасымалдаушылар, қойма иелері, брокерлер мен декларанттар. Бірінші санаттағы куәлікке ие уәкілетті тасымалдаушы кедендік транзит рәсімі барысында тауарларды еркін қозғалтуға және ең төменгі бақылаумен жұмыс істеуге мүмкіндік алады. Мұндай транзиттік оператор ЕАЭО кеңістігінде ресми түрде танылады. Сенімді тасымалдаушылар ЕАЭО шеңберінде транзитті тасымалдауды барынша жеңілдетілген тәртіппен және азайтылған кедендік бақылаумен жүзеге асыра алады;

13) Транзит кезіндегі бақылау жүргізу мерзімі қысқартылды. Егер тексеру, байқау, сараптау секілді т.б. кедендік процедуралар бойынша 10 күндік мерзімді құраса, транзит үшін бұл - 5 күндік мерзім деп белгіленіп отыр.

14) Мультимодальды тасымалдауларды тек бір ғана тасымал құжаты негізінде декларациялау мүмкіндігі енгізілді. Сыртқы экономикалық қызметке қатысушылар енді жолдағы барлық жүкке бірыңғай транзиттік декларация толтыра алады. Бұның негізгі талабы – жүктің жүктеу, қайта тиеу, көлік түрінің ауысуы секілді т.б. бүкіл жол бойындағы қозғалысы толық бақылануы тиіс, яғни осы процестерге жауап беретін бір ғана уәкілетті тұлғаның болуы шарт. Бұл жүйе «Қазақстан темір жолына» ұлттық оператор ретінде мультимодальды тасымалдауды бір келісімшарт және бір көлік құжаты арқылы жүзеге асыруға жол ашады;

15) Кеден өкілдерінің жауапкершілігі нақты реттелген. Егер кеден өкілі декларанттың берген құжаттарының жалғандығын байқамаса және байқауына мүмкіндік болмаса, онда декларант жауапқа тартылмайды және төлемдерді төлеу бойынша біріккен міндет оған жүктелмейді;

16) Арнайы экономикалық аймақтардағы қызметке бақылау қайта қарастырылды. Енгізілген өзгерістер Арнайы экономикалық аймақтар шеңберіндегі бақылау және әкімшілік ету мәселелерін, оның ішінде лгистикалық Арнайы экономикалық аймақтар (мысалы, «Қорғас - Шығыс қақпасы») мен «Қорғас» халықаралық шекаралық сауда орталығының айрықша экономикалық аймағындағы мәселелерді шешуге мүмкіндік береді;

17) Бажсыз сауда дүкендерінің қызметі кеңейтілді. Мұндай дүкендерді қазіргі уақыттағыдай тек елден шығу жерлерінде ғана емес, сонымен қатар елге кіру жерлерінде де ашуға мүмкіндік туындап отыр. Бажсыз сауда дүкендерінде ЕАЭО ішіндегі сауда рұқсат етіледі. Мысалы, Мәскеуге ұшып бара жатып, қазақстандық тұлға мұндай дүкеннен сауда жасай алады;

18) Кеден өкілдерінің (брокерлердің) қызметін қамтамасыз ету қаражатын қайта қарастыру. Бүгін брокерлер үшін мұндай қаражат - 1 млн. евро құрап отыр. Бұл соманың көлемін ЕАЭО шешімімен өзгерту мүмкіндігі енгізілді;

19) Шартты түрде ішкі нарыққа жіберілген тауарларға қатысты бақылау шараларын жеңілдету көзделіп отыр. Атап айтқанда, 2010 жылдың 1 шілдесіне дейін әкелінген, оның ішінде жер қойнауын пайдаланушылардың тауарлары да бар, жеңілдікпен жіберілген тауарларды кедендік бақылаудан шығару мүмкіндігі қарастырылған. Қазіргі уақытта мұндай тауарлар белгісіз мерзімге дейін кедендік бақылауда қалып отыр, бұл болса, мысалы, «ТеңізШевроОйл» немесе «Филип Моррис» сияқты компаниялардың аталған тауарларын бұрын берілген жеңілдіктер мен өсімпұлдарды есепке ала отырып сатуға, өңдеуге немесе қайта экспорттауға мүмкіндік бермейді. Сонымен қатар, ДСҰ тарифтері бойынша әкелінген тауарларды бес жылдан соң кедендік бақылаудан босату ұсынылуда.

ЕАЭО Кеден кодексі туралы шартқа қол қойылғаннан кейін Қазақстан аумағында жүзеге асыру үшін осы Шартты Парламент ратификациядан өткізді. Одан кейінгі келесі қадамдар – ҚР-ның жаңа Кеден кодексін қабылдау («Қазақстан Республикасындағы кедендік реттеу туралы» ҚР Кодексі 2017 жылғы 26 желтоқсанда қабылданып, күшіне 2018 жылдың 01 қаңтарынан бастап енді), ЕЭК-тың тиісті шешімдерін даярлау, ЕАЭО Кеден кодексінің сілтеме жасаған нормаларын іске асыруға бағытталған кедендік реттеу саласындағы Қазақстанның заңға бағынышты актілерін қабылдау.

ЕАЭО Кеден кодексі арқасында Одақтың сыртқы шекарасындағы кедендік ресімдеу біріздендіріліп, тауар тасымалдау шарттары айтарлықтай оңайлатылатын болды [224].

Ең соңғы сатыда ҚР Ұлттық экономика министрлігі мен ҚР Қаржы Министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті кәсіпкерлік қауымдастығына ЕАЭО Кеден кодексінің ережелерін түсіндіру жұмыстарын жүргізуі тиіс, соның ішінде аймақтарға барып түсіндіру жұмыстары да қарастырылған. Осы сатыдан кейін мемлекеттердің кеден құқығы саласындағы ұлттық заңнамалары біріздендіру және үйлестіру рәсімінен (процедурасынан) толығымен өтті деген қорытынды жасауға болады.

ЕАЭО-ның Кеден кодексін қабылдауға қатысты келесі мәліметтерді көрсетіп кеткеніміз дұрыс. Еуразиялық экономикалық комиссияның кедендік ынтымақтастық бойынша алқа мүшесі В. Гошиннің айтуынша, «Кеден одағы мен Біртұтас экономикалық кеңістіктің шарттық-құқықтық негізі 2009 жылғы Кеден кодексімен қатар шамамен 30 халықаралық келісімді қамтыды, олардың ішінде 9 келісім 2015 жылдың 1 қаңтарынан бастап өз күшін жойды. Сол жылы 16 халықаралық келісімнің ережелері қайта қаралып, жаңа Кеден кодексінің жобасына енгізілді. Ал кедендік құқықтық қатынастарды тікелей реттемейтін, тек кеден саласына жанама қатысы бар халықаралық келісімдер жеке құжаттар ретінде сақталып қалды. ЕАЭО жаңа Кеден кодексі қабылданар алдында осындай бес келісім болған. Аталған құжаттар арасында кеден қызметтерінің бірлескен алқасының қызметі, кеден органдары өкілдіктерінің жұмысы, жеке тұлғаларды әкімшілік немесе қылмыстық жауапкершілікке тарту тәртібі, сондай-

ақ ЕАЭО елдері кеден органдары арасындағы әкімшілік құқық бұзушылық және қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек пен өзара іс-қимыл мәселелерін реттейтін келісімдер бар» [205].

Жалпы алғанда, ЕурАзЭҚ Кеден кодексінің жобасын дайындау кезінде оның терминологиясы мен нормаларын ЕурАзЭҚ келісімінің ережелерінесәйкестендіруденбөлек, 16 халықаралық шарттың ережелерін орындау барысында Қоғамдастыққа мүше-мемлекеттер үшін өте маңызды келесі міндеттер шешілді:

- заманауи ақпараттық технологияларды қолдану арқылы кедендік әкімшілендіруді жетілдіру;
- кедендік реттеудің ұлттық сегментінің қысқаруы;
- кедендік мәселелер бойынша халықаралық келісімдердің нормалары мен ДСҰ-ның шеңберінде қабылданған мүше-мемлекеттердің міндеттемелерін, соның ішінде 2013 жылғы 11 желтоқсанда қабылданған «Сауданы жеңілдету туралы» Келісімді ескеру;
- Кеден одағының Кеден кодексіндегі кемшіліктерді жою [225].

ЕурАзЭҚ Кеден кодексінің жобасында көрініс тапқан кеден заңнамасындағы ең маңызды өзгерістерге келесілер жатады [205]:

- электрондық кедендік декларацияның басымдығы және ерекше жағдайларда жазбаша декларациялау нысанын қолдану;
- кеден органдарының ақпараттық жүйелері негізінде кедендік декларацияны тіркеуге және тауарларды шығаруға байланысты кедендік операцияларды автоматты түрде жүргізу мүмкіндігі;
- тауарлар мен транзиттік декларацияда көрсетілетін ақпаратты оңтайландыру;
- кеден органына оның негізінде толтырылған құжаттарды ұсынбастан кедендік декларацияны беру мүмкіндігі;
- тауарлардың кедендік аумаққа келуіне, тауарлардың осы аумақтан кетуіне, кедендік декларациялауға және тауарлардың шығарылуына байланысты кедендік операцияларды жүргізу кезінде «бір терезе» механизмін қолдану - тауарларды шығару уақытын қысқарту;
- егер кедендік рәсімнің мазмұнында оларды ЕурАзЭҚ кедендік аумағында немесе одан тыс жерлерде пайдалануға шектеулер қарастырылған болса, кедендік рәсімдерге орналастырылған тауарларды пайдалану шарттарын реттеу.

ЕурАзЭҚ Кеден кодексінің жобасында жаңа ережелер пайда болды, мысалы, кедендік бақылау кезінде тәуекелдерді басқару жүйесін қолдану; тауарлар шығарылғаннан кейін кедендік бақылау жүргізу; халықаралық көлік құралдарына қатысты кедендік операциялар; жеке тұлғалардың жеке пайдалануға арналған тауарлардың қозғалысы; уәкілетті экономикалық операторлардың қызметі [226, 18 б.]. Бұл ережелер жаңа Кеден кодексінің қабылданған мәтінінен өз көрінісін тапты.

29 мамыр 2014 жылы Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің «Сыртқы экономикалық қызметті реттеу жүйесіндегі «бірыңғай терезе» тетігін

дамытудың негізгі бағыттары туралы» №68 Шешімімен «бірыңғай терезе» жобасы бекітілді [227].

Автор өзінің алдыңғы еңбектерінде атап өткендей, «бұл құжатта «бірыңғай терезе» ретінде СЭҚ-ке қатысушылар мен СЭҚ-ты реттейтін мемлекеттік органдар арасындағы өзара әрекеттесу тетігі түсініледі. Бұл тетік арқылы СЭҚ-ке қатысушылар өздерінің құжаттарын стандартталған түрде бірыңғай өткізу арнасы арқылы бір-ақ рет қана тапсырады. Осылай табысталған құжаттарды кейін мүдделі мемлекеттік органдар мен өзге де ұйымдар СЭҚ-тің жүзеге асырылуына бақылау жүргізу кезінде өздерінің құзыреті шегінде пайдалана алады» [228, 47 б.].

Қарастырып отырған құжатта СЭҚ-ты реттеу жүйесіндегі «бірыңғай терезе» тетігін дамытудың төрт негізгі бағыты белгіленген [228, 47-48 бб.]:

1) «Ұлттық «бірыңғай терезе» тетіктерінің дамуы бойынша тәсілдерді жақындастыру» бағыты. Бұл бағыттың мақсаттары – мүше-елдердегі СЭҚ-қа байланысты мемлекеттік процедураларды біріздендіру және құжаттарды стандарттау. Аталған мақсаттарға жету үшін:

- біріншіден, БҰҰ Еуропалық экономикалық комиссиясының Ұсынымдарында белгіленген «бірыңғай терезе» тетігін дамыту және енгізу бойынша терминология мен басшылыққа алынатын қағидаларды қолдану;
- екіншіден, әрбір мүше-елде СЭҚ-қа қатысты мемлекеттік процедуралар мен технологияларды, сондай-ақ оларды жүзеге асыру тәртібін реттейтін заңнама актілерін талдаудан өткізу; үшіншіден, мемлекеттік процедуралар мен технологияларды, сондай-ақ оларды іске асыру тәртібін реттейтін заңнама актілерін талдау нәтижелерін ескере отырып, ұлттық «бірыңғай терезе» тетіктерінің дамуы бойынша тәсілдерді жақындастырудың бағыттарын анықтау керек;

2) «Ұлттық «бірыңғай терезе» тетіктерін дамыту» бағыты. Мүше-мемлекеттерде ДКҰ-ның тәжірибесі мен БҰҰ Еуропалық экономикалық комиссиясының Ұсынымдарын ескеру арқылы ұлттық «бірыңғай терезе» тетіктерін дамыту жұмысы жүргізілуде. Ұлттық тетіктерді дамыту мақсатында СЭҚ-ты реттейтін мемлекеттік органдардың, бизнес-қауымдастықтың және СЭҚ-қа қатысушылардың әрекеттері мен күш-қуатын жұмылдыру қажет. Ол үшін құжатта жүзеге асырылуға тиіс нақты іс-әрекеттердің тізімі белгіленген;

3) «СЭҚ-ты жүзеге асыру үшін қажетті электронды құжаттарды өзара тану» бағыты. Бұл бағытта да бірқатар іс-әрекеттер жасалуы тиіс, мысалы, СЭҚ-ты жүзеге асыру үшін қажетті электронды құжаттарға енгізілетін мәліметтер құрамын біріздендіру керек;

4) «Ақпараттық өзара әрекеттесуді ұйымдастыру» бағыты.

Көріп отырғанымыздай СЭҚ-ты реттеу жүйесіндегі «бірыңғай терезе» тетігін дамытудың негізгі бағытының әрбіреуі біріздендіру мен үйлестіруді талап етеді. Және «бірыңғай терезе» тетігі мен электронды декларациялау жобасы ЕАЭО-ның Кеден кодексіне енгізіліп өз орнын тапты. Бұл Кеден кодексі 2017 жылдың 11 сәуір күні қабылданып, 2018 жылдың 1-ші қаңтар күнінен бастап күшіне енді. Кодекс бүгінгі күнге дейін қолданылып келе жатыр.

ҚОРЫТЫНДЫ

ЕурАзЭҚ мүше-ммелекеттерінің заңнамаларын біріздендіру және үйлестіру мәселелеріне жүргізілген зерттеудің нәтижелері бойынша бірқатар қорытындылар жасауға болады.

Алға қойылған мақсатқа қол жеткізу үшін және тұжырымдалған міндеттерді шешу жолында біз ұлттық құқықтық жүйелерді жақындастыру ұғымы мен мемлекеттердің ұлттық заңнамаларын жақындастыру жолдарын анықтаудан бастап бірлестікке мүше-елдердің заңнамаларын үйлестіру мен біріздендірудің тұжырымдық негіздерін қарастырып шықтық. Елдердің ұлттық заңнамаларын жақындастырудың еуропалық тәжірибесіне және үйлестіру әдісі мен мемлекеттерден үстемділік қағидасы арақатынасына көп көңіл бөлінді.

Осы мәселелердің барлығы диссертацияның «Мемлекеттердің ұлттық заңнамаларын біріздендіру және үйлестірудің тұжырымдық негіздері» деп аталатын бірінші бөлімінде қарастырылып шықты. Жоғарыда аталған мәселелерді талдау нәтижелері бойынша заңнаманы «жақындастыру», «үйлестіру» және «біріздендіру» ұғымдарының арақатынасы белгіленді. Олардың барлығы құқықтық интеграцияның негізгі нысандары болып табылады деген қорытынды жасалды.

Біріншіден, заңнамаларды үйлестіру мен жақындастыру халықаралық деңгейдегі басым көпшілік жағдайларда ұқсайтын түсініктерді білдіретіні анықталды. Ол түрлі елдердің заңдары мен нормативтік құқықтық актілерін жақындатуға, олардың айырмашылықтарын азайтуға, тіпті оларды жоқ қылуға ұмтылған үдеріс;

Екіншіден, біріздендіру мен үйлестіру құқықты жақындатудың қос нысаны екенін жөнінде қорытынды жасалды. Бұл ретте, біріздендіру – әртүрлі елдердің ұлттық заңнамасында (құқығында) біртектес, бір-біріне ұқсас ережелерді орнату болса, құқықты үйлестіру – түрлі елдердің заңдары арасындағы айырмашылықтарды жою және азайту болып табылады.

Үшіншіден, мемлекеттер заңнамаларын жақындастырудағы Еуропа Одағының мол тәжірибесі ЕурАзЭҚ шегінде пайдаға аспады. Еуропа Одағындағы өңірлік интеграцияның басты қағидаоалының бірі – мемлекеттен үстемділік әрі интеграция құқығының тіке пайдаланылуы қағидалары – кеңінен қолданылған болса, ЕурАзЭҚ-та бұл қағидалар қолданыла алмады. Оның басты себебі - Еуразиялық экономикалық қоғамдастыққа қатысушы елдердің мемлекеттен үстемділік және интеграциялық құқықтың тікелей қолданылуы қағидаларын жүзеге асыруға дайын болмауы. Аталған екі қағида кейінірек – ЕАЭО шеңберінде ғана қолданыла басталды.

«Мемлекеттердің заңнамаларын біріздендіру және үйлестіру бойынша Еуразиялық экономикалық қоғамдастықтың тетіктері» деп аталатын диссертацияның екінші бөлімі шеңберінде ЕурАзЭҚ-тың мүше-мемлекеттерінің заңнамаларын біріздендіру және үйлестіру бойынша тетіктерге ден қойылды. Ең алдымен, біз ЕурАзЭҚ қалыптастуының жалпы мәселелері ұйымға мүше-

мемлекеттердің заңнамаларын жақындастыру тетіктері жағынан шолып шықтық.

Біз қарастырған жағынан мемлекеттердің заңнамаларын жақындастыруда ЕурАзЭҚ-тың Парламентаралық Ассамблеясы институтына басты көңіл бөлінді. Сол сияқты басты мәселелердің бірі ретінде ЕурАзЭҚ мүше-мемлекеттердің заңнамаларын біріздендіру және үйлестірудегі ЕурАзЭҚ актілерінің рөлі әрбір мүше-мемлекетке қатысты қарастырылды (Беларусь, Қазақстан, Қырғызстан, Ресей, Тәжікстан).

Диссертацияда жүргізілген талдау нәтижеделері бойынша бірқатар қорытындылар жасалды.

Біріншіден, Еуразиялық экономикалық қоғамдастықтың өзге интеграциялық бірлестіктерден үлкен айырмашылығы – ол, мүше болып табылатын елдердің ішкі заңдарын жақындатумен айналысатын арнайы органның болуы екені анықталды. Ол орган – ЕурАзЭҚ-тің Парламентаралық Ассамблеясы еді.

Парламенттер арасында халықаралық ынтымақтастықты іске асыратын органдар бұрын Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына, кейін Қоғамдастыққа қатысатын елдердің ішкі заңдарын үйлесімге келтіру әрі аталған бірлестіктер шегінде (мысалы, ЕурАзЭҚ-ның ПАА шеңберінде) қол қойылған келісімдерге сәйкестендіру ісімен халықаралық практика және құрылтайшы актілер негізінде айналысатыны белгілі болды.

Екіншіден, жүргізілген зерттеу көрсеткендей ЕурАзЭҚ мүше-мемлекеттерінің ұлттық заңнамаларын үйлестірудің (жақындастыру, біріздендірудің) заңи базасы ТМД шеңберінде қалыптаса бастағаны айқындалды. ТМД-ның Параламентаралық Ассамблеясы үлгілі (модельді) заңдар мен ұсынымдарды дайындауға заңнамаларды үйлестіру бойынша халықаралық тәжірибені қолдана отырып кірісіп кеткен еді. ЕурАзЭҚ-тың Парламентаралық Ассамблеясы Беларусь, Қазақстан, Қырғыз Республикасы мен Ресейдің 1996 жылғы 29 наурызындағы «Экономикалық және гуманитарлық салалардағы интеграцияны тереңдету туралы» Шартының негізінде әрекет еткен Парламентаралық комиссияның ізбасары (мирасқоры) болып табылады.

Парламентаралық Ассамблея жоғарғы заң шығарушы органдары арасындағы ынтымақтастықтың органы ретінде ішкі заңдарды үйлестіру бойынша пардаментаралық Комиссияның ішкі заңдардың қабылдануына іргетас болатын модельдік (үлгілі, типтік) жобаларды әзірлеу және әртүрлі салалық заңдарды үйлестірудегі ұсынымдар әзірлеу сияқты бағыттардағы жұмысын жалғастырып кетті.

Үшіншіден, ЕурАзЭҚ-тың мүше-мемлекеттері заңнамаларын жақындастыру тетігінің белгілі бір бөлігін бұл міндетті іске асыру тәсілдері құрады.

ЕурАзЭҚ-тың ПАА-сы ТМД-ның құқықтық өрісін пайдалана отырып, өзінің алдында тұрған міндеттерді келесі құралдар арқылы жүзеге асырған болатын:

- ұлттық заңнама актілерін қабылдауға негіз болатын модельдік (үлгілік) жобаларды әзірлеу;

- әртүрлі салалардағы заңнамаларды үйлестіру жөнінде ұсынымдар дайындау;

- құқықтық қатынастардың базалық салаларындағы заңнама негіздерін әзірлеу.

26.10.1999 ж. Кеден одағы мен Бірыңғай экономикалық кеңістікті қалыптастыруды құқықтық қамтамасыз ету туралы келісімге сәйкес және 18.06.2004 ж. ЕурАзЭҚ заңдары негіздерінің мәртебесі, оларды дайындау, қабылдау әрі жүзеге асыру тәртібі жөніндегі Келісім-шарт бойынша Қоғамдастыққа мүше болып табылатын елдердің ішкі заңдарын үйлесімге келтірудің 2 (екі) тәсілі қарастырылған болатын:

1) қол қойылған халықаралық келісімдер мен ЕурАзЭҚ жөніндегі келісім-шарттардың нормаларына сәйкес ішкі заңдарға түрлі өзгертілер және толықтырылымдар (түзетілімдер) киргізу,

2) мемлекеттердің парламенттерінің заңшығару процесінде Қоғамдастық ПАА-ның заңдық актілерін қолдану.

Парламентаралық Комитет құрылғаннан бастап (1996 ж.) Қоғамдастықтың ПАА-сы мен Бюро отырыстарында 200-дің үстінде әртүрлі актілер қабылданған еді. Солардың арасында қабылданған заңи актілердің, яғни үлгілі заңдардың (үлгілі жобалар) және тұжырымдамалар, ережелер, шешімдер сияқты негіз қалаушы актілер мен Ұсынымдардың саны 100-ге жақын болды. Осы аталған көптеген актілердің негізгі мақсаты әртүрлі заңи қарым-қатынастарында Қоғамдастыққа мүше болып табылатын елдердің заңдарын үйлесімге келтіру еді. Осы құжаттардың барлығын ЕурАзЭҚ-қа мүше-мемлекеттердің жоғары заң шығарушы органдары белсенді пайдаланып келді. Бірақ практика ПАА-ның заң шығарушы жұмысының жетілдірілуін талап етті, өйткені жекелеген модельдік заңдардың (мысалы, «Үшінші елдерден тауарлар импорты кезіндегі қорғау шаралары туралы» және «Үшінші елдерден тауарлар импорты кезіндегі арнайы қорғау, демпингке қарсы және өтемдік шаралар туралы» үлгі жоба) құқықтық реттеудің мәні бірдей болып шықты және күші жойылып үлгерген ресейлік аналогтарды қайталайтын болып шықты.

Мұндай жағдайларды болдырмау үшін әрі өз жұмысын мінсіз қамтамасыз ету үшін ЕурАзЭҚ Парламентаралық Ассамблеясы өзінің құқықтық актілеріне және ұлттық парламенттердің заң шығару қызметінде ЕурАзЭҚ ПАА-ның нормативтік-құқықтық актілерін қаншалықты пайдаланатынына мониторинг жүргізіп отырды. Құқықтық құжаттардың тұрақты мониторингі интеграциялық процестердің бүгінгі деңгейінің талаптарына жауап беретін нормативтік базаны қалыптастыруға ықпал ететіні сол кезде-ақ белгілі болды.

ЕурАзЭҚ (оның алдында ТМД да) Еуропа Одағының үлгісімен құрылған болатын, себебі Еуропа Одағы тұрақты істеп тұрған терең интеграцияның жалғыз үлгісі. Бірақ Еуропа Одағы - бұл мемлекеттің де, халықаралық ұйымның да белгілерін біріктіретін ерекше саяси жүйе. Мемлекет ретінде Еуропалық Одақтың қызметінде заңды және жеке тұлғалар үшін міндетті және тікелей

салдарлар туғызатын ұлттан үстем жоғары институттар бар. Сондықтан, Еуропалық Парламент басқалармен қатар тікелей актілерді - Регламенттерді қабылдауға өкілетті. Олар қандай-да бір ішкі имплементациялау актісіз және мемлекеттің оны қабылдауға жақтағаны немесе рұқсат бермейтініне қарамастан күшіне енеді. Күшіне енген сәттен бастап Регламент Европа Одаққа мүше-мемлекеттердің ұлттық құқықтық тәртібінің ажырамас бөлігіне айналады.

Төртіншіден, алғашқы мемлекеттен үстем жоғары орган ЕурАзЭҚ-те 2011 жылы пайда болғаны айқындалды. ЕурАзЭҚ-тың Парламентаралық Ассамблеясының шешімдеріне келсек - олар ұлттық заңнамаға имплементациялану жағдайында ғана міндетті болып табылатын еді.

Сонымен бірге, құқықтық жүйе көп қырлы құбылыс екенін ескеру қажет, және Қоғамдастыққа мүше-мемлекеттердің құқықтық жүйелерінің интеграциясын тек заңдарды үйлестіру арқылы ғана қамтамасыз ету мүмкін емес.

Құқық қорғау органдарын қалыптастырудың бірыңғай қағидаттарын әзірлеу, құқықтық білім берудің үйлесімді стандарттарын енгізу және ЕурАзЭҚ-қа мүше мемлекеттерде мемлекеттік билік пен қоғамдық өмірдің құқықтық аспектілеріне әсер ететін басқа да шараларды ұйымдастыру және техникалық шаралар қажет болған еді.

Бесіншіден, мүше-мемлекеттердің заңнамаларын біріздендіру және үйлестіру бойынша ЕурАзЭҚ тетігінің ажырамас бөлігі болып үйлестіру мен біріздендірудің мақсаты мен мәні, қағидалары мен іске асырылу сатылары табылатыны түйінделді.

Еуразиялық экономикалық қоғамдастықтың негізгі мақсаты – түрлі салалардағы (саясат, экономика, экология, мәдениет т.б.) ынтымақтастықты іске асыру екенін айтып кетейік. Бірыңғай экономикалық кеңістікті орнатудың нарықтық қағидаларына әрі үйлесімге келтірілген заңи ережелерді пайдалануға сүйенген экономиканы регламенттеудің ұқсас (біртиптес) механизмдері қызмет ететін, бірдей инфрақұрылымы бар әрі өндіріс факторларының (тауарлар, қызметтер, капиталдар, жұмыс күші) емін-еркін қозғалысын қамтитын келісімге келтірілген қаржылық (яғни, салықтық, ақшалы-кредиттік, валюталақ-қаржылық), сауда-саттық әрі кедендік саясаты жүргізілетін тараптардың аумақтарын біріктіруді көздейді. Бұл мақсат мүше мемлекеттердің ынтымақтастық пен интеграцияға күш-жігерінің жаһандық бағдары ретінде әрекет етеді. Оған қол жеткізу аса зор жұмысты талап етеді, өйткені Еуропалық Одақтың өзінде интеграцияның өткен жарты ғасырында құқықтық нормалардың гармонизациясын аяқтауға, салық және сауда саясатын толығымен келісімге келтірілуін қамтамасыз етуге, сондай-ақ қызметтердің, капиталдар мен жұмыс күшінің еркін қоныс аударуының барлық кедергілерін жоққа шығаруға мүмкін болмады.

Мемлекеттердің заңнамаларын үйлестіру процестерінің құқықтық негізі біріншіден, үйлестіру жөніндегі шаралар қатысушы мемлекеттер арасында жасалатын халықаралық келісімдермен белгіленген тәртіпте және шектерде

жүзеге асырылатынын айқындайды. Екіншіден, заңнамаларды үйлестіру процесі оларды жақындастыру мен біріздендіруден тұруы тиіс.

Бұл ұғымның кең мағынасында құқықты біріздендіру жекелеген мемлекеттердің құқықтарындағы ұқсас қатынастарды заң арқылы регламенттеудегі айырмашылықтарды жоқ қылу емес, құқтың бір типтес ережелерін әзірлеу, әлемдік ынтымақ бағытындағы барьерлерді жою табылады.

Үшіншісі, мемлекеттер құрылтайшы актілерден пайда болатын міндеттер мен міндеттемелерді іске асыруға қатысты заңдарды үйлесімге келтіру нысанасы ретінде айқындайды.

Мемлекетаралық Кеңестің 26.10.1999 ж. № 52 шешімі арқылы бекітілген Кеден одағы мен бірыңғай экономикалық кеңістік туралы шартқа қатысатын елдердің ішкі заңдық әрі басқа да заңи нормативті актілерін үйлесімге келтіру бағдарламасы бойынша, үйлестірудің мақсаты – қабылданған халықаралық келісімдердің нормаларына құқықтық түсіндірме беру жолымен әрі ішкі заңдық және басқа да заңи нормативті актілерге енгізілетін интеграцияны басқару органдары шешімдері арқылы Кеден одағы және бірыңғай экономикалық кеңістік туралы шарт шеңберінде құқықтық қатынастарды реттеудің бірыңғай (біріздендірілген) тәртібін белгілеу болып табылады.

Үйлестірудің негізгі қағидалары:

1) құқықтық реттеудің келісімділігі;

2) интеграцияны тереңдету мәселелері бойынша актілерді қабылдаудың үндестігі;

3) заңдық әрі басқа да заңи нормативті құжаттардың құқықтық мәні мен иерархиясы бойынша үйлесімге келтіру сатыларының бірізділігі;

4) халықаралық құқтың барлығымен танылған қағидаларының ішкі заңи актілерінен басымдығы.

Қатысатын елдердің ішкі заңдық әрі басқа да заңи нормативті актілерін үйлесімге келтіру саты-сатысымен іске асырылатыны айқындалды.

1-кезең: үйлестіруді талап ететін (1) заңнама салаларын; (2) заңнаманың жекелеген саласы шеңберінде салаларды; (3) заңнаманың жекелеген саласындағы құқықтық реттеудің проблемалық мәселелерін айқындау.

2-кезең: ұлттық заңнамалық және өзге де нормативтік құқықтық актілерге салыстырмалы-құқықтық талдау жүргізу, оларды үйлестіру жөніндегі ұсынымдарды кеңінен әзірлей отырып, олардың қабылданған халықаралық келісімдерге сәйкес келуін анықтау.

3-кезең: үйлесімге келтіруге жататын ішк заңдық әрі басқа да заңдық нормативті құжаттардың өзара уәделескен тізімдерін заңды пайдалану тәжірибесі және иерархиясындағы олардың заңнамалық маңызын есте ұстай отырып анықтау.

4-кезең: мемлекеттің тиісті басқару органдарының заңдық әрі басқа да нормативті құжаттарын ілестіріп отырып қабылдауы.

5-кезең: заңдық әрі басқа да заңдық нормативті құжаттарды үйлесімге келтіруге байланысты мәселелер бойынша интеграцияны басқару органдарының шешімдерінің іске асырылуын бақылау.

Ұлттық заңнамалық және өзге де нормативтік құқықтық актілерді үйлестіру тетігі мыналарды көздейді:

1) қолданыстағы ұлттық заңдық әрі басқа да заңдық нормативті құжаттарды халықаралық келісімдердің нормаларына әрі интеграцияны басқару органдарының актілеріне олардың құзыретіне сәйкестендіру;

2) үйлесімге келтіру керектігі пайда болған әлде пайда болуы мүмкін салаларда дайындалатын үлгілі заңдық әрі басқа да заңдық нормативті құжаттарды ішкі заң актілеріне енгізу;

3) халықаралық келісімдерді ішкі заңи жүйелерге кіргізу;

4) қабылданған халықаралық келісімдерді іске асыру мақсатында жаңа заңдық әрі басқа да заңдық нормативті құжаттарды қабылдау арқылы ішкі заңдардың заңи олқылықтарының орнын толтыру.

Алтыншыдан, ЕурАзЭҚ-тың үлгілі (модельді) заңнамасының кемшіліктері туралы қорытынды дәлелденді. Атап айтқанда, «Білім туралы» үлгілі заң мәтініндегі мектепке дейінгі білім беру жүйесі мен жалпы білім беру жүйесі арасындағы байланыстың белгісіздігі мемлекеттердің оны ұлттық заңнамаға енгізуден бас тартуына негіз болды. ЕурАзЭҚ-тың үлгілі актінің мәтіні мен РФ-ның зейнетақы заңнамасы мен саясаты арасындағы сәйкессіздік фактісі дәл осындай нәтижеге әкелді.

Кейбір үлгілі актілердің өзі мүше-елдердің заңи тәжірибесінің серпінді дамуына ілесе алмай (мысалы, Ресейдің банк заңнамасы), мүше мемлекеттердің заңнамалық тәжірибесінен артта қала бастады. Бұған ЕурАзЭҚ шеңберінде әзірленген үйлестіру және біріздендіру жүйесінің ерекшеліктері себеп болды, бұл кезде жекелеген мүше мемлекеттерге типтік жобаларды әзірлеуге рұқсат етілді, бұл Қоғамдастықтың біртұтас, біркелкі әрі үйлесімді заңи тәртібін орнатуда бірқатар проблемалар туғызар еді.

Диссертацияның үшінші бөлімі үш бөлімшеден тұрады. Ол «Біріздендіру мен үйлестіру бойынша ЕурАзЭҚ-тың соттық нысаны және ЕАЭО-ның пайда болуынан кейін мүше-мемлекеттер заңнамаларын жақытандастыру тәсілдерінің өзгеруі» деп аталады. Алғашқы 3.1 бөлімшесі «Мүше-мемлекеттердің заңнамаларын біріздендіру және үйлестіру бойынша Еуразиялық экономикалық қоғамдастықтың соттық нысаны» деп аталады және бұл бөлімшеде ЕурАзЭҚ Сотының құрылуы, құқықтық негізі және құзыреті (құзыретінің кеңеюі) көрсетілді. ЕурАзЭҚ-тың шарттық және өзге де ресми құжаттарына сүйене отырып Соттың ЕурАзЭҚ шеңберінде біріздендіру мен үйлестіруді қамтамасыз ететін орган болып табылатыны дәлелденді. Бұл жағынан ЕурАзЭҚ Соты Парламентаралық Ассамблеяның ұлттық заңнамаларды біріздендіру және үйлестіру қызметін толықтыратыны анықталды.

ЕурАзЭҚ Сотының қызметі бар-жоғы 3 жылға созылды – 2012 жылдың 1-ші қаңтарынан – 2015 жылдың 1-ші қаңтарына дейін. ЕурАзЭҚ Соты 3 жылдың ішінде 22 (жиырма екі) іс қараған екен. Сот бірқатар істерді қарастырудан бас тартты, тағы бірқатар істердегі шағымданушылардың талаптарын қанағаттандырмады.

Соттың практикасын қарастырып, басынан бастап аяғына дейін созылып, толық шешім шығарылған істердің мысалы ретінде біз екі іске шолу жасап шықтық, олар - «Южный Кузбасс» көмір компаниясының ЕурАзЭҚ Сотына берген талап қою арызына және «ОНП» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің КО Комиссиясының шешімін даулау туралы арызына қатысты істер болды.

Бұл екі іс бойынша шешім біріздендірудің жарқын көрінісі болды.

ЕурАзЭҚ Соты 3-жылдық қызметі барысында не прецедент, не құқықтық әдет-ғұрып қалыптастырып үлгерген жоқ. Оның себебі 3 жыл, әрине, тым қысқа мерзім болды. Сот ЕурАзЭҚ пен ЕАЭО құқығының дамуына үлкен үлесін қоса алмады. Дегенменен, мүше-елдердің заңнамаларын біріздендіру және үйлестіру бойынша Еура-зиялық экономикалық қоғамдастықтың соттық нысаны ЕурАзЭҚ Сотының үш жылдық қызметінде өзінің толық көрінісін тауып отыр.

Диссертацияның 3.2 бөлімшесі «Еуразиялық экономикалық одақтың қалыптасуына» арналды. Бұл бөлімшеде хронологиялық қағиданы басшылыққа ала отырып Одақтың қалыптасуына қатысты негізгі оқиғаларға қысқа сипаттама берілді. Бұрынғы КСРО кеңістігінде орын алған еуразиялық интеграция үрдісі кезеңдерге бөліп қарастырылды. Автор бұл процесті келесі кезеңдерге бөліп қарастырды:

- 1994-2000-шы жылдар - еуразиялық интеграцияның алғашқы кезеңі: интеграциялық бірлестіктің қалыптасу кезеңі;

- 2000-2011 жылдар - Еуразиялық экономикалық қоғамдастықты (ЕурАзЭҚ) құруға байланысты кезең;

- 2012 жылдан – бүгінгі күнге дейінгі уақыт - Евразиялық экономикалық одақтың (ЕАЭО) құрылуы және қызмет етуі.

Диссертацияның 3.3 бөлімшесі «Еуразиялық экономикалық одақтағы тіке қолданылатын актілердің басымдығы (ЕАЭО Кеден кодексі жобасын дайындау мысалы)» деп аталады және бұл бөлімшеде ЕАЭО Кеден кодексі жобасын жан-жақты талқыға түскендігі әрі бұл кезде бизнес пен мемлекет органдары өкілдерінің көзқарастары жиі-жиі қайшы келіп қалып отырды. Біздің пікірімізше, мұның түп-тамыры аталған субъектілердің басты мақсаттары әртүрлі болғандықта жатыр, мемлекет өкілдері көбінесе мемлекет бюджетін ұлғайтуды мақсат тұтса, кәсіпкерлер сауданың кедергісіз және тез жүріп отыруын көздеді. Мұның барлығы түбінде мемлекеттердің ұлттық заңнамаларын ЕАЭО-ның Кеден кодексін қабылдау арқылы жақындастыруға өз әсерін тигізгені күмән туғызбайды. Шыныменде, мүше-мемлекеттер ЕАЭО-ның ортақ Кеден кодексінің нормаларына өздерінің ұлттық кеден заңнамасын сәйкес келтіру арқылы біріздендіру мен үйлестіру мақсатына жетіп отырғандығы дау туғызбайды деп ойлаймыз.

ЕАЭО-ның жаңа Кеден кодексінің дайындалуына ЕурАзЭҚ пен ЕАЭО-ның құжат дайындау тарихында алғаш рет бизнес өкілдері қатысты. Мұны тарихи жағдай десе болады. Осымен бірге осыншама маңызды құжаттың дайындалуына бизнестің қатысуы бұл саладағы көптеген мәселелерді шешіп тастауға мүмкіндік берді. Әрине, шешімін таба алмаған мәселелер де аз болған жоқ, дегенмен, мұны позитивті құбылыс ретінде бағалау керек деп ойлаймыз.

Бірігіп жасалған істің қорытындысында, жаңа Кеден кодексі 465-баптан құралған ауқымды құжатқа айналды (9-бөлімге біріктірілген 61-тараудан тұратын құжат). Ал Кодексте белгіленген мәселелер бойынша ЕАЭО-ға қатысушы-мемлекеттердің кеден заңнамалары толығымен біріздендірілген немесе үйлестірілген деп сенімді түрде айтуға болады.

Сонымен бірге, ЕурАзЭҚ-ке қарағанда – ЕАЭО-да ортақ, бірыңғай құжаттың жобасын бір ғана мүше-мемлекетпен дайындалған жоқ, ол барлық мүше-мемлекеттермен дайындалды, өйткені құжатты дайындау бойынша жұмыс тобы ЕАЭО-ның мүше-мемлекеттеріне кезек-кезек барып отырды. Осы мысалдың өзінен-ақ аталған екі интеграциялық бірлестіктегі үйлестірілген және біріздендірілген құжаттарды дайындау процесінің түбегейлі айырмашылығын көруге болады.

Осылайша, жүргізілген зерттеу көрсетіп отырғандай ЕурАзЭҚ-те қолданылған мүше-мемлекеттердің заңнамаларын біріздендіру және үйлестіру тетіктері қазір ЕАЭО шеңберінде қолданылатын тетіктерден айтарлықтай ерекшеліктері мен айырмашылықтары бар.

Осымен қатар, мүше-мемлекеттердің заңнамаларын біріздендіру және үйлестіру саласындағы ЕурАзЭҚ тетіктері – келесі интеграциялық бірлестік, яғни ЕАЭО шегіндегі келесі, едәуір ілгерілетілген интеграция сатысына орын дайындағанын ескеру керек. Ал Еуразиялық экономикалық одақтың заңнамасын біріздендіру және үйлестіру тетіктеріне қатысты айтсақ, олар мемлекеттерден үстем болу және интеграциялық құқық нормаларының тікелей қолданылуы қағидалары бар Еуропа Одағының тетіктеріне ұқсас болып келеді. Алайда ол басқа зерттеу жүргізуді қажет етеді.

Белгіленген міндеттердің орындалу толықтығын бағалау. Осы диссертациялық зерттеудің шеңберінде қойылған барлық мақсаттарға толық көлемде қол жеткізілді. Ұлттық құқықтық жүйелерді жақындастырудың түсінігі айқындалып, ұлттық заңнамаларды жақындастырудың жолдары белгіленді, сондай-ақ мемлекеттердің ұлттық заңнамаларын жақындастырудың еуропалық тәжірибесі қарастырылды және үйлестіру тәсілі мен мемлекеттен үстемділік қағидасының арақатынасы анықталды.

ЕурАзЭҚ-тың қалыптасу тарихына шолу жасалды және ЕурАзЭҚ-қа мүше-мемлекеттердің заңнамаларын жақындастыру тетіктеріне жалпы сипаттама берілді. Заңнамаларды жақындастыру ісіндегі ЕурАзЭҚ Парламентаралық Ассамблеясының рөлі анықталып, мүше болып табылатын елдердің заңдарын біріздендіру әрі үйлесімге келтірудегі Қоғамдастық құжаттарының маңыздылығы талданды. Қоғамдастыққа мүше болып табылатын мемлекеттердің заңдарын біріздендіру әрі үйлесімге келтіру бойынша ЕурАзЭҚ-тың соттық нысаны зерттелді, ЕАЭО-ның қалыптасуына шолу жасалып, осы одақтағы тікелей қолданылатын актілердің басымдығы талдаудан өткізілді. Қол жеткізілген нәтижелер тұжырымдалған қорытындылардың ғылыми негізділігі мен ұсынылған шешімдердің маңыздылығын растайды.

Орындалған жұмыстың осы саладағы ең үздік жетістіктермен салыстырғанда ғылыми деңгейін бағалау. Орындалған жұмыстың ғылыми

деңгейі интеграция құқығы мен посткеңестік кеңістіктегі интеграция саласындағы қазіргі әлемдік зерттеулерге сәйкес келеді. Жүргізілген зерттеу құқықтық, саяси және тарихи талдауды ұштастыра отырып кешенді сипатқа ие деуге болады. Диссертация интеграцияға түсуші елдердің заңнамаларын біріздендіру және үйлестіру саласындағы үздік шетелдік практикаларды біріктіріп, оларды Қазақстанның құқықтық жүйесіне бейімдейді. Мұны отандық құқықтану ғылымының дамуына қосылған үлкен үлес деп бағалауға болады. Осы саладағы зерттеулерге қарағанда бұл еңбекте ЕурАзЭҚ шеңберіндегі біріздендіру мен үйлестірудің соттық нысаны неғұрлым терең зерттелген және ЕурАзЭҚ ұйымына мүше-мемлекеттердің ұлттық заңнамаларын үйлестірумен және бірегейлендірумен айналысатын арнайы органның, яғни Парламентаралық Ассамблеяның рөлі егжей-тегжейлі талдаудан өткізілген. Диссертацияда қолданылған әдістемелік тәсілдер әлемдік стандарттарға сай келеді, табысталған қорытындылар мен ұсынымдардың құқық шығару және құқықты қолдану қызметі үшін, сондай-ақ құқық тарихы саласы үшін маңыздылығы бар. Осылайша, диссертация аймақтық интеграцияға қатысушы елдердің заңнамаларын біріздендіру және үйлестіру тетіктері саласындағы өзекті мәселелерді шешуге және халықаралық құқықтың дамуына өзінің үлесін қосады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Президент Касым-Жомарт Токаев принял участие в заседании Высшего Евразийского экономического совета (19 мая 2020 года). – URL: https://www.akorda.kz/ru/events/international_community/foreign_other_events/president-kasym-zhomart-tokaev-prinyal-uchastie-v-zasedanii-vysshego-evraziiskogo-ekonomicheskogo-soveta

2. «Қазақстан Республикасының құқықтық саясатының 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2021 жылғы 15 қазандағы № 674 Жарлығы. – URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/ U2100000674

3. Жунисов Ж.С. Ұлттық құқықтық жүйелерді жақындастыру мәселелері // Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің хабаршысы. Халықаралық қатынастар және халықаралық құқық сериясы. – 2013. – № 3-4. – 122-126 бб.

4. Энтин М.Л. Современные императивы гармонизации законодательства и правовых систем // Российско-Европейский Центр Экономической Политики (РЭЦЭП). – М., 2005. – URL: https://www://recep.ru//%D0%9F%D1%80%D0%B8%D0%BB-%D0%A0%D0%B5%D1%.

5. Бахин С.В. Сотрудничество государств по сближению национальных правовых систем (унификация и гармонизация права). Дис... докт. юрид. наук:12.00.10. –Санкт-Петербург, 2003. – 292 с.

6. Марченко М.Н. Является ли судебная практика источником российского права // Журнал Российского права. – М., 2000. – № 12 (декабрь). – С. 303-307.

7. Магомедов С.К. Проблемы унификации терминологии в нормотворческой деятельности // Современное право. – 2002. – № 8. – С. 38-40.

8. Тевелева В.Н. Интеграция правовых систем как форма сотрудничества государств //Управление в социальных и экономических системах: материалы XVII межд. научно-практ. конф. (Минск, 2-6 июня 2008 г.). – Минск: МИУ, 2008.– С. 312-313.

9. Бачило И.Л. Проблемы гармонизации в законодательстве // Журнал российского права. – М., 2000. – № 8 (август). – С. 89-97.

10. Кудачкин А. Сближение и гармонизация законодательств: понятие и международно-правовая характеристика // Право и жизнь. – М., 2006. – № 99 (9). – С.1-10.

11. Международное частное право: Учебник / Под ред. Г.К. Дмитриевой. – М.: Проспект, 2000. – 656 с.

12. Павлова Н.Г. Курс лекций к сравнительному правоведению. Учебное пособие. – М., 2005. – 110 с.

13. Кашкин С.Ю. Стратегия и механизмы гармонизации законодательства России и Европейского Союза как ключевые компоненты их эффективного

взаиморазвития в XXI веке. Научное издание. – М.: Российско-Европейский Центр Экономической политики, 2005. – 243 с.

14. Кашкин С.Ю., Четвериков А.О., Калиниченко П.А. Право Европейского Союза. – М.: Проспект, 2011. – 274 с.

15. Жунисов Ж.С. Құқықтық гармонизация мен унификацияның арақатынасы // Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің хабаршысы. Халықаралық қатынастар және халықаралық құқық сериясы. – 2014. - № 2. – 379-384 бб.

16. Международное частное право: Учебник /Отв.ред. Г.К.Дмитриева. – 2-е изд., перераб. и доп. – М.: ТК Велби, Издательство Проспект, 2004. – 688 с.

17. Тихомиров Ю.А. Курс сравнительного правоведения. –М.: Издательство НОРМА, 1996. – 424 с.

18. Давид Р., Жоффре-Спинози К. Основные правовые системы современности: Пер. с фр. В.А. Туманова. – М.: Международные отношения, 1999. – 400 с.

19. Айдарбаев С.Ж. Интеграционные процессы на постсоветском пространстве в условиях глобализации мира: международно-правовые аспекты. Монография. – Алматы: Қазақ университеті, 2010. – 416 с.

20. Садиков О.Н. Дифференциация и унификация гражданского законодательства // Советское государство и право. – 1969. – № 12. – С. 38.

21. Поленина С.В., Гаврилов О.А., Колдаева Н.П., Лукьянова Е.Г. Воздействие глобализации на правовую систему России // Государство и право. – 2004. – № 3. – С. 3-30.

22. Юков М.К. Специализация норм гражданского процессуального права // Проблемы совершенствования советского законодательства // Труды ВНИИСЗ. Вып. 34. – М., 1986. – С. 114-126.

23. Мустакимов Ш.Р. Некоторые аспекты унификации и гармонизации законодательства в сфере интеллектуальной собственности / Вестник ТИСБИ. – 2007. – № 2. – URL: https://old.tisbi.ru/science/vestnik/2007/issue2/Low6.html

24. Вельяминов Г.М. Международное экономическое право и процесс. - М.: Волтерс Клувер, 2004. – 496 с.

25. Нурматов Т.А. Унификация законодательства государств-участников Договора Евразийского экономического союза: вопросы теории и практики. Дис. ...докт. юрид. наук: 12.00.01; 12.00.10. – Бишкек, 2024. – 340 с.

26. Айдарбаев С.Ж., Жунисов Ж.С. Мемлекеттер заңнамаларын жақындастырудың құралдары (әдістері): Еуропалық Одақ тәжірибесі // Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің хабаршысы. Халықаралық қатынастар және халықаралық құқық сериясы. – 2014. – № 1. – 114-119 бб.

27. Дейвис Г. Право внутреннего рынка Европейского Союза: Учебное пособие: Пер. с англ. – Киев: Знання-Прес, 2004. – 422 с.

28. Директива Европейского Парламента и Совета 2008/48/ЕС от 23 апреля 2008 о кредитных договорах для потребителей и отмен директивы Совета 87/102/ЕЕС. Материалы для адвокатов, 2009-04-20. – URL: https://www.selat.ru/story.php?story=610

29. Директива № 2 Совета Европы от 22 июня 1988 г. о координации законодательных, нормативных и административных актов в отношении прямого страхования, иного, чем страхование жизни, о положениях, направленных на упрощение фактического осуществления свободы оказания услуг, и об изменении Директивы 73/239/EEC (88/357/EEC). – URL: http://www.znay.ru/law/eec/eec88-357.shtml

30. Хартли Т.К. Основы права Европейского сообщества: Пер. с англ. – М.: Закон и право, ЮНИТИ, 1998. – 703 с.

31. Директива № 2 77/91/ЕЭС Совета от 13 декабря 1976 г. о координации гарантий, которые требуются в государствах-членах от хозяйственных обществ в значении второго абзаца статьи 58 Договора для защиты интересов их участников и третьих лиц, с целью сделать эти гарантии эквивалентными применительно к учреждению акционерных обществ, а также поддержанию и изменениям их капитала. – URL: https://eulaw.edu.ru/documents/ legislation/corporate/second.htm

32. Bertrand Crettez, Regis Deloche. On the unification of legal rules in the European Union // Eeuropean journal of law and economics, may 2006, volume 21, issue 3, – P. 203-214.

33. Топорнин Б.Н. Европейские сообщества: право и институты. Динамика развития. – М.: Изд-во ИГиП РАН, 1992. – 183 с.

34. Европейское право: Учеб. для вузов / Рук. авт. кол. и отв. ред. Л.М. Энтин. – М.: НОРМА-ИНФРА, 2000. – 705 с.

35. Фадеева Т.М.: По мнению некоторых европейских ученых, через 10 лет 80% регулирования экономической жизни (даже налогообложения и регулирования в социальной сфере) будет осуществляться через европейские источники. // Модель Европейского Союза и проблемы современного федерализма. – URL: https://cyberleninka.ru/search?q=%D0%A4%D0%B0%D0%B4%D0%B5%D0%B5%D0%B2%D0%B0%20%D0%A2.%D0%9C.&page=1

36. Доронина Н.Г. Гармонизация права как альтернатива наднациональности в правовом регулировании экономических отношений // Журнал российского права. – 2013. – № 10. – С.134-138.

37. Supranational Corporate Forms in the European Union: Prolegomena to a Theory on Supranational Forms of Association // Common Market Law Review. Vol. 47. 2010. –P. 1671-1717.

38. Пакерман Г.А. Унификация правового регулирования иностранных инвестиций в странах Содружества Независимых Государств – М.; Эксмо, 2009. – 398 с.

39. Сафиуллин Д.Н., Пронина М.Г. Правовые вопросы инвестиционного сотрудничества стран Содружества Независимых Государств // Вестник Высшего Арбитражного суда РФ. – 1997. – № 6. –С. 10-15.

40. Салагин О.Н. О защите прав инвестора // Право и экономика. – 1997. – №11-12.

41. Модельный закон об иностранных инвестициях был одобрен постановлением Межпарламентской ассамблеи государств-участников СНГ от

23 мая 1993 г. в форме рекомендательного законодательного акта «Об иностранных инвестициях». – URL: http://www.parliament.am/library/modelayin%20orenqner/192.pdf

42. Протокол Консультативного совещания председателей Верховных советов (парламентов) СНГ от 27 марта 1992 г. «О подготовке рекомендательных законодательных актов (модельных) государств — участников Содружества Независимых Государств». – URL: https://base.garant.ru/1118397/

43. Маковский А.Л. Вопросы теории международно-договорной унификации права и состав международного частного права // Материалы секции права. Торгово-промышленная палата СССР. Вып. 34. – М., 1983. – 276 с.

44. Вольф М. Международное частное право. – М., 1948. – 703 с.

45. Бардина М.П., Вилкова Н.Г., Земляченко Я.В. и др. Международные инвестиционные споры. Учеб. пособие. – М., 2010. – 176 с.

46. Рафалюк Е.Е. Решения судов интеграционных объединений Латинской Америки как форма унификации международного частного права. Дис. ... канд. юрид. наук: 12.00.03. – М., 2010. – 194 с.

